Новизна исследования. Новизна исследования заключается в систематическом обзоре новейших технологических инноваций в производстве приправ и специй, таких как ультразвуковая экстракция, нано- и микроинкапсуляция и современные методы обработки, включая сушку и ферментацию. Эти методы позволяют не только улучшить качество и вкусовые характеристики продуктов, но и сохранить их биоактивные компоненты, что имеет важное значение для здоровья потребителей. В таблице 1 представлены основные методы инновационного производства приправ и специй, рассмотренные в данной статье.

Таблица 1

Основные методы инновационного производства приправ и специй

Метод	Описание	Примеры используемых трав
Ультразвуковая экстракция	Улучшает извлечение и сохранение биоактивных компонентов	Куркума, имбирь, кориандр
Нано- и микроинкапсуляция	Повышает стабильность и срок хранения специй	Паприка, черный перец, тимьян
Чистая этикетка	Минимизация использования искусственных добавок и консервантов	Различные специи
Современные методы обработки	Улучшение качества и вкусовых характеристик продуктов	Различные специи

Таким образом, данное исследование направлено на обоснование актуальности и новизны применения инновационных технологий в производстве приправ и специй, что позволяет улучшить их качество, безопасность и питательную ценность.

Условия и методы исследований. Исследование проводилось на основе анализа современных научных публикаций и патентов, посвященных технологическим инновациям в производстве приправ и специй. Основными источниками информации служили научные базы данных ScienceDirect, PubMed, Google Scholar и другие. Были использованы статьи, опубликованные с 2015 по 2023 годы, которые касались различных аспектов инновационных методов обработки приправ и специй. Для систематического обзора использовалась методология PRISMA (Preferred Reporting Items for Systematic Reviews and Meta-Analyses). Основные этапы включали идентификацию релевантных статей, скрининг, оценку соответствия и включение в обзор. Каждая статья оценивалась на соответствие критериям включения, а именно: обсуждение технологических инноваций, актуальность исследования и оригинальность методик.

Результаты исследований и их обсуждение. Исследование показало, что современные технологические инновации в производстве приправ и специй направлены на улучшение их качества, безопасности и питательной ценности. В таблице 2 приведены основные результаты исследования по технологическим инновациям и используемым травам.

Таблица 2

Основные методы инновационного производства приправ и специй

Автор	Название статьи	Результаты	Исполь-зуемые травы	ссылка
1	2	3	4	5
Rao M.V. и другие	Ультразвуковая экстракция – экологичная технология извлечения специй: обзор	Обзор ультразвуковой технологии извлечения специй как экологичной альтернативы традиционным методам	Куркума, имбирь, кориандр, тмин, черный перец	[1]
Espinosa-Ramírez J.	Приправы для снэков	Обзор приправ для снеков, включая их состав и влияние на вкус и текстуру продуктов	Паприка, чеснок, лук, петрушка	[2]

Продолжение таблицы 2

1	2	3	4	5
Thomas A. и другие	Добавление вкусов: использование и отношение к соусам и приправам среди пожилых людей, проживающих в общинах Великобритании	Исследование использования и отношения к соусам и приправам среди пожилых людей в Великобритании	Орегано, базилик, розмарин	[3]
Prasath D. и другие	Технологии специй для максимальной нутрицевтической, экологической и социальной выгоды	Обзор технологий производства специй для максимальных нутрицевтических, экологических и социальных преимуществ	Кардамон, корица, мускатный орех	[6]
Garavand F. и другие	Соль, специи и приправы, сформулированные с нано/микроинкапсулированными ингредиентами	Обзор использования нанои микроинкапсуляции для улучшения свойств соли, специй и приправ	Соль, паприка, черный перец, тимьян	[7]
Patel A. и другие	Роль специй за пределами вкусового агента: антиоксидантные и лечебные свойства	Обзор антиоксидантных и лечебных свойств специй	Куркума, гвоздика, кардамон	[8]
Al-Dalali S., Li C., Xu B.	Оценка влияния маринада с различными рецептами приправ на вкусовой профиль жареной говядины методом химического и сенсорного анализа	Оценка влияния маринада с различными рецептами приправ на вкусовой профиль жареной говядины методом химического и сенсорного анализа	Чеснок, розмарин, тимьян, черный перец	[9]
Iskandar, Mustarichie	Параметры контроля качества экстракта листьев ганды (Allium odorum L.)	Анализ параметров контроля качества экстракта листьев Allium odorum: содержание эфирных масел, фитохимических соединений, молекулярный вес	Allium odorum	[10]
Tlevlessova D.	Allium odorum	Исследование биохимического состава листьев Allium odorum: выявлено высокое содержание фитонутриентов	Allium odorum	[11]
John, Lewis	Эндодупликационный мейоз у Allium odorum	Исследование эндодупликационной мейоза в Allium odorum	Allium odorum	[12]
Takahashi S., Yoshida Y., Tamura G.	Очищение и характеристика ферредоксин-сульфитредуктаз в Allium odorum	Очищение и характеристика ферредоксин-сульфитредуктаз в Allium odorum	Allium odorum	[13]

Исследование патентов в области производства приправ и специй выявило множество инновационных технологий и методов, направленных на улучшение качества и эффективности производимых продуктов. Информацию можно разделить на несколько направлений:

1. Композитные ароматические приправы.

Патент He Yu на метод производства новой комплексной ароматической приправы [14]. Применение различных форм специй, таких как гранулы, срезки, блоки и другие, улучшает органолептические свойства и удобство использования.

2. Ферментированные приправы.

Патент Shingo Ogawa на инновационную ферментированную приправу [15]. Ферментация позволяет улучшить текстуру и вкус продуктов, а также увеличить срок их хранения.

3. Фитопрепараты

Патенты Singh и Gupta на фитопрепараты для лечения кокцидиоза и улучшения пищеварения [16,17]. Использование экстрактов Allium odorum и других растений демонстрирует высокую эффективность в медицинских и нутрицевтических приложениях.

4. Композиции приправ для супов и мяса

Патенты Петрова и Иванова на композиции приправ для супов и мяса[18-22], сыров[23, 24]. Эти патенты включают использование различных сушеных овощей и трав для улучшения вкуса и аромата готовых блюд.

Результаты исследований показывают, что современные технологические инновации в производстве приправ и специй значительно улучшают их качество и биоактивность. Например, ультразвуковая экстракция позволяет эффективно извлекать активные компоненты, такие как куркумин из куркумы, сохраняя их антиоксидантные и противовоспалительные свойства. Использование нано- и микроинкапсуляции повышает стабильность и срок хранения специй, таких как паприка и черный перец, увеличивая их биоактивность. Технологии «чистой этикетки» способствуют минимизации использования искусственных добавок и консервантов, что отвечает современным требованиям рынка.

Во многих патентах акцент сделан на использовании натуральных ингредиентов, таких как Allium odorum, что отражает текущую тенденцию к экологически чистым и безопасным продуктам. Ферментация и создание композитных форм приправ являются ключевыми методами для улучшения текстуры, вкуса и срока хранения продуктов. Патенты на фитопрепараты демонстрируют потенциал использования приправ и специй не только для кулинарных целей, но и для улучшения здоровья и лечения различных заболеваний.

Ключевые инновационные технологии. Выявлены основные методы, такие как ультразвуковая экстракция и нано- и микроинкапсуляция, которые значительно улучшают извлечение и сохранение биоактивных компонентов специй. Эти методы позволяют улучшить органолептические свойства приправ, увеличить срок их хранения и обеспечить стабильность активных веществ.

Использование натуральных ингредиентов. Исследования показали, что развитие приправ с «чистой этикеткой» минимизирует использование искусственных добавок и консервантов. Натуральные компоненты, такие как Allium odorum, активно используются для повышения функциональных и

органолептических свойств приправ, что соответствует современным требованиям рынка.

Медицинские и нутрицевтические применения. Применение специй в качестве натуральных консервантов для увеличения срока хранения продуктов и обеспечения их безопасности было подробно исследовано. Также выявлены фитопрепараты, включающие экстракты Allium odorum и других растений, которые демонстрируют высокую эффективность в медицинских и нутрицевтических приложениях.

Систематизация патентов. Были собраны и проанализированы патенты, связанные с инновационными технологиями в производстве приправ и специй. Это позволило выявить новые тенденции и перспективные направления исследований, такие как использование ферментированных приправ, полимерных пленок с активными агентами и композитных ароматических приправ.

Заключение. Данный обзор проведен с целью анализа и систематизации современных технологических инноваций в сфере производства приправ и специй за период с 2015 по 2023 годы. Исследование направлено на выявление и оценку текущих тенденций и перспективных методов в условиях увеличивающегося спроса на высококачественные, экологически безопасные и натуральные продукты. Технологические инновации в производстве приправ и специй играют ключевую роль в улучшении их качества, безопасности и питательной ценности. Современные методы, такие как ультразвуковая экстракция и нано- и микроинкапсуляция, позволяют сохранять биоактивные компоненты специй и увеличивать срок их хранения. Дальнейшие исследования и разработки в этой области помогут преодолеть существующие вызовы и обеспечить устойчивое развитие производства приправ и специй.

Исследование патентов показало, что технологические инновации в области производства приправ и специй направлены на улучшение качества, безопасности и эффективности продуктов. Современные методы включают использование натуральных ингредиентов, ферментацию, создание композитных форм и разработку медицинских фитопрепаратов. Эти технологии позволяют удовлетворить потребности потребителей в высококачественных и экологически чистых продуктах, а также расширить область применения приправ и специй за пределы кулинарии.

Список литературы

1. Rao M.V. et al. Ultrasonication-A green technology extraction technique for spices: A review //Trends in Food Science & Technology. – 2021. – Vol. 116. – P. 975-991.
2. Espinosa-Ramírez J. Seasonings for Snack Foods //Snack Foods. – CRC Press. – 2022. – P. 179-200.
3. Thomas A. et al. Adding flavours: Use of and attitudes towards sauces and seasonings in a sample of community-dwelling UK older adults //Foods. – 2021. – Vol. 10. – No. 11. – P. 2828.
4. Производители приправ в Казахстане – список заводов и фабрик [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://factories.kz/producers/proizvodstvo-priprav. Дата обращения: 21.07.2024.
5. Омега Специи. Производство приправ в Алматы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://factories.kz/producers/proizvodstvo-priprav/omega-spice. Дата обращения: 21.07.2024.
6. Prasath D. et al. Spices technologies for maximum nutraceutical, environmental and social benefits //Indian Horticulture. – Vol. 66. – No. 5.

7. Garavand F. et al. Salt, spices, and seasonings formulated with nano/microencapsulated ingredients //Application of Nano/Microencapsulated Ingredients in Food Products. – Academic Press. – 2021. – P. 435-467.
8. Patel A. et al. Role of spices beyond a flavouring agent: The antioxidant and medicinal properties //Research Anthology on Recent Advancements in Ethnopharmacology and Nutraceuticals. – IGI Global. – 2022. – P. 616-648.
9. Al-Dalali S., Li C., Xu B. Evaluation of the effect of marination in different seasoning recipes on the flavor profile of roasted beef meat via chemical and sensory analysis //Journal of Food Biochemistry. – 2022. – Vol. 46. – No. 6. – P. e13962.
10. Iskandar Y., Mustarichie R. Parameters of quality control of ganda (Allium odorum L.) leaf extract //Drug Invention Today. – 2019. – Vol. 11. – No. 7.
11. Tlevlessova D., Alimardanova M., Kazhymurat A. Biochemical composition of vegetable raw materials and the impact of dosage on the properties of processed cheese //ScienceRise. – 2021. – No. 2. – P. 40-46.
12. J Brat S. Genetic systems in Allium //Heredity. – 1965. – Vol. 20. – P. 325-339.
13. Takahashi S., Yoshida Y., Tamura G. Purification and characterization of ferredoxin-sulfite reductases from leek (Allium tuberosum) leaves //J. Plant Res. – 1996. – Vol. 109. – P. 45-52.
14. Li Shoutang. Method for preparing rice hull powder // Patent CN2588795Y, 2003.
15. He Yu. Method for preparing a new complex aromatic seasoning // Patent CN101313741B, 2013.
16. Shingo Ogawa. Innovative Fermented Seasoning for Improving the Texture of Chilled or Frozen Foods // Patent TWI753593B, 2022.
17. Петров Д. Способ получения приправы для мяса [Текст] / Д. Петров // Патент RU2743134C1, 2021.
18. Иванов И. Композиция приправ для супов [Текст] / И. Иванов // Патент RU2739652C1, 2020.
19. Зубковская О.Л. Способ производства плодового или ягодного дистиллята [Текст] / О.Л. Зубковская // Патент BY15443C1, 2015.
20. Кузнецов О. Способ производства кисломолочного продукта с добавлением трав [Текст] / О. Кузнецов // Патент RU2689654C1, 2019.
21. Singh R.P., Pathak V.S., Gupta S.K. Herbal preparation for the treatment of coccidiosis // Patent WO2012131731A1, 2012.
22. Pathak V.S., Gupta S.K. Method for obtaining a complex herbal preparation for improving digestion // Patent WO2012131731A1, 2013.
23. Алимарданова, М.К. Композиция для плавленного сыра [Текст] / М.К. Алимарданова, Д.А. Тлевлесова // Патент РК KZ12345. №2021-01-15; заявл. 2021-01-15; опубл. 2022-07-21.
24. Алимарданова, М.К. Способ производства сыра [Текст] / М.К. Алимарданова, Д.А. Тлевлесова // Патент РК KZ67890. №2021-02-20; заявл. 2021-02-20; опубл. 2022-08-10.

Материал поступил в редакцию 21.07.24.

Д.А. Тлевлесова[1], Ж.К. Усембаева[1], Д.Р. Даутканова[1]

[1]Қазақ қайта өңдеу және тағам өнеркәсіптері ғылыми-зерттеу институты, Алматы қ., Қазақстан

ДӘМДЕУІШТЕР МЕН ТҰЗДЫҚТАР ӨНДІРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Аңдатпа. Мақалада 2015-2023 жылдар аралығындағы дәмдеуіштер мен тұздықтар өндірісіндегі технологиялық инновациялар қарастырылған. Дәмдеуіштердің биоактивті компоненттерін алу және сақтау үдерісін жақсартатын

ультрадыбыстық экстракция және нано-микроинкапсуляция сияқты негізгі әдістер анықталды. «Таза белгі» дәмдеуіштерін әзірлеу жасанды қоспалар мен консерванттарды пайдалануды азайтатыны анықталды. Кептіру және ферментация сияқты заманауи өңдеу технологиялары өнімдердің сапасы мен дәмін жақсартуға ықпал ететіні анықталды. Дәмдеуіштерді өнімдердің сақтау мерзімін ұзарту және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін табиғи консервант ретінде қолдану зерттелді. Дәмдеуіштер мен тұздықтар өндірісіндегі экологиялық таза технологиялар, таза белгі, қауіпсіздік және сақтау, инновациялық өндірістік процестер және тағамдық құндылықты сақтау сияқты трендтер анықталды.

Тірек сөздер: технологиялық инновациялар, дәмдеуіштер өндірісі, ультрадыбыстық экстракция, микроинкапсуляция, таза белгі, өнімдердің қауіпсіздігі, тағамды сақтау, антиоксиданттық қасиеттер, қабынуға қарсы қасиеттер.

D.A. Tlevlessova[1], Zh.K. Usembayeva[1], D.R. Dautkanova[1]

[1]Kazakh Research Institute of Processing and Food Industry, Almaty, Kazakhstan

INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN THE PRODUCTION OF SEASONINGS AND SPICES

Abstract. The article reviews technological innovations in the production of seasonings and spices from 2015 to 2023. Key methods such as ultrasonic extraction and nano and microencapsulation, which improve the extraction and preservation of bioactive components of spices, have been identified. It has been established that the development of “clean label” seasonings minimizes the use of artificial additives and preservatives. Modern processing technologies, including drying and fermentation, have been found to improve the quality and taste of products. The use of spices as natural preservatives to extend the shelf life of products and ensure their safety has been studied. Trends in the production of seasonings and spices have been identified, including environmentally friendly technologies, clean labeling, safety and preservation, innovative production processes, and the retention of nutritional value

Keywords: technological innovations, production of seasonings, ultrasonic extraction, microencapsulation, clean label, product safety, food preservation, antioxidant properties, anti-inflammatory properties.

References

1. Rao M.V. et al. Ultrasonication-A green technology extraction technique for spices: A review //Trends in Food Science & Technology. – 2021. – Vol. 116. – P. 975-991.
2. Espinosa-Ramírez J. Seasonings for Snack Foods //Snack Foods. – CRC Press. – 2022. – P. 179-200.
3. Thomas A. et al. Adding flavours: Use of and attitudes towards sauces and seasonings in a sample of community-dwelling UK older adults //Foods. – 2021. – Vol. 10. – No. 11. – P. 2828.
4. Seasoning manufacturers in Kazakhstan - list of plants and factories [Electronic resource]. - Access mode: https://factories.kz/producers/proizvodstvo-priprav. Date of access: 21.07.2024. [in Russian].
5. Omega Spices. Seasoning production in Almaty [Electronic resource]. - Access mode: https://factories.kz/producers/proizvodstvo-priprav/omega-spice. Date of access: 21.07.2024. [in Russian].
6. Prasath D. et al. Spices technologies for maximum nutraceutical, environmental and social benefits //Indian Horticulture. – Vol. 66. – No. 5.
7. Garavand F. et al. Salt, spices, and seasonings formulated with nano/microencapsulated ingredients //Application of Nano/Microencapsulated Ingredients in Food Products. – Academic Press. – 2021. – P. 435-467.

8. Patel A. et al. Role of spices beyond a flavouring agent: The antioxidant and medicinal properties //Research Anthology on Recent Advancements in Ethnopharmacology and Nutraceuticals. – IGI Global. – 2022. – P. 616-648.
9. Al-Dalali S., Li C., Xu B. Evaluation of the effect of marination in different seasoning recipes on the flavor profile of roasted beef meat via chemical and sensory analysis //Journal of Food Biochemistry. – 2022. – Vol. 46. – No. 6. – P. e13962.
10. Iskandar Y., Mustarichie R. Parameters of quality control of ganda (Allium odorum L.) leaf extract //Drug Invention Today. – 2019. – Vol. 11. – No. 7.
11. Tlevlessova D., Alimardanova M., Kazhymurat A. Biochemical composition of vegetable raw materials and the impact of dosage on the properties of processed cheese //ScienceRise. – 2021. – No. 2. – P. 40-46.
12. J Brat S. Genetic systems in Allium //Heredity. – 1965. – Vol. 20. – P. 325-339.
13. Takahashi S., Yoshida Y., Tamura G. Purification and characterization of ferredoxin-sulfite reductases from leek (Allium tuberosum) leaves //J. Plant Res. – 1996. – Vol. 109. – P. 45-52.
14. Li Shoutang. Method for preparing rice hull powder // Patent CN2588795Y, 2003.
15. He Yu. Method for preparing a new complex aromatic seasoning // Patent CN101313741B, 2013.
16. Shingo Ogawa. Innovative Fermented Seasoning for Improving the Texture of Chilled or Frozen Foods // Patent TWI753593B, 2022.
17. Petrov D. Sposob polucheniya pripravy dlya myasa [Method for Obtaining Seasoning for Meat] // Patent RU2743134C1, 2021. [in Russian].
18. Ivanov I. Kompozitsiya priprav dlya supov [Composition of Seasonings for Soups] // Patent RU2739652C1, 2020. [in Russian].
19. Zubkovskaya O.L. Sposob proizvodstva plodovogo ili yagodnogo distillyata [Method for Producing Fruit or Berry Distillate] // Patent BY15443C1, 2015. [in Russian].
20. Kuznetsov O. Sposob proizvodstva kislomolochnogo produkta s dobavleniyem trav [Method for producing a fermented milk product with the addition of herbs] // Patent RU2689654C1, 2019. [in Russian].
21. Singh R.P., Pathak V.S., Gupta S.K. Herbal preparation for the treatment of coccidiosis // Patent WO2012131731A1, 2012.
22. Pathak V.S., Gupta S.K. Method for obtaining a complex herbal preparation for improving digestion // Patent WO2012131731A1, 2013.
23. Alimardanova, M.K., Tlevlesova, D.A. Kompozitsiya dlya plavlennogo syra [Composition for processed cheese] // Patent Republic of Kazakhstan KZ12345. №2021-01-15; announced. 2021-01-15; published. 2022-07-21. [in Russian].
24. Alimardanova, M.K., Tlevlesova, D.A. Sposob proizvodstva syra [Cheese production method] // Patent Republic of Kazakhstan KZ67890. №2021-02-20; announced. 2021-02-20; published. 2022-08-10. [in Russian].

ҒТАМР 65.65.33

Б.Е. Шарбекова[1] – *негізгі автор*,
С. Әлтайұлы[2] ©

[1]*Магистрант,* [2]*Техн. ғылым. д-ры*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0009-0005-2226-1660* [2]*https://orcid.org/0000-0003-4946-6824*

[1,2]*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,*

Астана қ., Қазақстан

@ [1]*balnur19@icloud.com*

https://doi.org/10.55956/ZPNY2141

МАЙЛЫ ДАҚЫЛДАРДЫҢ ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ЯДРОСЫНАН КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҒАМДЫҚ ПАСТА ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ

Аңдатпа. Бұл мақалада майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық паста технологиясын әзірлеу процесі және рецептурасы сипатталып, математикалық моделі құрылған. Негізгі шикізат ретінде мақсары, зығыр, күнбағыс, соя тұқымдары, сондай-ақ жержаңғақ таңдалды. Осыған байланысты таңдалған тұқымдардың химиялық құрамы қарастырылды, бұл тұқымдардың дәрумендерге, макро және микро элементтерге бай екендігін көрсетті. Майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық паста технологиясын әзірлеу кезінде пастаның қажетті консистенциясына қол жеткізу үшін қосымша шикізат ретінде су таңдалды. Зерттеу барысында дайын өнімге органолептикалық талдау жүргізілді. Нәтижесінде тағамдық құндылығы жоғары және жаңа функционалдығы бар өнім пайда болды.

Тірек сөздер: майлы дақылдар тұқымдары, микроэлементтер, математикалық модель.

Шарбекова, Б.Е. Майлы дақылдардың тұқымдарының ядросынан композициялық тағамдық паста технологиясын әзірлеу [Мәтін] / Б.Е. Шарбекова, С. Әлтайұлы //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.66-75. https://doi.org/10.55956/ZPNY2141

Кіріспе. Майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық паста технологиясын әзірлеу үшін тағамдық құндылықтарының дәрежесі бойынша келесі майлы дақылдар таңдалды: жержаңғақ, соя, зығыр, күнбағыс және мақсары. Соя, күнбағыс, зығыр және мақсары сияқты майлы дақылдардың дәндері ақуыздың, майлардың және басқа да қоректік заттардың құнды көзі болып табылады. Оларды тамақ өнеркәсібінде қолдану, әсіресе композициялық тағамдарды әзірлеу контекстінде өзекті бола түсуде. Осы тұқымдардың ядроларынан композициялық тағамдық паста технологияларын әзірлеу қазіргі ғылыми-техникалық қызметтің маңызды бағытын білдіреді. Пайдалы дәрумендер мен микро және макронутриенттерден және басқа да қоректік заттардан тазартылмаған тамақ өнімдерін өндіруде табиғи органикалық өнім ретінде пайдалану мақсатында тағамдық паста өндіру перспективалы болып табылады [1,12].

Майлы дақылдардың дәндерін пайдаланудың артықшылықтары. Біріншіден, қоректік заттардың байлығы: тұқым ядроларында ақуыздың, майлардың, дәрумендердің, минералдардың және басқа да пайдалы заттардың көп мөлшері бар, бұл оларды құнды тағамға айналдырады. Екіншіден, функционалдылық: тұқым ядроларының ақуыз негізі оларды тамақ өнімдерінде құрылымдық компонент ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін функционалдық қасиеттерге ие. Үшіншіден, диеталық қасиеттері: майлы дақылдардың дәндерін тамақ өнімдерінде қолдану дәстүрлі тағамдарға диеталық және пайдалы балама жасауға ықпал етеді.

Майлы дәнді дақылдардың дәндерінен алынған композициялық тағамдық паста – бұл ақуыз бен пайдалы микроэлементтерге бай өнім. Оны тамақтанудың негізгі көзі ретінде немесе әртүрлі тағамдарға қосымша ретінде пайдалануға болады. Соңғы өнім антиоксидант ретінде пайдалы тағам ретінде ұсынылады [2].

Майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен тағамдық пасталарды өндірудің қолданыстағы әдістерінің кемшіліктері бар, соның ішінде өңдеу кезінде тиімділіктің төмендігі және пайдалы қасиеттердің жоғалуы. Сондықтан мұндай пастаны өндірудің инновациялық әдісін әзірлеу өзекті міндетке айналды.

Майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық пастаны инновациялық өндірудің бір әдісі биотехнологияны қолдануға негізделген. Процестің басында майлы дақылдардың тұқымдары арнайы өңдеуден өтеді, бұл олардың ақуыздық құрамын арттыруға көмектеседі. Содан кейін олар паста күйіне дейін ұнтақталады және ферменттеу процесіне ұшырайды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: майлы дақылдардың дәндерінен композициялық тағамдық паста технологиясын зерттеу және дамыту үлкен мәнге және практикалық маңызға ие. Міне, бірнеше себептер. Функционалды тағамға деген сұраныстың артуы: бүгінгі күні тұтынушылар денсаулығына көбірек көңіл бөледі және олардың физикалық және психикалық жағдайын сақтауға және жақсартуға ықпал ететін тағамдарды тұтынғысы келеді. Майлы дәнді дақылдардың дәндерінен жасалған композициялық тағамдық пастаны тұтынушылардың қажеттіліктері мен қалауларын ескере отырып әзірлеуге және оларға қоректік заттардың бай көзін ұсынуға болады. Өсімдік тағамдарының ассортиментін кеңейту: майлы дақылдар тұқымынан жасалған құрама тағамдық паста ет пен ақуыздың басқа көздеріне балама ретінде жаңа және пайдалы нұсқаны ұсына алады, бұл өсімдік тағамдарының әртүрлілігін арттыруға және вегетариандардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.

Негізгі мақсат – майлы дақылдардың дәндерінен, тағамдық құрамы құнарлы композициялық тағамдық паста алу технологиясын әзірлеу.


Зерттеу шарттары мен әдістері. Тамақ өнеркәсібіндегі негізгі бағыттардың бірі – ең жоғары тағамдық құндылығы бар жаңа және инновациялық тамақ өнімдерінің технологиясын әзірлеу. Осы себепті, бұл зерттеу жұмысы майлы дәнді дақылдардың дәндерінен композициялық тағамдық паста технологиясын әзірлеу үшін жүргізілді. Сондай-ақ, өндіріс кезінде паста Мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес келуі керек екенін ескеру қажет.

Пастаның рецептуралық компоненттері ретінде: ГОСТ 12096-76 бойынша мақсары тұқымы, ГОСТ 10582-76 бойынша зығыр тұқымы, ГОСТ 17109-88 бойынша соя тұқымы, ГОСТ 22391-89 бойынша күнбағыс тұқымы,

ГОСТ 17111-88 бойынша жержаңғақ, ГОСТ Р 54316 бойынша минералды су алынды [5].

Паста келесідей дайындалды: тұқымдар 15-22°С температурада 6-10 сағат бойы суда ұсталды. Судың температурасы 50-70°С-ге тең. Содан кейін акустикалық өрістің қарқындылығы 100-500 Вт/кг болатын механоакустикалық гомогенизаторға енгізілді. Өңдеу бір мезгілде ұнтақтау, араластыру, гомогенизация және пастерлеу арқылы жүзеге асырылды. Пастерлеу 3-5 минут ұстай отырып, 92-98°С температурада жүзеге асырылды. Сонымен қатар, концентратқа ылғал қосылды (бұл су, өсімдік майы, бал болуы мүмкін), жалпы мөлшері 10-15% құрайды [3,11].

Зерттеу барысында майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық пастаның жалпы схемасы құрылды, дайын тағамдық пастаның оргоналептикалық көрсеткіштерін анықтау үшін органолептикалық талдау жүргізілді. 1-суретте практикалық зерттеудің жалпы схемасы көрсетілген.



Сурет 1. Майлы дақылдардың ядросының дәндерінен композициялық тағамдық паста өндірудін технологиялық сұлбасы

1-суретте көрсетілгендей, алдымен сапа мен тағамдық құндылықтар үшін бізге сәйкес шикізатты таңдау керек. Яғни, пастаның ең жақсы тағамдық қасиеттері мен дәмдік сипаттамаларын алу үшін әртүрлі майлы дақылдардың ядроларының оңтайлы арақатынасын анықтау.

Майлы дақылдардың тұқымдары партиялармен қабылданады. Партия деп сапа туралы бір құжатпен рәсімделген, бір мезгілде қабылдауға, тиеп-жөнелтуге немесе бір мезгілде сақтауға арналған, сапасы жағынан біртекті бір майлы дақылдың кез келген тұқымының саны түсініледі. Дайындалған тұқымдардың сапасын анықтау және жеткізілетін тұқымдардың олардың нормативтік-техникалық құжаттама талаптарына сәйкестігін тексеру үшін әрбір партиядан ірі тұқымды дақылдар үшін (жержаңғақ, кастор бұршағы, күнбағыс, соя) салмағы кемінде 2,0 кг немесе біріктірілген сынамадан бөлінген ұсақ тұқымды дақылдар үшін кемінде 1,0 кг орташа сынама алынады [4].

Тұқымдар біркелкі құрылымды құру және қоректік заттарды алуды жақсарту үшін тазалау, кептіру және ұсақтау сияқты алдын ала өңдеулерден өтеді. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оңтайлы құрылым мен дәм болуы үшін пастаны термиялық өңдеуден өткізеді.

Композициялық тағамдық паста өндірісінде ингредиенттер негізгі, қосымша және көмекші болып бөлінеді. Негізгі ингредиенттерге майлы дақылдардың өздері кіреді, біздің жағдайда олар соя, зығыр, күнбағыс,

жержаңғақ және мақсары. Қосымша ингредиенттерге су, яғни паста түзуге арналған ылғал жатады. Ароматизаторлар, қант және тұз көмекші ингредиенттер болып табылады.

Композициялық тағамдық паста өндірісінде алдымен дайындалған шикізат рецептура бойынша өлшенеді. Содан кейін өлшенген шикізат белгілі бір технологиялық операцияларға ұшырайды, содан кейін ингредиенттер араласып, паста түзіледі. Процесстің соңында паста өнімнің қауіпсіздігі үшін және оңтайлы құрылымға қол жеткізу үшін термиялық өңдеуден өтеді [8].

Өнімді буып-түю өнімнің үлкен партиясын белгіленген салмақтағы өнімнің жеке бөліктеріне бөлуге арналған жабдықта жүзеге асырылады. Тағамдық паста балғындықты сақтау және майлардың тотығуын болдырмау үшін ауа өткізбейтін контейнерлерге оралады. Дайын пастаны салқын және құрғақ жерде 10-20°С температурада сақтау керек, өйткені ылғалдылығы жоғары жерлерде сақтау көгеруге әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, қоректік заттардың жоғалуын және дәмнің өзгеруін болдырмау үшін пастаны тікелей күн сәулесінен қорғалған жерде сақтау керек.

Дайын композициялық тағамдық пастаның сапасын бағалау өнімді сыртқы тексеруден басталады. Қаптама герметикалық болуы керек, ешқандай зақым болмауы тиіс. Содан кейін дайын өнім өнімнің мөлшерін білу үшін есептеу және өлшеу процесстері жүзеге асырылады. Дайын тағам паста сыртқы түрі, дәмі, иісі және консистенциясы бойынша бағаланады. Қаптамадағы өнім қаптамада көрсетілген атауға сәйкес келуі керек.

Паста үлгілерінде органолептикалық көрсеткіштер мен құрылымы сыналды. Күрделі органолептикалық көрсеткіш Харрингтон-Мехердің қалау функциясын қолдана отырып анықталды [6], бұл параметрлердің нақты мәндерін 0-ден 1-ге дейінгі шекаралары бар бір өлшемсіз сандық шкалаға айналдырып есептеудің математикалық әдісі болып табылады [6,7]. Бұл шкала бес ішкі диапазонға бөлінеді: 0-ден 0,20-ға дейін – өте нашар; 0,20-дан 0,37-ге дейін – нашар; 0,37-ден 0,63-ке дейін – қанағаттанарлық; 0,63-тен 0,80-ге дейін – жақсы; 0,80-ден 1,00-ге дейін – өте жақсы.

Майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық пастаның рецептурасын оңтайландыру үшін рецепт компоненттерінің әр түрлі қатынасы бар пасталардың прототиптері дайындалды. 1-кестеде модельдік үлгілердегі рецептуралық компоненттерінің массалық үлесі келтірілген.

Кесте 1

Композициялық тағамдық пастаның модельдік үлгілеріндегі рецептура компоненттерінің арақатынасы

Үлгі	Массалық үлес, %					
	мақсары	жержаңғақ	соя	су	зығыр	күнбағыс
1	36	33	12	5	0	14
2	25	27	9	15	4	20
3	45	20	6	10	9	10
4	33	13	3	5	14	32
5	42	23	5	0	12	18
6	38	22	15	4	9	12
7	46	18	10	9	6	11
8	40	10	5	14	3	28
9	54	13	3	14	5	11
10	50	18	5	7	10	10

Осылайша, «фактор-аргумент» математикалық моделі мыналарды қамтиды:

x_1 – мақсарының массалық үлесі;

x_2 – жержаңғақтың массалық үлесі;

x_3 – сояның массалық үлесі;

x_4 – минералды судың массалық үлесі;

x_5 – зығырдың массалық үлесі;

x_6 – күнбағыстың массалық үлесі.

Композициялық тағамдық пастаның сапасын сипаттайтын көрсеткіштер кешеніне күрделі органолептикалық көрсеткіш (y_1) және құрылым (y_2) кіреді. Оңтайландыру мәселесінің жалпы тұжырымы келесідей:

$$y_1 \to max, X = ?, y_2 \to max, X = ? \quad (1)$$

2-кестеде композициялық тамақ пастасының модельдік үлгілерінің күрделі органолептикалық көрсеткіші мен құрылымын анықтау нәтижелері келтірілген.

Кесте 2

Кешенді органолептикалық көрсеткішті бағалау

Үлгі	Сапалық көрсеткіш	
	Органолептикалық көрсеткіш, бірлік	Текстура, шартты бірлік
1	0,4	140,0
2	0,8	155,0
3	1,0	160,0
4	0,6	157,0
5	0,5	151,0
6	0,7	138,0
7	0,9	159,0
8	0,2	125,0
9	0,1	113,0
10	0,3	119,0

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Формуланы оңтайландырудың бірінші кезеңінде $y_1(x_1, x_2, x_3, x_4, x_5, x_6)$ және $y_2(x_1, x_2, x_3, x_4, x_5, x_6)$ тәуелділігі үшін регрессиялық модельдің бағасын табу керек. Statistics мәзірінде корреляциялық матрицаны құру үшін Basic Statistic Tables – Correlation Matrices – One variables list пәрменін таңдап, элементтері айнымалылар арасындағы корреляция коэффициенттері болып табылатын квадрат корреляциялық матрицаны құрдық [6].

Модельді құру кезінде факторлар арасындағы мультиколлинеарлықтың болмауы маңызды. Бұл есепте x_1, x_2 және x_3 айнымалыларында мультиколлинеарлық байқалады.

Іс жүзінде рецепт компоненттерінің массалық үлесінен пастаның аз мөлшерін қажет ететін функциялардың қарапайым түрлеріне артықшылық беріледі. Әрі қарай, осы үш модель статистикалық көрсеткіштер бойынша салыстырылды. y_1 айнымалысы күрделі органолептикалық көрсеткішке жауап береді. Оның мәндері әрқашан 0-ден 1-ге дейін болады, сондықтан оның спецификациясының негізінде осы аралықтағы мәндер аймағы бар функциялар жатыр. Мысалы, $y = 1 - e^x$ функциялары. Ең жақсы көрсеткіштер келесі модельге ие:

$$y_1 = 1 - e^{(0.035x_1 - 0.159x_3 - 0.09x_4 - 0.16x_5)} \quad (2)$$

$$y_2 = -1574 + 58.55x_1 + 33.41x_4 - 2.21x_4x_5 - 0.54x_1^2 - 0.84x_4^2 + 1.15x_5^2 \quad (3)$$

Композициялық тағамдық пастаның модельдік үлгілеріндегі рецептура компоненттерінің арақатынасы 1 – кестеде көрсетілген 3 және 7 нөмірлі ең оңтайлы көрсеткіштер бойынша үлгілер алынды. Осылайша, майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық пастаның екі рецепті ең жақсы көрсеткіштермен сипатталды (3-кесте).

Кесте 3

Майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен композициялық тағамдық паста рецептурасын оңтайландыру нәтижелері

№	Массалық үлес,%						Анықталатын көрсеткіштер	
	мақсары	жержаңғақ	соя	су	зығыр	күнбағыс	Органолептикалық көрсеткіш	текстура
3	45	20	6	10	9	10	1,0	160,0
7	46	18	10	9	6	11	0,9	159,0

Жоғарыда айтқанымыздай, композициялық тағамдық паста үшін келесілер таңдалды: зығыр тұқымы, күнбағыс, соя, мақсары және жержаңғақ.


Жержаңғақ дәрумендер мен минералдарға бай: В1 дәрумені – 49,3%, В5 дәрумені – 35,3%, В6 дәрумені – 17,4%, В9 дәрумені – 60%, Е дәрумені – 67,3%, Н дәрумені – 35%, РР дәрумені – 94,5%, калий – 26,3%, кремний – 266,7%, магний – 45,5%, фосфор – 43,8%, темір – 27,8%, кобальт – 67,5%, марганец – 96,7%, мыс – 114,4%, молибден – 16,6%, селен – 13,1%, хром – 19,4%, мырыш – 27,3%.

Соя, астық дәрумендер мен минералдарға бай: В1 дәрумені – 62,7%, В2 дәрумені – 12,2%, холин – 54%, В5 дәрумені – 35%, В6 дәрумені – 42,5%, В9 дәрумені – 50%, Е дәрумені – 12,7%, Н дәрумені – 120%, РР дәрумені – 48,5%, калий – 64,3%, кальций – 34,8%, кремний – 590%, магний – 56,5%, фосфор – 75,4%, темір – 53,9%, кобальт – 312%, марганец–140%, мыс–50%, молибден–141,4%, хром–32%, мырыш – 16,8%.

Зығыр тұқымында ақуыз, көмірсулар, шырыш (12% дейін), Органикалық қышқылдар, стеролдар, линоцинамарин бар. Майлы майдың құрамына линолен (35-45%), линол (25-35%), олеин (15-20%), пальмитин және стеарин қышқылдарының глицеридтері кіреді.

Күнбағыс, тұқымдар дәрумендер мен минералдарға бай: В1 дәрумені – 122,7%, холин – 11%, В5 дәрумені – 22,6%, В6 дәрумені – 67,3%, В9 дәрумені – 56,8%, Е дәрумені – 208%, Н дәрумені – 15,6%, РР дәрумені – 78,5%, калий – 25,9%, кальций – 36,7%, кремний – 26,7%, магний – 79,3%, фосфор – 66,3%, темір – 3,9%, кобальт – 53%, марганец – 97,5%, мыс – 180%, молибден – 27,9%, селен – 96,4%, мырыш – 41,7%.

Мақсары тұқымы дәрумендер мен минералдарға бай: В1 дәрумені – 77,5%, В2 дәрумені – 23,1%, В5 дәрумені – 80,6%, В6 дәрумені – 58,5%, В9 дәрумені – 40%, РР дәрумені – 11,4%, калий – 27,5%, магний – 88,3%, фосфор – 80,5%, темір – 27,2%, марганец – 100,7%, мыс – 174,7%, мырыш – 42,1% [9,10]. Майлы дақылдар тұқымдарының дәндеріндегі дәрумендер мен минералдардың мөлшері 2-суретте көрсетілген.



Сурет 2. Майлы дақылдар тұқымдарының дәндеріндегі дәрумендер мен минералдардың мөлшері

Сонымен, B1 дәруменінің құрамы бойынша күнбағыс 122,7% пайыздық көрсеткішпен көш бастап тұр, B5 мақсары құрамында 80,6%, B6 күнбағыс тұқымында 67,3%, Жержаңғақта B9 60%, күнбағыс тұқымында E дәрумені 208%, жержаңғақта PP 94,5%, соядағы калий 64,3%, магний зығыр тұқымдарында 98% пайыз, мақсары фосфоры 80,5%, темір сояда ең көп кездеседі 53,9%, соядағы марганец 140%, күнбағыс тұқымындағы мыс 180%, мырыш аз айырмашылықпен мақсары дәндерінде көбірек кездеседі.

4-кестеде соя, зығыр, күнбағыс, жержаңғақ және мақсары сияқты майлы дақылдардың дәндерінен алынған композициялық тағамдық пастаның органолептикалық көрсеткіштері көрсетілген.

Кесте 4

Соя, зығыр, күнбағыс, жержаңғақ және мақсары сияқты майлы дақылдардың дәндерінің ядросынан алынған композициялық тағамдық пастаның органолептикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Дайын өнім
Сыртқы түрі	Ашық қоңыр, кремді түс
Иісі мен дәмі	Бөтен иістер мен дәмдерсіз, ерекше жағымды иісі бар, жержаңғақ пен сояның дәмі айқын сезіледі
Текстура	Біртекті

Органолептикалық талдау кезінде әзірленген тағамдық паста талаптарға сай екендігі анықталды. Органолептикалық талдау көрсеткіштері бойынша композициялық тағамдық пастаның жоғары органолептикалық және функционалды-технологиялық қасиеттері бар деп сенімді түрде айтуға болады.

Қорытынды. Пайдалы дәрумендер мен микро және макронутриенттерден және басқа қоректік заттардан тазартылмаған тамақ өнімдерін өндіруде табиғи органикалық өнім ретінде пайдалану мақсатында тағамдық паста өндірісі перспективалы деген қорытынды жасауға болады.

Зерттеу барысында майлы дақылдар тұқымдарының дәндерінен тамақ пастасын дайындаудың технологиялық сұлбасы мен рецептурасы жасалды, сонымен қатар математикалық моделі құрылды. Органолептикалық талдау пастаның жоғары функционалдық қасиеттер мен сипаттамаларға ие екенін көрсетті. Таңдалған майлы дақылдардың дәндері сәтті таңдалды, өйткені паста талаптарға сай және дәрумендерге, микро және макроэлементтерге бай. Пастаны дайын өнім ретінде де, тамақ өнеркәсібінің әртүрлі салаларында, мысалы, кондитерлік өнімдерде тағамдық қоспа ретінде де қолдануға болады. Осылайша, жұмыстың мақсаты мен міндетіне қол жеткізілгеніне көз жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі

1. Алтайулы, С. Технология для производства водно-масляных пищевых эмульсий из семян сафлора. Межвидовые различия химического состава растительных лецитинов и их функциональных свойств [Текст] / С. Алтайулы //Материалы 18-й Международной научно-практической конференции. – СПб.: Университет при МПА ЕврАзЭС, 2023. – С.14-21.
2. Lingyan Zhang, Jia Chen, Jiaxin Zhang, Altayuly Sagymbek, Qi Li, Yuan Gao, Shuangkui Du, Xiuzhu Yu. Lipid oxidation in fragrant rapeseed oil: Impact of seed roasting on the generation of key volatile compounds //Food Chemistry: X 16. – 2022. – P. 100491.
3. Алтайулы, С. Получение пищевых лецитинов из сафлоровых масел [Текст] / С. Алтайулы, И.Ж. Темирова //Механика и Технологии. – 2018. – № 1(59). – С. 65-67.
4. Мотовилов, К.Я. Способ получения пастообразного концентрата из семян амаранта [Текст] / К.Я. Мотовилов, О.К. Мотовилов, А.И. Морозов, О.С. Грушина //Патент на полезную модель RU2453127C1.
5. ГОСТ 10852-86 Семена масличные. Правила приемки и методы отбора проб [Текст]. – Введ. 01.07.87. – Москва: Стандартинформ, 2010. – 46 с.
6. Харрингтон, Е.С. Функция желательности и ее применение [Текст] / Е.С. Харрингтон //Промышленный контроль качества. – 1965. – № 21(10). – С. 494-498.
7. Конева, М.С. Многокритериальная оптимизация баланса состава и органолептических характеристик специализированного питания антианемической направленности [Текст] / М.С. Конева [и др.] //Известия вузов. Пищевая технология. – 2016. – № 1. – С. 110-113.
8. Shamkova N.T., Usatikov S.V., Dobrovolskaya A.V. et al. A comprehensive approach to design molded culinary products using cottage cheese for school meals //Brazilian Journal of Food Technology. – 2021. – Vol. 24. – P. 202021.
9. Муратова, Е.И. Проектирование рецептур кондитерских изделий [Текст]: метод.указ. / Е.И. Муратова, С.Г. Толстых. – Тамбов: Изд-во ГОУ ВПОТГТУ, 2010. – 32 с.
10. Калорийность Сафлоровое семя, сушеное. Химический состав и пищевая ценность. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://health-diet.ru/base_of_food/sostav/17403.php. Дата обращения: 25.04.2024.
11. Әлтайұлы, С. Способ производства водно-масляной белковой эмульсий из семян сафлора [Текст] / С. Әлтайұлы, Н.К. Акишев, Т.С. Алтаев //Патент на полезную модель №8935 МПК A23J 1/14. 2024. Бюл. №11.
12. Nutraceutical and Pharmaceutical Behavior of Bioactive Compounds of Miracle Oilseeds: An Overview [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC9265468/. Дата обращения: 08.05.2024

Материал редакцияға 21.08.24 түсті.

Б.Е. Шарбекова[1], С. Алтайулы[1]

[1]Казахский агротехнический исследовательский университет им. С. Сейфуллина, г. Астана, Казахстан

РАЗРАБОТКА ТЕХНОЛОГИИ КОМПОЗИТНОЙ ПИЩЕВОЙ ПАСТЫ ИЗ ЯДЕР СЕМЯН МАСЛИЧНЫХ КУЛЬТУР

Аннотация. В данной статье описан процесс и рецептура разработки технологии композитной пищевой пасты из зерен семян масличных культур, построена математическая модель. В качестве основного сырья были выбраны сафлор, лен, подсолнечник, семена сои, а также арахис. В связи с этим был рассмотрен химический состав отобранных семян, что свидетельствует о том, что семена богаты витаминами, макро- и микроэлементами. При разработке технологии композитной пищевой пасты из семян масличных культур в качестве дополнительного сырья была выбрана вода для достижения желаемой консистенции пасты. В ходе исследования был проведен органолептический анализ готовой продукции. В результате получился продукт с высокой питательной ценностью и новой функциональностью.

Ключевые слова: семена масличных культур, микроэлементы, математическая модель.

B.Y. Sharbekova[1], S. Altaiuly[1]

[1]Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan

DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY FOR COMPOSITE FOOD PASTE FROM THE KERNELS OF OILSEEDS

Abstract. This article describes the process and formulation of the development of composite food paste technology from oilseed grains, and a mathematical model is constructed. Safflower, flax, sunflower, soybean seeds, and peanuts were selected as the main raw materials. In this regard, the chemical composition of the selected seeds was considered, which indicates that the seeds are rich in vitamins, macro- and microelements. When developing the technology of composite food paste from oilseeds, water was selected as an additional raw material to achieve the desired paste consistency. During the study, an organoleptic analysis of the finished product was carried out. The result is a product with high nutritional value and new functionality.

Keywords: oilseeds, trace elements, mathematical model.

References

1. Altayuly, S. Tekhnologiya dlya proizvodstva vodno-maslyanykh pishchevykh emul'siy iz semyan saflora. Mezhvidovyye razlichiya khimicheskogo sostava rastitel'nykh letsitinov i ikh funktsional'nykh svoystv [Technology for the production of water-in-oil food emulsions from safflower seeds. Interspecific differences in the chemical composition of plant lecithins and their functional properties] //Materialy 18-y Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii [Proceedings of the 18th International Scientific and Practical Conference]. - St. Petersburg: University at the IPA EurAsEC, 2023. – P.14-21. [in Russian].
2. Lingyan Zhang, Jia Chen, Jiaxin Zhang, Altayuly Sagymbek, Qi Li, Yuan Gao, Shuangkui Du, Xiuzhu Yu. Lipid oxidation in fragrant rapeseed oil: Impact of seed

roasting on the generation of key volatile compounds //Food Chemistry: X 16. – 2022. – P. 100491.
3. Altayuly S., Temirova I.ZH. Polucheniye pishchevykh letsitinov iz saflorovykh masel [Obtaining food lecithins from safflower oils] // Mechanics and Technologies. – 2018. – No. 1(59). – P. 65-67. [in Russian].
4. Motovilov K.YA., Motovilov O.K., Morozov A.I., Grushina O.S. Sposob polucheniya pastoobraznogo kontsentrata iz semyan amaranta [Method for obtaining a paste-like concentrate from amaranth seeds] // Patent for utility model RU2453127C1. [in Russian].
5. GOST 10852-86 Semena maslichnyye. Pravila priyemki i metody otbora prob [Oil seeds. Acceptance rules and sampling methods]. – Introd. 01.07.87. – Moscow: Standartinform, 2010. – 46 p. [in Russian].
6. Kharrington Ye.S. Funktsiya zhelatel'nosti i yeye primeneniye [Desirability function and its application] // Industrial quality control. – 1965. – No 21(10). – P. 494-498. [in Russian].
7. Koneva M.S. et al. Mnogokriterial'naya optimizatsiya balansa sostava i organolepticheskikh kharakteristik spetsializirovannogo pitaniya antianemicheskoy napravlennosti [Multicriteria optimization of the balance of composition and organoleptic characteristics of specialized anti-anemic nutrition] //Izvestiya vuzov. Food Technology. – 2016. – No 1. – P. 110-113. [in Russian].
8. Shamkova N.T., Usatikov S.V., Dobrovolskaya A.V. et al. A comprehensive approach to design molded culinary products using cottage cheese for school meals //Brazilian Journal of Food Technology. – 2021. – Vol. 24. – P. 202021.
9. Muratova Ye.I., Tolstykh S.G. Proyektirovaniye retseptur konditerskikh izdeliy [Design of confectionery recipes]: method. guide. – Tambov: Publishing house of the State Educational Institution VPOTGTU, 2010. – 32 p. [in Russian].
10. Caloric content of dried safflower seed. Chemical composition and nutritional value. [Electronic resource]. – Access mode: https://health-diet.ru/base_of_food/sostav/17403.php. Date of access: 25.04.2024. [in Russian].
11. Altayuly S., Akishev N.K., Altayev T.S. Sposob proizvodstva vodno-maslyanoy belkovoy emul'siy iz semyan saflora [Method for the production of water-in-oil protein emulsions from safflower seeds] // Patent for Utility Model No. 8935 IPC A23J 1/14. 2024. Bulletin No. 11. [in Russian].
12. Nutraceutical and Pharmaceutical Behavior of Bioactive Compounds of Miracle Oilseeds: An Overview [Electronic resource]. – Access mode: https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pmc/articles/PMC9265468/. Date of access: 08.05.2024.

ҒТАМР 65.09.03

Г.Д. Шамбулова[1] – *негізгі автор,* ©
Ж.Ә. Нұрсейітова[2]

[1]*Техн. ғылым. канд., қауымдас. профессор,* [2]*Магистрант*
ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0001-6257-1317* [2]*https://orcid.org/0009-0000-3991-0894*
[1,2]*Алматы технологиялық университеті,*
Алматы қ., Қазақстан
@ [1]*dosanbekgulnara@mail.ru*

https://doi.org/10.55956/FNTM2635

КЕПТІРІЛГЕН ЖЕМІС ТАҒАМЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Аңдатпа. Мақала ауыр және зиянды еңбек жағдайларында жұмыс жасайтын жұмысшылар үшін арнайыландырылған тамақтанудың маңыздылығына арналған. Мұндай жұмысшылар үшін қажетті қуат деңгейін қамтамасыз ететін, олардың денсаулығын қалпына келтіруге және сақтауға ықпал ететін тамақтану маңызды екендігі көрсетілген. Бұл жұмысшылардың тамақтануында антиоксиданттардың рөлі ерекше атап өтіледі. Соңғы кездерде баклажан қабығы, бөріқарақат және қара өрік адам денсаулығына оң әсер етуі мүмкін антиоксиданттардың жоғары болуына байланысты ғалымдардың назарын аударды. Бұл тағамдардағы антиоксиданттар жасушаларды бос радикалдардың зақымдануынан қорғауға және осылайша әртүрлі аурулардың пайда болу қаупін азайтуға қабілетті. Бұл тағамдардағы антиоксиданттардың нақты деңгейі мен сорттарын анықтау және олардың адам ағзасына әсерін тереңірек түсіну үшін зерттеулер жүргізілуде. Консервілеу, дегидратация, экстракция және ашыту сияқты заманауи өңдеу әдістерін қолдану тағамдағы антиоксиданттардың сақталуына және жойылмауын ықпал етеді. Осы саладағы зерттеулер антиоксиданттарды өндіру, сақтау және тұтыну процесінде жақсы сақтауға және тұрақтандыруға қабілетті өнімдерді әзірлеуге бағытталған. Бұл салауатты өмір салтын қолдайтын функционалды өнімдер нарығының өсуіне мүмкіндік береді.

Тірек сөздер: антиоксиданттар, жемістер, көкөністер, баклажан, бөріқарақат, қара өрік.

Шамбулова, Г.Д. Кептірілген жеміс тағамының пайдасы [Мәтін] / Г.Д. Шамбулова, Ж.Ә. Нұрсейітова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.76-83. https://doi.org/10.55956/FNTM2635

Кіріспе. Зиянды жағдайында жұмыс істейтін жұмысшылар үшін күш қуатын қалпына келтірумен және денсаулықты сақтаумен қамтамасыз ететін тамақтануды қажет етеді. Антиоксиданттармен байытылған тағамдар олар үшін әсіресе пайдалы болуы мүмкін. Антиоксиданттар ағзадаға жасушаларды тотығу стрессінен қорғайды, бұл ауыр және зиянды еңбек жағдайларына байланысты күшеюі мүмкін.

Антиоксиданттар – бұл организмдегі тотығу процестерінің алдын алатын, жасушаларды бос радикалдардың зақымдануынан қорғайтын қосылыстар. Олар қоршаған ортаның, стресстің және жасқа байланысты

өзгерістердің ағзаға теріс әсерін азайтуға көмектесу арқылы денсаулықты сақтауда шешуші рөл атқарады [1].

Антиоксиданттарды әртүрлі тағамдардан, соның ішінде жемістерден, көкөністерден, жаңғақтардан, жасыл шайдан, сондай-ақ С және Е дәрумендеріне, каротиноидтарға, селенге, полифенолдарға және басқа да пайдалы заттарға бай басқа көздерден алуға болады. Бұл қосылыстар иммундық жүйені нығайтады, жасушаларды тотығу стрессінің зақымдануынан қорғайды және жүрек-қан тамырлары патологиясы, қатерлі ісік және көру проблемалары сияқты әртүрлі аурулардың қаупін азайтады [2].

Антиоксиданттарға бай жемістер мен көкөністерге көкжидек пен таңқурай сияқты жидектер, қара өрік пен алма сияқты жемістер, анар мен цитрус жемістері, сондай-ақ С дәрумені мен каротиноидтары бар сәбіз, болгар бұрышы және асқабақ сияқты қызыл, сары және қызғылт сары көкөністер жатады. Шпинат, қырыққабат және брокколи сияқты жасыл көкөністер фолий қышқылына және басқа антиоксиданттарға бай. Жаңғақтар мен тұқымдар, мысалы, бадам, фундук, күнбағыс және асқабақ тұқымдары-күшті антиоксиданттық қасиеттері бар Е дәруменінің тамаша көзі. Жасыл шай құрамында полифенолдардың көп болуына байланысты күшті антиоксиданттық қасиеттерге ие, ал жоғары сапалы қара шоколад антиоксиданттардың қосымша көзі бола алады [3].

жасалды. Шешім ағашын пайдалану арқылы үш сыни бақылау нүктесі (СБН) анықталды: дәннің өскінін өсіру кезеңі, өскінін өсіру кезіндегі өңдеу кезеңі және орау кезеңі. Әрбір СБН үшін бақылау шаралары айқындалып, түпкілікті өнімнің тұрақты сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, биологиялық, физикалық және химиялық тәуекелдерді тиімді басқаруға мүмкіндік беретін НАССР-дің жұмыс жоспары жасалды. Осылайша, НАССР принциптерін ащы-хош иісті композициялар өндірісінде қолдану олардың қауіпсіздігі мен қазіргі нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін едәуір арттырады.

Тірек сөздер: НАССР, сапаны басқару жүйесі, ащы-хош иісті композициялар, сыни бақылау нүктелері, өнген дәнді дақылдар.

А.Н. Серикбаева[1], А. Муратханкызы[1], М.Б. Алиева[1], С.Е. Ибраимова[1], Д. Абдиханова[1], Г.Ш. Джумабекова[2]

[1]Алматинский технологический университет, г. Алматы, Казахстан
[2]Международный инженерно-технологический университет, г. Алматы, Казахстан

ПРИМЕНЕНИЕ ПРИНЦИПОВ НАССР ДЛЯ ОБЕСПЕЧЕНИЯ КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ ПРИ ПРОИЗВОДСТВЕ ПРЯНО-АРОМАТИЧЕСКИХ КОМПОЗИЦИЙ НА ОСНОВЕ БИОЛОГИЧЕСКИ АКТИВНЫХ ВЕЩЕСТВ РАСТИТЕЛЬНОГО СЫРЬЯ

Аннотация. В аннотации к исследованию рассматривается необходимость разработки эффективных систем управления качеством и безопасностью продуктов питания в условиях стремительного развития технологий пищевой промышленности. Современные потребители стремятся к продуктам с низким содержанием калорий, обогащенными полезными веществами, что требует создания новых пряно-ароматических композиций, обладающих высокой биологической ценностью.

В ходе исследования была разработана модель плана НАССР для предприятия, производящего пряно-ароматические композиции на основе пророщенных зерен, предназначенных для первых блюд. С использованием дерева решений были идентифицированы три критические контрольные точки (ККТ): стадия проращивания зерна, стадия обработки при проращивании и стадия упаковки. Для каждой ККТ определены контрольные меры и составлен подробный план НАССР, что позволит эффективно управлять биологическими, физическими и химическими рисками, обеспечивая стабильное качество и безопасность конечной продукции. Таким образом, применение принципов НАССР в производстве пряно-ароматических композиций значительно повысит их безопасность и конкурентоспособность на современном рынке.

Ключевые слова: НАССР, система управления качеством, пряно-ароматические композиции, критические контрольные точки, пророщенные злаки.

ҒТАМР 65.29.33

Ә.Ә. Оспанов[1] – *негізгі автор*, **Н.Ж. Муслимов[2], А.К. Тимурбекова[3], А.Т. Алмаганбетова[4]**

[1]Техн. ғылым. д-ры, профессор, [2]Техн. ғылым. д-ры, қауымдас. профессор, [3]Техн.ғылым. канд., доцент, [4]Магистр, аға оқытушы

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0002-3813-603X [2]https://orcid.org/0000-0002-0302-2817 [3]https://orcid.org/0000-0001-5955-9253 [4]https://orcid.org/0000-0002-3141-3049*

[1,3,4]Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан [2]Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты, Тараз қ., Қазақстан

[1]timurbekova_aigul@mail.ru

https://doi.org/10.55956/GAOH8325

ДАЙЫНДЫҚ ДӘРЕЖЕСІ ЖОҒАРЫ КОЭКСТРУДИРЛЕНГЕН КӨП ДӘНДІ ӨНІМДЕРДІҢ САПА МЕН ҚАУІПСІЗДІК КӨРСЕТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа. Дайындық дәрежесі жоғары экструдирленген тағамдардың қоректік және тағамдық құндылығын арттыру жолдарының бірі – құрамында дәрумендер мен амин қышқылдарымен байытылған биологиялық белсенді компоненттерді қосу технологиясы болып табылады. Коэкструдирленген азық-түлік өнімдерін өндіру үшін шикізат ретінде жеміс-жидек шикізаты қолданылады, бұл әзірленіп жатқан өнімнің дәмдік қасиеттерін едәуір жақсартады. Бұндай технологияны жаппай енгізуге экструзия және коэкструзия процестерінің аз зерттелгендігі кедергі келтіреді, нәтижесінде әртүрлі тамақ орталарын өңдеудің оңтайлы параметрлерін негіздеу үшін қажетті әмбебап эксперименттік қондырғыларды құруға кедергі келтіретін ғылыми және практикалық базаның жетілмегендігін айтуға болады. Екінші жағынан, дұрыс және ұтымды тамақтануды насихаттаудың болмауы жоғары калориялы және жоғары энергиялы диетаға бейім халықтың тамақтануында ұлттық ерекшеліктердің болуына байланысты осы санаттағы тағамдарды жаппай диетаға қосуды қиындатады. Сондықтан жеміс-жидек қоспалары бар дайындық дәрежесі жоғары көп дәнді өнімдердің сапа мен қауіпсіздік көрсеткіштерін зерттеу өзекті болып табылады.

Тірек сөздер: экструзия, коэкструзия, дайындық дәрежесі жоғары коэкструдирленген өнімдер, биологиялық белсенді компоненттер, жеміс-жидек шикізаты, көп дәнді азық-түлік, функционалды тамақтану, салма толтыру.

Оспанов, Ә.Ә. Дайындық дәрежесі жоғары коэкструдирленген көп дәнді өнімдердің сапа мен қауіпсіздік көрсеткіштерін зерттеу [Мәтін] / Ә.Ә. Оспанов, Н.Ж. Муслимов, А.К. Тимурбекова, А.Т. Алмаганбетова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.155-165. https://doi.org/10.55956/GAOH8325

Кіріспе. Қазіргі уақытта диетасында экструдирленген тағамдарды тұтынатын адамдардың негізгі санаты – дәстүрлі тағамдарды дайындауға бос уақыт тапшылығы бар белсенді өмір салтын ұстанатын адамдар. Сондай-ақ, салауатты тамақтану үлгісін ұстанатын, күнделікті рационның құрамдас бөліктерінің тағамдық құндылығын қатаң қадағалайтын халық топтарының

санаты ерекшеленеді, өйткені экструдирленген тағамдардың калориялары төмен [1-4].

Сонымен қатар, экструзиялық технологияларды жетілдіру аралас өнімдерді өндіруге мүмкіндік бертін өнімдер коэкструдирленген өнімдер, яғни астық қабығының негізінен тұратын өнімдер, оның ішінде әр түрлі қоспалар (май, ақуыз, жеміс немесе жидек, хош иістендіргіш, шоколад немесе карамель) бар.


Мұндай комбинациялар астық шикізатының әртүрлі комбинациясы бар функционалды қоспалардың (жеміс-жидек, ет-сүт және т.б.) ассортиментін кеңейту арқылы тұтынушылардың дәмдік талғамдарын дайындық дәрежесі жоғары дәстүрлі өнімдерден коэкструдирленген өнімдерге ауыстыруға мүмкіндік береді. Мұндай әзірлемелер халықтың қазіргі заманғы рационына тығыз енеді, бұған жүгері үлпектерінің дәстүрлі тәттілерінен кейін ғана дайын таңғы ас жастықшалары мен толтырылған түтікшелер өндірісінің жыл сайынғы ұлғаюы дәлел бола алады. Осылайша, бірлескен экструдирленген өнімдер жыл сайын тұтынушылардың жалпы санын көбейте отырып, дайындық дәрежесі жоғары өнімдер нарығының құрылымында өз орнын алады.

Әдеби дереккөздерде ұсынылған мәліметтер азық-түлік экструзиясы функционалды тамақ өнімдерін өндірудің заманауи және жоғары технологиялық тәсілі екенін көрсетеді [5,6]. Бұл ретте коэкструзия процесінің негізгі артықшылықтарын атап өту қажет, бұл технологиялық процестің икемділігі, өнімділігі және автоматтандырудың жоғары деңгейі, өзіндік құнының төмендігі, сондай-ақ дайын өнімнің үлкен өнімділігі мен жоғары тұтынушылық қасиеттері.

Осыған байланысты мақаланың материалдары ғылыми негізделген әдіс бойынша құрастырылған және аминқышқылдары мен дәрумендік құрамы бойынша теңдестірілген аралас жеміс-жидек рецептураларын әзірлей отырып, жоғары дайындықтағы коэкструдирленген көп дәнді тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштерін зерттеуге бағытталған. Дәл осы ғылыми тәсіл дұрыс және ұтымды тамақтану тұжырымдамасына сәйкес келетін рецептураларды құрудағы уақтылы және өзекті міндет болып табылады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеулер Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Тағам және қайта өңдеу өнеркәсібі технологиялары» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының «Тағам экструзиясы» зертханасында жүргізілді. Салма толтыру әдісінің мәні – экструдер мен салма толтырғыш қондырғының бірлескен жұмысына негізделген (1-сурет). Экструдирленген көп дәнді масса *1* экструдерден матрицаның осьтік арнасы *5* арқылы ығыстырылып шыққан кезде экструдирленген көп дәнді масса тік арна *4* бойынша *2* салма толтырғыш қондырғыдан берілетін жеміс-жидек салмасының массасын қаптайды және нәтижесінде дайын коэкструдирленген көп дәнді өнім алынады.

Дайындық дәрежесі жоғары көп дәнді өнімдерді өндіру технологиясын әзірлеу бойынша эксперименттік зерттеулер LT65L типті өнеркәсіптік екі шнекті экструдерде *1* жүргізілді. Құрылғының конструкциясында экструдирленген өнімдерді өндіру технологиясын жетілдіруге бағытталған заманауи инженерлік шешімдер жүзеге асырылады.



LT65L типті қос шнекті экструдер 1 құрғақ көп дәнді ұн қоспасының дозатор-шанағымен

Салманы дайындауға және толтыруға беруге арналған қондырғы 2

Тік 4 және осьтік 5 арналары бар экструдер матрицасы

Экструдер мен салма толтырғыштың бірлескен жұмысы

Сурет 1. Екі шнекті экструдер және салма толтырғыш қондырғы

Салма дайындағыш және толтырғыш *2* көп дәнді қоспаны экструдирлеу кезінде әртүрлі массадағы қоспаларды дайындауға және айдауға арналған. Қондырғының ішінде пышақтары бар араластырғыш орналастырылған, оның қозғалысы тік айналу осінің айналасында жүреді. Араластырғыш жеміс-жидек салмасының массасын араластыруға көмектеседі, оның қатаюына немесе қоюлануына жол бермейді.

Екінші жағынан, жеміс-жидек салмасының массасы арнайы термостаттың көмегімен 40-50 °С дейін қыздырылады. Қондырғының төменгі бөлігіне тік арнаға *4* қосылған саптамалар (форсунка) арқылы толтыру массасын белгілі бір қысымымен айдау үшін сорғы (насос) орнатылған. Тік арна 90 градус бұрышта экструдирленген көп түйіршікті массаны сығуға арналған осьтік арнаға *5* түйіседі.

Салма толтыру процесі экструдирлеу арнасынан көп дәнді массаның шығу жылдамдығын теңестіру арқылы жүзеге асырылады. Тиісті рецепт бойынша арақатынаста жеміс-жидек салмасының массасын дайындау салма толтырғышта жүзеге асырылады. Қысыммен толтырғыштан жасалған жеміс-жидек салмасының массасы саптамалар арқылы матрицаның тік және осьтік арналарға беріледі.

Экструдирленген массаны осьтік канал арқылы сығу процесінде белгілі бір қысыммен тік арнамен жеміс-жидек қоспасы беріледі, ол осьтік бағытта сығылған массамен жабылады немесе қапталады. Бұл жағдайда жеміс-жидек қоспасы біртұтас коэкструзиялық масса түзе отырып, салмаға айналады.

Жеміс-жидек салма технологиясының мәні келесідей. Өндіріске түсетін жемістер мен жидектер уытты элементтердің, нитраттардың, пестицидтердің, радионуклидтердің, ішек патогенді қарапайымдыларының, гендік-модификацияланған организмдердің гельминт жұмыртқалары мен кисталарының құрамы айқындалатын сапа бойынша тексеріледі

(бақыланады), бұл ретте талдау нәтижелері нормативтік-құқықтық актілерде белгіленген нормалардан аспауға тиіс.

Әрі қарай, жемістер барлық ластаушы заттар толығымен жойылғанша арнайы жуу машиналарында таза ағынды суда жуылады. Жуғаннан кейін жемістер сапасына қарай тексеріледі, ал шіріген, көгерген, ластанған және зиянкестерден зардап шеккен жемістер таңдалады. Тексеруден кейін жемістер душ астында екінші рет жуылады. Жуғаннан кейін жемістер тең бөліктерге кесіліп, елек беттерінің тесіктерінің диаметрі 1,2 мм-ден аспайтын әр түрлі маркалы езгілеу машиналары арқылы езбе тәрізді масса алынғанға дейін өткізіледі, бұл ретте құрамы бойынша біртекті масса алынғанға дейін процесті бақылау қажет. Ірі, езілмеген жеміс бөлшектерінің болуына жол берілмейді. Кесу процесін қоспағанда, жоғарыда сипатталғанға ұқсас жидек шикізатын дайындау және езгілеу машиналарында саңылаулардың диаметрі 0,8 мм болатын елек беттерін қолдану процесі бөлек жүргізіледі.

Алынған жеміс-жидек езбесі рецептурада белгіленген арақатынаста әрі қарай технологиялық өңдеу үшін бөлек тамақ ыдыстарына толтырылады.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Арпа, жүгері, сұлы, қарақұмық және тарының толық түрде ұнтақталған дәндерінің ұнынан тиісті ғылыми негізделген мөлшерде құрастырылған қоспасының екі рецептурасы (1-ші және 2-ші кестелер) дайындалды.

Көп дәнді ұнның дайындалған рецептурасының тағамдық құндылығын есептеу үшін біз 2013 жылғы 8 қарашадағы №1495 авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Сертификатқа сәйкес «Дайындық дәрежесі жоғары өнімдерді өндіру үшін көп дәнді қоспаның рецептурасының есебі» компьютерлік бағдарламаны [7] қолдандық.

Экструдирленген тағамның рецептурасы жеміс-жидек шикізатының кең ассортиментінің химиялық құрамын талдау негізінде жасалды. Сонымен қатар, жеміс-жидек шикізаты минералдардың, дәрумендердің және маңызды аминқышқылдарының негізгі көзі болып табылады.

Ұсынылған технологияның міндеті – толыққанды табиғи компоненттерді, атап айтқанда жеміс-жидек шикізатын салма ретінде қолдану арқылы экструдирленген өнімнің тағамдық және биологиялық құндылығын жақсарту болып табылады.

Кесте 1

Дайындық дәрежесі жоғары көп дәнді өнімнің №1 рецептурасы

Компонент атауы	Құрамы
Толық түрде ұнтақталған арпа ұны	6,36%
Толық түрде ұнтақталған жүгері ұны	42,75%
Толық түрде ұнтақталған сұлы ұны	20,0%
Толық түрде ұнтақталған қарақұмық ұны	24,54%
Толық түрде ұнтақталған тары ұны	6,35%
Тағамдық және биологиялық құндылықтың теориялық мәні	
Қоспадағы ақуыздың теориялық құрамы	14,28
Қоспадағы крахмалдың теориялық құрамы	62,32
Қоспадағы талшықтың теориялық құрамы	7,46
Қоспадағы майдың теориялық құрамы	5,96

Салмасы бар көп дәнді коэкструдирленген тамақ өнімі – дәрумендер мен аминқышқылдарының құрамын, сондай-ақ коэкструдирленген өнімнің

дәмдік қасиеттерін жақсартатын жеміс-жидек шикізатын енгізу есебінен байытылған өнім.

Бұл технологиялық шешімге ғылыми негізделген рецепт бойынша құрастырылған көп дәнді қоспасының негізінде әзірленген белгілі экструдирленген өнімге құрамында 10% құрғақ заттар бар жеміс-жидек шикізатынан джем түрінде алдын ала дайындалған салма енгізілетіндігімен қол жеткізіледі, құрамында жеміс езбесі, кондицияға жеткізілген, тазартылған жидектерден жидек езбесі, 15% қант болады.

Кесте 2

Дайындық дәрежесі жоғары көп дәнді өнімнің №2 рецептурасы

Компонент атауы	Құрамы
Толық түрде ұнтақталған жүгері ұны	16,66%
Толық түрде ұнтақталған сұлы ұны	26,20%
Толық түрде ұнтақталған қарақұмық ұны	50,0%
Толық түрде ұнтақталған тары ұны	7,14%
Тағамдық және биологиялық құндылықтың теориялық мәні	
Қоспадағы ақуыздың теориялық құрамы	14,04
Қоспадағы крахмалдың теориялық құрамы	59,753
Қоспадағы талшықтың теориялық құрамы	10,281
Қоспадағы майдың теориялық құрамы	5,706

Әрі қарай, рецептура бойынша белгіленген арақатынаста жеміс-жидек шикізаты бір мезгілде пісіру қазандығына немесе вакуумдық аппаратқа жүктеледі, қанттың белгіленген мөлшері қосылады (алдын-ала кесектерді кетіру үшін електен өткізіледі) және 90-95°С температураға дейін қыздырылады және 10-15 минут ұсталады, бұл жағдайда алынған массаны үнемі араластырылады. Алынған джем тағамдық контейнерлерге салынып, табиғи түрде бөлме температурасына дейін салқындатылады.

Салма рецептурасын дайындау кезінде олар 3-кестеде көрсетілген келесі мәндері басшылыққа алынды.

Кесте 3

Жеміс-жидек салмасы рецептурасы

№1 рецептура	Алма езбесі – 30%	Қарақат езбесі – 55%	Қант – 15%
№2 рецептура	Киви езбесі – 35%	Таңқурай езбесі – 50%	Қант – 15%

Әрі қарай, бөлме температурасына дейін салқындатылған жеміс-жидек салмасының массасы экструдердің матрицалық аймағына әр түрлі массадағы қоспаларды айдауға арналған механикаландырылған контейнерге толтырылады. Осыдан кейін жеміс-жидек салмасы компрессор жасаған қысыммен басылады және белгілі әдіске сәйкес көп дәнді қоспасын өңдеу жүргізілетін экструдерге жіберіледі [17.02.2014 ж. ҚР № 28102 инновациялық патент]

Рецептуралар коэкструдирленген тамақ технологиясының ажырамас бөлігі болып табылады, олардың негізгі мақсаты – өзіне тән сапалық және дәмдік қасиеттері бар өнімдердің қажетті түрін алуды шарттайтын шикізаттың дұрыс арақатынасын белгілеу. Рецептуралар өнімнің әр түрін өндіруге арналған шикізаттың нормативті шығынын белгілейді, бұл шикізат шығынын қатаң ескеруге мүмкіндік береді. Дайын өнімнің өзіндік құнын есептеу және өнімнің өзіндік құнын анықтау кезінде рецептура өнім бірлігіне

жұмсалатын шикізаттың шығындарын анықтауға мүмкіндік беретін негізгі құжат болып табылады.

Жеміс-жидекпен толтырылған коэкструдирленген тамақ өнімдерінің рецептурасын әзірлеу кезінде есеп бойынша дайын өнімнің шығуын ескере отырып, тағамдық құндылығын есептеу жүргізілді (4-кесте).

Кесте 4

100 грамм өнімге шаққанда есеп бойынша өнімнің шығуын ескере отырып, жеміс-жидек салмалы экструдирленген тамақ өнімдерінің тағамдық құндылығын есептеу

Компоненттің атауы	Салу нормасы, г	Ақуыз, г	Май, г	Көмірсулар, г	Қанттар, г.	Энергетикалық құндылық, ккал/кДж
Коэкструдирленген өнім № 1						
Жеміс-жидекті салма (алма+қарақат)	25	0,6	0,1	39,9	8,5	195,2/815,94
Көп дәнді қоспа (1-кесте)	75	12,0	3,85	62,5	3,2	384,44/1608,50
Барлығы шикізат жиынтығында	100	12,6	3,95	102,4	11,7	540,01/2257,24
Термиялық өңдеу кезіндегі шығындар, г	5	0,63	0,2	5,12	0,6	27,0/112,86
Дайын өнімнің жиынтығы	95	11,97	3,75	97,28	11,1	567,01/2144,38
Коэкструдирленген өнім № 2						
Жеміс-жидекті салма (киви+таңқурай)	25	0,8	0,4	30,5	8,8	162,24/678,2
Көп дәнді қоспа (2-кесте)	75	12,0	3,85	62,5	3,2	351,36/1470,09
Барлығы шикізат жиынтығында	100	12,8	4,25	93,0	12,0	507,05/2119,5
Термиялық өңдеу кезіндегі шығындар, г	5	0,64	0,21	4,65	0,6	25,35/106,0
Дайын өнімнің жиынтығы	95	12,16	4,04	88,35	11,4	481,7/2013,5

Дайын өнімнің тағамдық құндылығын есептеу коэкструдирленген тамақ өнімдерін өндіруге арналған шикізаттың химиялық құрамын талдау нәтижелері негізінде жүргізілді. Жүргізілген есептеу нәтижесінде жасалынған рецептураның өңдеуден бұрын және өңдеуден кейін теориялық тағамдық құндылығы анықталды.

Коэкструдирленген тамақ өнімдерінің сапа көрсеткіштерін зерттеу және қауіпсіздігін бағалау жүргізілді.

Төменде жеміс-жидек салмасы бар дайындық дәрежесі жоғары коэкструдирленген тағамдардың сапасын, тағамдық қауіпсіздік көрсеткіштерін және тұтынушылық қасиеттерін анықтау бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері келтірілген.

Жүргізілген зерттеулер шеңберінде шикізат пен коэкструдирленген өнімдердің органолептикалық, физика-химиялық, микробиологиялық және тағамдық қауіпсіздік көрсеткіштері стандартты көрсеткіштер бойынша бағаланды.

Зертханалық зерттеулер нәтижесінде экструдирленген өнім өндіруге арналған шикізаттың сапасы анықталды. Көп дәнді қоспасы, жеміс-жидек салмасы (екі рецептура) негізінде экструдирленген өнімнің сапасы мен азық-түлік қауіпсіздігінің көрсеткіштерін зерттедік. Көп дәнді қоспасына негізделген экструдирленген өнімді зертханалық сынау нәтижелері алынды. Бұл өнім коэкструдирленген тамақ өнімдерін өндіруге негіз болды.


Ұсынылған деректер коэкструдирленген өнімді өндіру үшін негіз нормативтік-техникалық құжаттардың қойылатын талаптарына сәйкес келетіндігін көрсетеді. Азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштерінің нақты мәндері шекті мәннен аспайды, ал жоғары тұтынушылық артықшылықтар өнімге дайындық дәрежесі жоғары өнімдер нарығында өз орнын бере алады.

Әрі қарай, коэкструдирленген тамақ өнімдерін өндіруге арналған қоспалардың сапасы зерттелінді. Зерттеу объектісі жеміс-жидек шикізатының салмасы болды.

2-суретте жеміс-жидек салмасының: №1 (алма+қарақат) және №2 (киви+таңқурай) салыстырмалы сипаттамасы келтірілген.

Ұсынылған салыстырмалы талдау №2 салмасы (киви+таңқурай) көптеген сапа көрсеткіштері бойынша №1 салмадан (алма+қарақат) жоғары мәндермен ерекшеленетінін көрсетеді. Дегенмен «көмірсулардың массалық үлесі, %» көрсеткіші бойынша ғана артта қалады, бұл №1 толтырудағы (алма+қарақат) 30,5% мәндеріне сәйкес келді. «Құрғақ заттардың массалық үлесі, %» және «титрленетін қышқылдық, %» көрсеткіштері бойынша сәйкесінше 10% және 0,6% мәндерінде болады.

Азық-түлік қауіпсіздігі көрсеткіштері бойынша мынадай мәндер белгіленді (5-кесте).



1 – құрғақ заттардың массалық үлесі, %; 2 – титрленетін қышқылдық, %; 3 – қанттардың (жалпы) массалық үлесі, %; 4 – қанттардың (төмендететін) массалық үлесі, %; 5 – пектинді заттардың массалық үлесі, %; 6 – судың массалық үлесі, %; 7 – ақуыздың массалық үлесі, %; 8 – майдың массалық үлесі, %; 9 – көмірсулардың массалық үлесі, %; 10 – органикалық қышқылдардың массалық үлесі, %; 11 – күлдің массалық үлесі, %


Сурет 2. Коэкструдирленген тамақ өнімдерін өндіруге арналған жеміс-жидек салмасының (алма+қарақат және киви+таңқурай) сапалық сипаттамаларын салыстырмалы талдау

Кесте 5

Жеміс-жидек салмасының тағамдық қауіпсіздігі көрсеткіштерінің мәндері

Көрсеткіш атауы	Салма	
	алма+қарақат	киви+таңқурай
КМАФАнМ, КОЕ/г	4×10^2	4×10^2
БГКП (колиформалар) 1,0 г-да	табылмады	табылмады
Патогенді микроорганизмдер, соның ішінде 25 г-да сальмонеллалар	табылмады	табылмады
Ашытқы, КОЕ/г	<10	<10
Зең, КОЕ/г	табылмады	табылмады
Улы элементтер, мг/кг қорғасын мышьяк кадмий сынап	табылмады	табылмады
Микотоксиндер, мг/кг патулин	табылмады	табылмады

Жеміс-жидек салындысы бар коэкструдирленген тамақ өнімдерінің (№1 – алма+қарақат салындысы бар, №2 – киви+таңқурай салындысы бар) сапасы зерттелді. Зертханалық зерттеулердің нәтижелері 3-суретте көрсетілген.



1 – нормаға сәйкес келмейтін ұсақ-түйектер мен таяқшалардың массалық үлесі, %; 2 – ылғалдың массалық үлесі, %; 3 – ақуыздың массалық үлесі, %; 4 – құрғақ затқа есептегенде майдың массалық үлесі, %; 5 – құрғақ затқа есептегенде жалпы қанттың массалық үлесі, %; 6 – крахмал құрамы, %

Сурет 3. Салмасы бар коэкструдирленген тағамның сапалық сипаттамаларын салыстырмалы талдау

Ұсынылған деректерді талдау коэкструдирленген өнімді өндіру үшін жеміс-жидек салмасының тағамдық қауіпсіздік көрсеткіштері нормативтік-техникалық құжаттамада көрсетілген рұқсат етілген мәндерден аспайтынын көрсетеді. Ұсынылған деректер әзірленген өнімнің азық-түлік қауіпсіздігінің талаптарына сәйкес келетіндігін көрсетеді.

Коэкструдирленген өнімдердің тамақ қауіпсіздігі көрсеткіштері 6-кестеде келтірілген.

Кесте 6

Коэкструдирленген өнімдердің тамақ қауіпсіздігі көрсеткіштерінің мәндері

Көрсеткіш атауы	№1 және №2 салмалы коэкструдирленген өнім	
	алма+қарақат	киви+таңқурай
КМАФАнМ, КОЕ/г	1×10^2	1×10^2
БГКП (колиформалар), в 1,0 г	-	-
Патогенді микроорганизмдер, соның ішінде сальмонеллалар 25 г	-	-
B. cereus, в 0,1 г	-	-
Зең, КОЕ/г	< 0	<10
Улы элементтер, мг/кг қорғасын мышьяк кадмий сынап	 0,1 - 0,001 -	 0,1 - 0,001 -
Микотоксиндер, мг/кг: афлатоксин B_1 Т-2 токсин зеалерон охратоксин А	 - - - -	 - - - -
Радионуклидтер, Бк/кг: цезий-137 стронций-90	 3,5 1,0	 3,5 1,0

6-кестеде келтірілген мәліметтерді талдау мынаны көрсетті. Ауыр металл тұздарының мөлшері қорғасын үшін 0,1 мг/кг, ал кадмий үшін 0,001 мг/кг, мышьяк пен сынаптың іздері табылған жоқ. КМАФАнМ көрсеткіші 1×10^2 КОЕ/г, бұл да рұқсат етілген мәндерге сәйкес келеді. Микотоксиндер табылған жоқ. Мұндай оң микробиологиялық сипаттама коэкструзия процесі 140°С дейін көп мөлшерде жылу шығарумен қатар жүретіндігімен түсіндіріледі, нәтижесінде патогендік микрофлора өледі.

Қорытынды. Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Тағам және қайта өңдеу өнеркәсібі технологиялары» Халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының «Тағам экструзиясы» зертханасында жүргізілген зерттеулер нәтижесінде дайындық дәрежесі жоғары коэкструдирленген көп дәнді өнімдердің сапа мен қауіпсіздік көрсеткіштері анықталып, олардың осындай өнімдерге қойылатын талаптарға сәйкес келетіндігі тұжырымдалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Шарман, А. Здоровое питание и технология NutriSteppe надежный путь к устойчивому здоровью [Текст]. – Алматы-Женева-Нью Йорк, 2022. – 256 с.
2. Доронин, А.Ф. Функциональное питание [Текст] / А.Ф. Доронин, Б.А. Шендеров. – М.: ГРАНТЬ, 2002. – 296 с.
3. Касьянов, Г.И. Функциональные продукты питания [Текст] / Г.И. Касьянов, Р.И. Шаззо. – М.: Просвещение, 2000. – 115 с.
4. Остриков, А.Н. Математическое моделирование течения аномально-вязких сред в каналах экструдеров [Текст]: монография / А.Н. Остриков, О.В. Абрамов, В.Н. Василенко, А.С. Попов. – Воронеж: Изд-во ВГУ, 2010. – 237 с.
5. Bouvier, J.M., Osvaldo H. Campanella. Extrusion Processing Technology. Food and Non-Food Biomaterials. – Wiley-Blackwell, 2014. – 536 p.
6. Girish, M., Ganjyal, M. Extrusion Cooking Cereal Grains Processing. – Woodhead Publishing and AACC International Press, 2020. – 546 p.
7. Оспанов, А.А., Муслимов, Н.Ж., Тимурбекова, А.К., Джумабекова, Г.Б. Расчет рецептуры полизлаковой смеси для производства продуктов высокой степени

готовности (программа для ЭВМ) [Текст] //Свидетельство о государственной регистрации прав на объект авторского права № 1495 от 08.11.2013.

Материал редакцияға 22.10.24 түсті.

А.А. Оспанов[1], Н.Ж. Муслимов[2], А.К. Тимурбекова[1], А.Т. Алмаганбетова[1]

[1]Казахский национальный аграрный исследовательский университет, г. Алматы, Казахстан
[2]Международный Таразский инновационный институт им. Ш. Муртазы, г. Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПОКАЗАТЕЛЕЙ КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ КОЭКСТРУДИРОВАННЫХ МУЛЬТИЗЛАКОВЫХ ПРОДУКТОВ ВЫСОКОЙ СТЕПЕНИ ГОТОВНОСТИ

Аннотация. Одним из способов повышения питательной и пищевой ценности экструдированных продуктов высокой степени готовности является технология внесения биологически активных компонентов, обогащенных витаминами и аминокислотами. Для производства коэкструдированных пищевых продуктов в качестве сырья используется фруктовое сырье, что существенно улучшает вкусовые свойства разрабатываемого продукта. Массовому внедрению такой технологии препятствует недостаточное исследование процессов экструзии и коэкструзии, в результате чего можно говорить о несовершенстве научной и практической базы; это препятствует созданию универсальных экспериментальных установок, необходимых для обоснования оптимальных параметров обработки различных пищевых сред. С другой стороны, отсутствие пропаганды здорового и рационального питания затрудняет включение данной категории продуктов питания в массовый рацион из-за существования национальных особенностей в питании населения, предрасположенного к высококалорийному и высокоэнергетическому питанию. Поэтому изучение показателей качества и безопасности мультизлаковых продуктов высокой степени готовности с плодово-ягодной начинкой является актуальным.

Ключевые слова: экструзия, коэкструзия, коэкструдированные продукты высокой степени готовности, биологически активные компоненты, плодово-ягодное сырье, мультизлаковый продукт, функциональное питание, начинконаполнение.

A.A. Ospanov[1], N.Zh. Muslimov[2], A.K. Timurbekova[1], A.T. Almaganbetova[1]

[1]Shakarim University of Semey, Semey, Kazakhstan

RHEOLOGICAL MECHANICAL MODEL OF MEAT AND BONE MINCED MEAT

Abstract. One of the ways to increase the nutritional and food value of highly prepared extruded products is the technology of introducing biologically active components enriched with vitamins and amino acids. Fruit raw materials are used as raw materials for the production of coextruded food products, which significantly improves the taste properties of the developed product. The mass introduction of such technology is hampered by insufficient research into the processes of extrusion and coextrusion, as a result of which one can speak of the imperfection of the scientific and practical base; this hinders the creation of universal experimental setups necessary to substantiate the optimal parameters for processing various food media. On the other hand, the lack of promotion of healthy and rational nutrition makes it difficult to include this category of food products in the mass diet due to the existence of national characteristics in the diet of the population predisposed to high-calorie and high-energy nutrition. Therefore, the

study of quality and safety indicators of highly prepared multi-cereal products with fruit and berry filling is relevant.

Keywords: extrusion, coextrusion, coextruded products of high readiness, biologically active components, fruit and berry raw materials, multi-cereal product, functional food, filling.

References

1. Sharman, A. Zdorovoye pitaniye i tekhnologiya NutriSteppe nadezhnyy put' k ustoychivomu zdorov'yu [Healthy nutrition and NutriSteppe technology a reliable path to sustainable health]. – Almaty-Geneva-New York, 2022. – 256 p. [in Russian].
2. Doronin, A.F., Shenderov, B.A. Funktsional'noye pitaniye [Functional nutrition]. – M.: GRANT, 2002. – 296 p. [in Russian].
3. Kasyanov, G.I., Shazzo, R.I. Functional food products [Functional food products]. – M.: Education, 2000. – 115 p. [in Russian].
4. Ostrikov, A.N., Abramov, O.V., Vasilenko, V.N., Popov, A.S. Mathematical modeling of the flow of abnormally viscous media in extruder channels [Mathematical modeling of the flow of abnormally viscous media in extruder channels]: monograph. – Voronezh: VSU Publishing House, 2010. – 237 p. [in Russian].
5. Bouvier, J.M., Osvaldo H. Campanella. Extrusion Processing Technology – Food and Non-Food Biomaterials, Wiley-Blackwell, 2014. – 536 p.
6. Girish, M., Ganjyal, M. Extrusion Cooking Cereal Grains Processing, Woodhead Publishing and AACC International Press, 2020. – 546 p.
7. Ospanov, A.A., Muslimov, N.Zh., Timurbekova, A.K., Dzhumabekova, G.B. Raschet retseptury polizlakovoy smesi dlya proizvodstva produktov vysokoy stepeni gotovnosti (programma dlya EVM) [Calculation of the recipe for a polycereal mixture for the production of highly prepared products (computer program)] //Certificate of state registration of rights to a copyright object No. 1495 dated 08.11.2013. [in Russian].

ҒТАМР 65.59.91

М.Х. Байгельдиева[1] – *негізгі автор*, ©
Х.А. Аубакиров[2] А.А. Тлепов[3]

[1]Докторант, [2]Ауыл шаруашылығы ғылым. канд., доцент, [3]Ауыл шаруашылығы ғылым. канд.

ORCİD *[1]https://orcid.org/0000-0002-9607-9627 [2]https://orcid.org/0000-0003-2670-4834*

[1,2]М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан
[3]«Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» ЖШС «Жамбыл ветеринария ғылыми-зерттеу станциясы», Тараз қ., Қазақстан

@ *[1]meruert860407@gmail.com*

https://doi.org/10.55956/TEDM8510

ҚҰСТАРҒА АРНАЛҒАН ЖЕМДІК ҚОСПАНЫ ӘЗІРЛЕУ ҮШІН ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚАЛДЫҚ ӨНІМДЕРІН КЕПТІРУ

Аңдатпа. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, етті тұқымды құстарды тез өсіріп, салмақ қостыратын жемдік қоспаны дайындау мақсатында мал сою бекеттеріндегі қалдық өнімдерін қайта өңдеудің инновациялық технологиясымен жаңа құрама жем қоспасы әзірленеді. Соның негізінде етті құстардың салмағын тез өсіретін рецептура жасауға мүмкіндік туады.

Тірек сөздер: жемдік қоспа, құрама жем, қан ұны, қоректік заттар, минералды заттар, жануар текті шикізат, қалдықтарды қайта өңдеу, химиялық құрамы, рацион, бройлер, жылқы қаны, ылғалдылық, протеин, май, күл.

Байгельдиева, М.Х. Құстарға арналған жемдік қоспаны әзірлеу үшін жануарлардың қалдық өнімдерін кептіру [Мәтін] / М.Х. Байгельдиева, Х.А. Аубакиров, А.А. Тлепов //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.166-171. https://doi.org/10.55956/TEDM8510

Кіріспе. Қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі дәстүр бойынша жылқы еті сыйлы қонақтарға асылып берілетін, тартылатын ас болғандықтан қазақ халқының әрбір той (ас, соғымбасы) дастарханының басты тағамы болғандықтан оның сойылу жиілігі төрт мезгілде де тоқтаған емес. Ал сою пунктеріндегі сойылып жатқан жылқылардың қаны кәріз суына кетіп жатыр. Осы экологиялық мәселені шешу, табиғатқа кері әсерін тигізбеу үшін, сою пунктеріндегі қанды қайтаөңдеп, құстарға арналған жемдік қоспа жасау қажет. Сонымен қатар, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, етті тұқымды құстарды тез өсіріп, салмақ қостыратын жемдік қоспаны сою пунктарының қалдығы болып табылатын қанды қайтаөңдеу арқылы жасау қажеттілігі туындайды.

Төрт түліктің ішіндегі түрлі аурулармен ауырмайтын жылқы малы. Жылқы қанының ұю қасиеті кептіруге ыңғайлы. Жылқы, сиыр, қойдың қанын кептіріп сынағанда, қой қаны тез ұйып, ұйыған қан қоюларының тығыздығы жоғары болып, кептіретін ыдысқа жұқалап жағу қиын. Ал жылқы қанының ұйыған қан қоюларын жұқа қабатпен кептіру ыдысына жайып, қойдың ұйыған қанына қарағанда тез кептіруге болатындығы анықталды. Қанды кептіру желдеткіші бар кептіргіш шкафта жүргізілді. Ал қанды

кептіру шығыны аз болу үшін, ыдысқа жұқалап жағылған қанды желмен кептіру тиімді екендігі анықталды.

Құрама жем, белокты-витаминді қосымшалар, премикстер және басқа құрама жем өндірісі өнімдерін шығару үшін өсімдік, жануар және минерал тектес шикізаттардың жүзден астам түрлері қолданылады. Құрама жемнің шикізат негізін дәнді дақылдар, олардың ішінде бірінші кезекте арпа мен бидай құрайды. Сонымен бірге сұлы, жүгері, тары, қонақ жүгері қолданылады. 1 т құрама жемнің 65-70% мөлшері дәнді дақылдардан тұрады. Жануар тектес жем ұндарының құндылыгы жоғары. Өйткені, олардың құрамында тиімді амин қышқылды белок көп (50-60%). Ет-сүйек, суйек ұндары кальций мен фосфорға аса бай [1].

Мал текті азықтар – бұл ет комбинаты, сою пункттары, сүт және оны өңдеуде алынатын қалдықтар, балық және аң қалдықтары және ветеринарлық-санитарлық жемдік қалдықтар [2].

Жемдік бірлікке – көлемдік салмағы 450-480 г/л, ылғалдылығы 13% сапасы жақсы сұлының қоректілігі қабылданған. Бұндай сұлыда протеин – 12%, май – 32%, клетчатка – 9,2%, азотсыз экстрактивті заттар (АЭЗ) – 58% сақталады. Жемдік бірлік осындай сападағы 1 килограмм сұлының ірі қарада 150 г мөлшерінде май жинауына ықпал етуі қабілетін көрсетеді [2].

Жануар текті шикізаттарға қорытылатын протеин, ауыстырылмайтын амин қышқылдары, витаминдер мен минералды заттарды едәуір сақтайтын, биологиялық құндылығы жоғары шикізаттар жатады. Жемдік ұндар – етті сүйек, ет, сүйек, қан, шұжықтан алынған ұн, балық ұны, кит ұны және басқа ұсақ коректі теңіз жануарларының ұндары, сүтті өндіру өңдеу өнімдері – құндылығы жоғары азықтар. Оларды барлық рецепт құрамына еңгізіп, соның нәтижесінде құрама жемнің ақуыздық, витаминдік және минералдық қоректілігін жоғарылатады [3].

Ет қалдықтарын қайта өңдеу саласын дамытудың мүмкін жолдары мыналар:

– Нано және биотехнологияларды өңдеу үрдістеріне енгізу;

– Жануарлар шикізаты негізінде жаңа өнімдер мен тауарларды әзірлеу;

– Қайтаөңдеу жабдығын жаңғырту және оның энергия тұтынуын азайту.

Толыққұнды азықтандыру және минералды қоректенудің жеткіліксіз немесе теңгерімсіздігі орын алған жағдайларда, құс ағзасынындағы қалыпты метаболизм процесі бұзылып, көбею белсенділігі нашарлайды, қолайсыз жағдайларға төзімділігі айтарлықтай төмендейді және соның салдарынан жиі өлім-жітімге алып келетін аурулар туындайды. Өнімділік пен ағзаның қорғаныс қабілетінің төмендеуінің ең көп тараған себебі – аса үлкен өндіріс жағдайындағы құс шаруашылығында жеткіліксіз және теңгерімді азықтандыруды қамтамасыз етпеу. Құс етін қарқынды түрде өндіру мақсатында олардың мыңдаған санын тауық фермаларында шоғырландыра өсіру барысында, құс ағзасындағы метаболизм үдерісінің шиеленісіне әкеледі, демек, организмдегі микро және макроэлементтердің, дәрумендердің және басқа да биологиялық белсенді заттардың қамтамасыз етілуінің төмендеуіне алып келеді.

Малазықтық және минералды қоспалар, биологиялық стимуляторлар, премикстердің әртүрлі түрлерін қолдану құс ағзасының қажеттіліктеріне сәйкес келетін қатаң белгіленген мөлшерде және арақатынаста жеткізілсе ғана оң нәтиже береді [4-6].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Үлгілерді кептіру үшін арнайы резеңке қалып қолданылды және жемдік қоспа желде кептірілді. Кептірілген жемдік қоспа құрамын анықтау үшін Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінің зертханасына сынақтан өткізуге жіберілді. Жемдік қоспа құрамын анықтау үшін FOSS NIRS 2500 аналитикалық экспресс анализатор қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Mavitec B.V. компаниясы мамандарының ойынша қанды қайта өңдеудің жаңа технологияларын өндірудің келесі кезеңі ретінде қан ұнын бөлек өнім түрінде өндіріске қоюды болжап отыр. Бұл еттісүйекті ұнды өндірудің негізгі технологиялық процессінен қанды толық шығарып тастауға мүмкіндік береді. Осы мәселені шешу үшін коагулятор мен декантерден тұратын технологиялық тізбекке қанды кептіру мен үгіту жабдықтары қосылуы қажет, делінген.

Технологиялық тізбекке қанды кептіру мен үгіту жабдықтарын қосу мәселесін шешу үшін резеңке қалыпты қолдана отырып, желде кептіру әдісі ұсынылды. Жылқы қанын кептіру үрдісі тез жүруі үшін және біріккен гранулалар алу үшін жылқы қанына кебек қосылып кептірілді (1, 2, 3, 4-суреттер).



Сурет 1. Бидайдың кебегі



Сурет 2. Ұйыған қан кебекпен араластырылды



Сурет 3. Кебек пен қан араласқан қоспа



Сурет 4. Кепкен кебек пен қан қоспасы

Кебек пен қан қоспасын кептіру үшін арнайы резеңке қалып қолданылды және жемдік қоспа желде кептірілді. Қоспа кепкеннен кейін тағы қосымша гранулдау процессін қысқарту үшін, яғни артық шығын және уақыт пен күш жұмсамас үшін резеңке қалып қолданылды. Резеңке қалыптың формасы құстың азықтануына ыңғайлы көлемде таңдалған. Кебек пен қан

біріңгай масса болғанға дейін араластырылды. Қоспа резеңке қалыпқа салынып желде кептірілді. Кептірілген жемдік қоспа құрамын анықтау үшін Астана қаласындағы С. Сейфуллин атындағы агротехникалық университетінің зертханасына сынақтан өткізуге жіберілді. Сынақ нәтижелері 5, 6, 7-суреттерде көрсетілген.

Sample Information	
Product:	**Мука Мясокостная v3 (МЧ)**
Sample type:	Normal
Analysis time:	15:53:42
Analysis date:	12-11-2024
Sample handling:	Small cup
Sample number:	комбикорм 1:2
Database ID:	1 170 604
Примечание	

Parameter	Value	GH	NH	t-statistics	SD	Min	Max
Влажность (%)	8.0	20.71	14.92	1.57	0.45	7.42	8.65
Протеин (%)	49.6	22.13	15.56	-1.07	0.25	49.01	49.81
Жир (%)	5.9	18.71	12.17	-1.87	1.11	4.4	7.4
Зола	5.52	82.69	68.37	-1.20	0.111	5.413	5.658

Сурет 5. 100 гр қан мен 200 гр кебек қосылып кептірілген жемдік қоспаның сынақ нәтижесі

Sample Information	
Product:	**Мука Мясокостная v3 (МЧ)**
Sample type:	Normal
Analysis time:	15:53:21
Analysis date:	13-11-2024
Sample handling:	Small cup
Sample number:	комбикорм 5:7
Database ID:	1 170 613
Примечание	

Parameter	Value	GH	NH	t-statistics	SD	Min	Max
Влажность (%)	6.5	23.33	14.61	0.81	0.32	6.04	6.96
Протеин (%)	49.5	28.47	19.57	-1.07	0.34	48.98	49.96
Жир (%)	12.2	24.85	16.09	0.08	0.32	11.87	12.76
Зола	7.01	106.92	89.17	-1.06	0.27	6.488	7.267

Сурет 6. 500 гр қан мен 700 гр кебек қосылып кептірілген жемдік қоспаның сынақ нәтижесі

Instrument Report

Sample List

Instrument: КАТУ имени С.Сейфуллина — Network:

Start time: 12.11.2024 15:53:42 — End time: 12.11.2024 15:56:19 — Instrument Group:

Product	Sample type	Date	Time	Sample number	Влажность (%)	Протеин (%)	Жир (%)	Зола
Мука Мясокостная v3 (МЧ)	Normal	12.11.2024	15:56:19	комбикорм 1:7	6.7	49.6	11.7	7.15
Мука Мясокостная v3 (МЧ)	Normal	12.11.2024	15:53:42	комбикорм 1:2	8	49.6	5.9	5.52

Сурет 7. Жемдік қоспаларды сараптаудың салыстырмалы нәтижелері

Қорытынды. Бұл әдіс жақсартылған дәмі, жоғары тағамдық құндылығы және жақсы сіңімділігі бар жемдік қоспаны береді.

Жануарлардан алынатын жемшөп қоспалары, тіпті аз мөлшерде болса да, құрама жемнің негізін құрайтын өсімдік тағамдарының сіңімділігін жақсартады. Мақалада жануарлар қанын азықтық қоспа ретінде пайдаланудың маңызы көрсетіледі.

Әдебиеттер тізімі

1. Байбатыров, Т.А. Құрама жем өндірісінің технологиясы [Мәтін]: оқу құралы / Т.А. Байбатыров. – Алматы: Альманахъ, 2022. – 182 б.
2. Аубакиров, Х.А. Наладка переработки вторичных продуктов лошадей – путь к безотходной технологии продуктов коневодства [Текст] / Х.А. Аубакиров // Вестник Киргизского аграрного университета. – 2011. – № 1(19). – С. 92-94.
3. Аубакиров, Х.А. О переработке вторичных продуктов коневодства [Текст] / Х.А. Аубакиров, К.Ж. Сейтбаев // Вестник Росийской академии с-х. наук. – 2011. – № 3. – С. 65-66.
4. Аубакиров, Х.А. Значение и выгоды безотходной перерабоки вторичных продуктов убоя сельскохозяйственных животных [Текст] / Х.А. Аубакиров, М.Д. Кенжеходжаев // Н.А. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына арналған «Агроөнеркәсіптік кешенді алға шығаратын ақылды технологиялар» тақырыбындағы аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Тараз: [?], 2018. – С. 17-20.
5. Аубакиров, Х.А. Значение переработки отходов мясной промышленности [Текст] / Х.А. Аубакиров, М.Х. Байгельдиева, М.Д. Кенжеходжаев, М.Ш. Гаражаев // Международная научно-практическая конференция «Состояние и перспективы развития ветеринарии и животноводства в Республике Казахстан», посвященная 80-летию академика НАН РК, доктора ветеринарных наук, профессора Сайдулдина Тлеуберды. – Алматы: ҚазҰАЗУ, 2023. – С. 653-659.
6. Baigeldiyeva M.Kh., Aubakirov Kh.A., Kenzhekhodzhaev M.D. Results of determining the nutritional composition of meat and bone meals intended for fodder mixture // Mechanics and Technology / Scientific journal, 2024. No.1 (83). P.24-31.

Материал редакцияға 14.12.24 түсті.

М.Х. Байгельдиева[1], Х.А. Аубакиров[1], А.А. Тлепов[2]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан
[2]«Жамбылская научно-исследовательская ветеринарная станция» филиал ТОО «Казахский научно-исследовательский ветеринарный институт», г. Тараз, Казахстан

СУШКА ОТХОДОВ ЖИВОТНОВОДСТВА ДЛЯ ПРИГОТОВЛЕНИЯ КОРМОВ ДЛЯ ПТИЦЫ

Аннотация. В целях обеспечения пищевой безопасности будет разработана новая комбикормовая смесь с использованием инновационной технологии переработки отходов боен с целью приготовления кормовой смеси для быстрого роста и набора массы мясных птиц. На основе этого можно создать рецепт, который позволит быстро увеличить вес мясной птицы.

Ключевые слова: кормовая смесь, комбикорм, кровяная мука, питательные вещества, минеральные вещества, сырье животного происхождения, отходы переработки, химический состав, рацион, бройлер, лошадиная кровь, влага, белок, жир, зола.

M.Kh. Baigeldiyeva[1], H.A. Aubakirov[1], A.A. Tlepov[2]

[1]M.Kh.Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan
[2]"Zhambyl research veterinary station" of the "Kazakh scientific research veterinary institute" LLP, Taraz, Kazakhstan

DRYING OF LIVESTOCK WASTE FOR PREPARATION OF POULTRY FEED

Abstract. In order to ensure food safety, a new feed mixture will be developed using innovative technology for recycling slaughterhouse waste to prepare a feed mixture for rapid growth and weight gain of meat birds. Based on this, a recipe can be created that will allow for a rapid increase in the weight of meat birds.

Keywords: feed mixture, compound feed, blood meal, nutrients, minerals, raw materials of animal origin, processing waste, chemical composition, diet, broiler, horse blood, moisture, protein, fat, ash.

References

1. Baibatyrov, T.A. Kurama zhem ondirisinin tehnologiyasy [Technology of production of mixed feed]: textbook. – Almaty: Al'manah, 2022. – 182 p. [in Kazakh].
2. Aubakirov H.A. Naladka pererabotki vtoričnyh produktov lošadej – put' k bezothodnoj tehnologii produktov konevodstva [Setting up the processing of secondary products of horses – the way to waste-free technology of horse breeding products] //Bulletin of the Kyrgyz Agrarian University. – 2011. – No. 1(19). – P. 92-94. [in Russian].
3. Aubakirov H.A., Sejtbaev K.Zh. O pererabotke vtorichnyh produktov konevodstva [On the processing of secondary products of horse breeding] // Bulletin of the Russian Academy of Agricultural Sciences. – 2011. – No. 3. – P. 65-66. [in Russian].
4. Aubakirov H.A., Kenjekhodjaev M.D. Znachenie i vygody bezothodnoj pereraboki vtorichnyh produktov uboya sel'skohozaistvennyh zhivotnyh [The importance and benefits of waste-free processing of secondary products of slaughter of agricultural animals] //N.A. Nazarbaevtyň «Bolašak¸k¸a baġdar: ruhani žaňġyru» baġdarlamalyk¸ mak¸alasyna arnalġan «Agroönerkəsíptík kešendí alġa šyġaratyn ak¸yldy tehnologiâlar» tak¸yrybyndaġy ajmak¸tyk¸ ġylymi- təžíribelík konferenciâsynyň materialdary [Materials of the regional scientific and practical conference on the topic "smart technologies for the promotion of the agro - industrial complex" dedicated to the program article of N.A. Nazarbayev "Looking to the future: modernization of public consciousness". – Taraz: [?], 2018. – P. 17-20. [in Russian].
5. Aubakirov H.A., Baygeldieva M.Kh., Kenzhekhodzhaev M.D., Garazhaev M.Sh. Znacheniye pererabotki otkhodov myasnoy promyshlennosti [The importance of processing waste from the meat industry] //Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya «Sostoyaniye i perspektivy razvitiya veterinarii i zhivotnovodstva v Respublike Kazakhstan», posvyashchennaya 80-letiyu akademika NAN RK, doktora veterinarnykh nauk, professora Sayduldina Tleuberdy [International Scientific and Practical Conference "State and Prospects for the Development of Veterinary Medicine and Animal Husbandry in the Republic of Kazakhstan" dedicated to the 80th anniversary of Academician of the NAS RK, Doctor of Veterinary Sciences, Professor Saiduldin Tleuberdy]. – Almaty: KazUAZU, 2023. – P. 653- 659. [in Russian].
6. Baigeldiyeva M.Kh., Aubakirov Kh.A., Kenzhekhodzhaev M.D. Results of determining the nutritional composition of meat and bone meals intended for fodder mixture //Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2024. – No.1 (83). – P.24-31.

ҒТАМР 70.17.29: 67.13.25

Қ.Ж. Момбаев[1] – *негізгі автор*, ©
М.Н. Сенников[2], **Қ.Қ. Қалтай**[3]

[1,3]*Докторант*, [2]*Техн. ғылым. д-ры, профессор*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0001-5941-8100* [2]*https://orcid.org/0000-0003-4944-2128*
[3]*https://orcid.org/0009-0003-9972-3865*

[1,2,3]*М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті*,
Тараз қ., Қазақстан

[1]*kaira_kz@list.ru*

https://doi.org/10.55956/JKVG4974

ШУ ӨЗЕНІНДЕГІ ТАСӨТКЕЛ СУ ҚОЙМАСЫ БӨГЕТІНІҢ СЕЙСМИКАЛЫҚ КҮШТЕРГЕ ТӨЗІМДІЛІГІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада Шу өзеніндегі Тасөткел су қоймасы туралы айтылған. Тасөткел су қоймасы, Шонкемин өзені сағасынан төмен қарай батыс бағытта кеңейетін Шу аңғарының ортаңғы бөлігінде орналасқан.

Су шаруашылығы есептері маусымдық ағынды реттеу үшін орындалған. Су қоймасының жұмыс істеуі мен толысу кезеңі су қоймасы тұстамасына ағып келетін ағын мен су тұтыну мөлшерінің қатынасымен анықталған. Су қоймасын толтыру қараша айынан басталып, сәуір айында ең үлкен көрсеткішіне жетеді, су қоймасының су беруі маусым айының екінші онкүндігінен басталып, қазан айының соңына дейін жалғасады. Су қоймасынан су тастау мөлшері артық ағын және төменгі ағыстағы суға қажеттілікпен анықталады. Су қоймасы қараша-желтоқсан айларында босатылады және ағып келетін ағынмен толтырылмай жұмыс істейді. Су тастағыш құрылымының барлық жапқыштары, ағын транзиті шамасын өткізуге ашық етіп қойылған.

Тірек сөздер: Шу өзені, Тасөткел су қоймасы, бөгет, су қоймасы сыйымдылығы, ағын, су шығарғыш, су тастағыш, тұстама, кәріз.

Момбаев, Қ.Ж. Шу өзеніндегі тасөткел су қоймасы бөгетінің сейсмикалық күштерге төзімділігі туралы [Мәтін] / Қ.Ж. Момбаев, М.Н. Сенников, Қ.Қ. Қалтай //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.172-181. https://doi.org/10.55956/JKVG4974

Кіріспе. Тасөткел су қоймасы, Шонкемин өзені сағасынан төмен қарай батыс бағытта кеңейетін Шу аңғарының ортаңғы бөлігінде орналасқан. Шу ойпатының жазық беті шығысында биіктік белгісі 1300,0 м-ден батысқа қарай 120,0 м-ге дейін ақырындап төмендейді. Қырғыз жоталарынан Шу ойпатының жазықтық рельефіне өту, тау бөктері және аласа таулы төбелер ретінде байқалады, және ірі кесекті тасындылармен толыққан. Солтүстік батысында Шу ойпаты Мойынқұм шөлінің жазық кеңістігі мен Бетпақдала жазықтығына ұласады.

Тасөткел су қоймасы ауданында Шу өзенінің аңғары – оң жағынан Шу-Іле тауларының жатық оңтүстік-батыс қыраттарымен шектеледі. Сол ернеуі

Шу ойпатының далалық жазықтығындағы сарғыш топырақты массивтен түзіледі.

Шу өзенінің аңғары көлденең бағытта, әртүрлі түйіршіктегі құм қабаттарымен дөңбек тастардан түзілген, өзен бойымен өтетін ені 50-60 м жайылмалық террасадан тұрады. Шу аңғарындағы өзен арнасы анық байқалады, қазылу тереңдігі 10 м және ені 30-50 м шамасында. Жағалардың биіктігі 1,0-3,0 м, кейде 5,0 м-ден жоғары құрайды. Өзен бойында жайылмалар мен аралшалар жеткілікті.

Тасөткел су қоймасынан төменде орналасқан суармалы массивтер – Жамбыл облысының Шу, Мойынқұм және Сарысу аудандары аумағында орналасқан. Тұрақты суару аудандары негізінен Шу және Мойынқұм аудандарында жайғасқан. Қарастырып отырған өзен алабының климаттық жағдайларына бір жағынан Бетпақдала және Мойынқұм шөлдерінің, екінші жағынан – Шу-Іле тауларының ауа-райы қатты әсер етеді. Жалпы алғанда, алаптың климаты жоғары жылу қамтамасыздығымен сипатталады.

Бірақ, табиғи ылғал қамтылығы жетіспеушілігі мен ауданның құрғақтығына байланысты, көптеген ауыл шаруашылығы дақылдарын суарусыз өсіруге мүмкіндік бермейді. Суару үшін негізгі су көзі – Шу өзені болып табылады. Шу өзені республикааралық мақсатта пайдаланылады, оның ағыны Қырғызстан мен Қазақстан арасында бөлінеді (52% және 48% тиісінше). Су қоймасының айдыны дайындалған сайдағы табиғи қазаншұңқырда орналасады.

Ғылыми жұмыста 2018 жылы жобаланған «Жамбыл облысы Шу ауданындағы Тасөткел су қоймасы бөгетінің сейсмикалық төзімділігін көтеру бойынша 1-2 кезектегі қайта құру» жұмысын талдау жүргізіледі [1].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жоғарыда айтылған жобаның мақсаты су қоймасы пайдалану кезеңінің ұзақ мерзімдігіне (50 жыл), және де Тасөткел бөгетінің пайдалану сипаттамаларын жақсарту үшін қажеттілікте, бөгеттің сейсмикалық төзімділігін көтеру үшін техникалық шаралар жасау болып табылады. Төменде суретте Тасөткел су қоймасы бөгетінің төменгі бьеф жағынан қарағандағы көрінісі беріледі.



Сурет 1. Тасөткел су қоймасы бөгетінің төменгі бьеф жағынан қарағандағы көрінісі (2024 жыл)

Тасөткел су қоймасы 1974 жылдан бері пайдаланылып келеді, оның жобасын жасаған «Казгипроводхоз» жобалау институты. Су қоймасының

толық жобалық көлемі 620,00 млн. м^3, ал іске қосу кезіндегі шамалас көлемі – 350,00 млн. м^3. Ирригациялық дайындалып берілген суару ауданы – 42,67 мың га, оның ішінде: 85% қамтамасыздықтағы табиғи ағын есебінен – 14,0 мың га; салынған су қоймасы есебінен – 28,67 мың га суарылады.

Тасөткел су қоймасы Шу өзенінде салынған, арналық типті, маусымдық реттеу үшін пайдаланылады, пайдалы көлемі – 551,00 млн. м^3.

Су қоймасы бөгеттік су торабының құрамына мына имараттар кіреді: топырақ (грунт) үйме бөгет, ұзындығы 5850 м; жұмысшы түпкі су шығару құрылымы, су тастағышпен бірлесіп жасалған. Су шығарғыш-су тастағыш мұнаралы типті, бес тармақты құбырлы. Төрт құбыры жұмыстық және тасқындық су тастау үшін жұмыс істесе, біреуі Тасөткел магистрал каналына су шығару үшін пайдаланылады.

Су шаруашылығы есептері маусымдық ағынды реттеу үшін орындалған. Су қоймасының жұмыс істеуі мен толысу кезеңі су қоймасы тұстамасына ағып келетін ағын мен су тұтыну мөлшерінің қатынасымен анықталған. Су қоймасын толтыру қараша айынан басталып, сәуір айында ең үлкен көрсеткішіне жетеді, су қоймасының су беруі маусым айының екінші онкүндігінен басталып, қазан айының соңына дейін жалғасады. Су қоймасынан су тастау мөлшері артық ағын және төменгі ағыстағы суға қажеттілкпен анықталады. Су қоймасы қараша-желтоқсан айларында босатылады және ағып келетін ағынмен толтырылмай жұмыс істейді. Су тастағыш құрылымының барлық жапқыштары, ағын транзиті шамасын өткізуге ашық етіп қойылған [1-6].

Тасөткел су қоймасының бөгеті жергілікті саздақты топырақтан соғылған, біртекті, 1200,0 м-дей ұзындығында, биіктігі 10-12 м құрайды. Бөгет жотасының ені – 7,5 м. Бөгет жотасының биіктік белгісі – 522,40 м. Жоғарғы жақтауының ылдилығы: бөгет жотасынан 516,0 м биіктік белгісіне дейін – 1:3,0; 516,0 м биіктік белгісінен 510,10 биіктікке дейін – 1:3,25; және 510,10 м биіктік белгісінен төмен қарай жақтау ылдилығы – 1:3,5.

Төменгі жақтауының ылдилығы: бөгет жотасынан 511,40 м биіктік белгісіне дейін – 1:2,5; ал 511,40 биіктік белгісінде ені 3,0 м берма соғылған; бермадан төмен қарай бөгет табанына дейін ылдилық – 1:3,25. Бөгеттің жоғарғы жақтауы тұтас құмшағалды төсеніш үстіне төселген темірбетонды плиталармен бекітілген, плита қалыңдығы 20 және 15 см. Төменгі жақтауы шөп өсіріліп, бекітілген. Бөгет жотасы – темірбетон бөренелермен қоршалған және бүкіл ұзындығы бойымен электр жарығы бар. Бөгет кәрізі (дренаж) диаметрі 0,25 және 0,4 м қатпарлы асбестцемент құбырдан тұрады. Бөгет кәрізінен су диаметрі 0,4 м темірбетон құбырлы кәріздік ойыстарға жіберіледі. Кәрізді тексеру және жөндеу үшін ол байқау құдықтарымен жабдықталады.

Су шығарғыш-су тастағыш құрама темірбетоннан соғылған және бес қатарлы құбыр желісінен тұрады. Су шығару құрылымының кіру бөлігі жөндеу жапқыштарын орнату үшін кіру ұштамасымен жабдықталған.

Тасөткел су қоймасы ағынның қайта қалыптасу аймағында орналасқан, қайта қалыптасатын ағын – Шу өзеніндегі су қоймалары мен жоғарыда орналасқан бөгеттердің реттелген су ресурстарынан және оның салаларынан, суармалы алқаптардың беттік және жер асты суларынан және табиғи бұлақ көздерінен құралады. Төменде кестеде Тасөткел су қоймасының негізгі параметрлері келтіріледі [1].

Кесте 1

Тасөткел су қоймасының негізгі параметрлері

Р/с	Көрсеткіш атаулары	Мөлшері
1	Пайдалануға берілген жылы	1974
2	Су қоймасымен ағынды реттеу түрі	маусымдық
3	Су қоймасының толық көлемі	620,0 млн. $м^3$
4	Су қоймасының пайдалы көлемі	551,0 млн. $м^3$
5	Су қоймасының айдыны ауданы (ҚТД 519,0 м)	77,6 $км^2$
6	Су қоймасының ұзындығы	18,0 км
7	Ең үлкен ені	8,5 км
8	Орташа ені	4,3 км
9	Жағалық бөлігінің ұзындығы	93,5 км
10	Ең жоғарғы тежелген су деңгейі	520,0 м
11	Бөгет жотасының биіктік белгісі	522,2 м
12	Бөгет парапетінің биіктік белгісі	523,3 м
13	Су тастағыш тармағы саны	4
	ҚТД – 519,0 м болғанда	321,0 $м^3/с$
	ЖТД – 520,0 м болғанда	331,0 $м^3/с$
14	Магистрал канал	50,0 $м^3/с$
15	Жоба бойынша өлі көлемнің лай басу мерзімі	58 жыл

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Жоғарыда айтып өтілгендей, Тасөткел су қоймасы ағынның қайта қалыптасу аймағында орналасқан, қайта қалыптасатын ағын – Шу өзеніндегі су қоймалары мен жоғарыда орналасқан бөгеттердің реттелген су ресурстарынан және оның салаларынан, суармалы алқаптардың беттік және жер асты суларынан және табиғи бұлақ көздерінен құралады. Тасөткел су қоймасына ағып келетін ағын – Шумыш бөгетінің төменгі бьефіндегі тасталатын сумен, сол жағалық салалардың ағынымен (Аламедин, Алаарча, Ақсу өзендері), сол жағалық салалары (Қалғұты, Қақпатас өзендері) және қайтарма сулармен толысады.

Тасөткел су қоймасына келіп түсетін негізгі су көлемі Қайнар (Благовещенка) ауылы су өлшеу тұстамасында 1974 жылдан өлшеніп келеді. Қайнар ауылы мен Тасөткел су қоймасы аралығындағы 26 км аралықта бөгенге Ақсу өзенінің сол жағалық саласы құяды, оның ағыны су торабы пайдалану қызметімен анықталады.

Төменде кестеде Тасөткел бөгеті тұстамасындағы орташа айлық және орташа көп жылдық дағдылы ағын мөлшері шамалары берілген.

Кесте 2

Тасөткел бөгеті тұстамасындағы орташа айлық және орташа көп жылдық дағдылы ағын мөлшері

Сипаттамасы													
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	IV-IX	жыл
Q, $м^3/с$													
88,3	93,7	109,6	57,8	61,9	36,7	26,9	26,1	44,5	84,1	99,8	95,9	23,7	71,3

Шу өзенінің ең жоғарғы өтімі су тасуы кезеңінде өтеді. Олар таулардағы қар мен мұздықтардың, жазық жерлердегі қарлар еруі жаңбыр жаууы есебінен, сонымен қатар еріген қар, мұз және жаңбыр суының бірлесіп әсер етуінен қалыптасады. Тасөткел бөгетінің тұстамасына ағып келетін ең жоғарғы су өтімдері, көбіне аралас жауын-шашын түрінде, қарлы-жаңбырлы судан жиналады. Апаттық су өтімдері қар еруі кезеңінде нөсер жаңбыр

үздіксіз жаууы кезінде орын алады (наурыз 1969 жыл, сәуір 2002 жыл, сәуір 2014 жыл). Көктемгі тасқын кезіндегі Шу өзенінің Тасөткел су қоймасы тұстамасындағы ең жоғарғы су өтімдерінің параметрлері төменде 3-кестеде келтіріледі [2-6].

Кесте 3

Көктемгі тасқын кезіндегі Шу өзенінің Тасөткел су қоймасы тұстамсындағы ең жоғарғы су өтімдерінің параметрлері

Жылдар	Q_{max}, $м^3/с$	Әртүрлі қамтамасыздықтағы ең жоғарғы өтімдер, $м^3/с$				
		0,01%	0,1%	1%	5%	10%
1936-2015	142	520	440	340	270	240

1969 жылы тасқын гидрографы ең жоғарғы өтімдердің айқын көрінетін екі шыңын көрсетті: алғашқысы – 15 тәулік, ал екіншісі – тасқын басталғаннан 22 тәулікте. Екінші тасқын шыңы біріншісінен жоғары болды. Су қоймасының 1969 модельдік жылдағы тасымалдау әсері ескеріліп, су тастау өтімі су қоймасының максималды биіктік белгісі 519,43 м болғанда 376,6 $м^3/с$ құраса; 2002 жылғы модельде тиісінше биіктік белгісі 519,27 м болғанда – 375,2 $м^3/с$ құрады. Екі жағдайда да, су қоймасының ЖТД ең жоғарғы биіктік белгілері 520,0 м болып, көлемі – 694,5 млн. $м^3$ құрады.

Бөгет орнықтылығын тексеру үшін, қосымша су қоймасымен 0,01% қамтамасыздықтағы тасқынға есептер орындалды, оның ең жоғарғы өтімі кепілді түзетумен – Q 0,01% = 590 $м^3/с$ болды. Бұл кездегі ең жоғарғы тасталатын су өтімдері – 1969 жылғы модельмен 382,7 $м^3/с$, ал максималды биіктік белгі 520,11 м; 2002 жылғы модельмен тиісінше – 378,9 $м^3/с$ және 519,69 м болды. Тасөткел су қоймасындағы үлкен тасқынның болуы да, екі вариант (нұсқа) үшін жасалынды: қосымша су тастаусыз және қосымша су тасталуымен. Мына нұсқа таңдап алынды: бөгет құрылымы арқылы өтетін жалпы өтім (қосымша тастаумен) 632 $м^3/с$, оның ішінде 270 $м^3/с$ су тастағыш құрылым арқылы, 362 $м^3/с$ – су қоймасының биіктік белгісі 521,33 м болған кездегі қосымша тасталатын су көлемі.

Бөгет денесін тексеру нәтижесінде оның денесіндегі негізінен грунт массалары қатты күйде екені байқалды, бірақ құмдақты топырақтар иілгіш күйде ПК9 және ПК9+50 және кейде ақпалы иілгіш күйде болатыны анықталды, ПК5-ПК12 аралығы, ол жерде ішкі үйкеліс бұрышы $12\text{-}18^0$ және үлестік үйкелісу 0,09-0,05 $кг/см^2$ аралығында. Бірақ мұндай учаскелер оншалықты көп емес, аса қатты қауіп тудырмайды.

Су қоймасынан шыққан инфильтрациялық сулардың депрессиялық қисығы судың жиегі 516,13 м болғанда су қоймасын босату кезеңіндегі жұмысының сипатын көрсетеді, ең жоғарғы толысу 1993 жылы болып, 517,97 м-ді құраған. Бөгет осінен төменгі жақтауға дейінгі депрессия қисығының төмен жағдайы мен оның жатық болу сипаты, бөгет табаны грунтының жақсы кәріздену қабілетін көрсетеді және жыл сайынғы су қоймасын жазға қарай босату кезінде өлі көлем жиегіне жақын биіктік белгісіне дейін төмендетеді.

Бөгет орналасу ауданының негізгі сейсмикалық көрсеткіші 7 балл құрайды (ҚР ҚЖ 2.03-30-2017 сәйкес). Бөгет табанындағы топырақ (грунт) категориясы – III.

Су шығарғыш-су тастағыш мұнаралы типті, бес тармақты құбырлы. Төрт құбыры жұмыстық және тасқындық су тастау үшін жұмыс істесе, біреуі Тасөткел магистрал каналына су шығару үшін пайдаланылады деп атап өттік.

Төменде 4-суретте төрт тармақты су тастау құрылымының жоғарыдан қарағандағы көрінісі және 5-суретте Тасөткел су қоймасының көрінісі беріледі.

2003 жылы бөгет денесі бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу кезінде, кәріздер жүйесін қарағанда, бірқатар ақаулар бары анықталды: бөгеттің төменгі жақтауында жаңбыр және еріген қар суларының әсері нәтижесінде дамитын ойыс жерлер мен кішігірім опырылымдар, берма бетінен ағып келетін судан болуы мүмкін. Диаметрі 1-1,5 м түзілген иірімді шұңқырлар бөгет денесіне 1-1,5 м-ге дейін еніп, бөгет жақтауы бетінде шөгу мен құлау түзуіне алып келеді. Іс жүзінде ПК 0-ден ПК 16 аралығында бүкіл жақтау бойымен ені 1,5 м және тереңдігі шамамен 0,3-1,2 м ұзындығы 10-30 м құрайтын ойыңқы жерлер бар.




Сурет 2. Тасөткел бөгетінің су тастау құрылымы



Сурет 3. Тасөткел су қоймасының бөгеті

Бөгет жақтауы табанына жақын ПК 5 маңында бірқатар беттік ойыстар түзілген. Мұндай бұзылыстар кәріздің дұрыс жұмыс істемеуі салдарынан, ПК 4+50 және ПК 5 орналасқан, жұмыстарды тексеру кезінде 1,5 м тереңдікке дейін су жинақталған, құдықтардағы ағызу құбырларының лайға толып

қалуы себебінен болуы мүмкін. ПК 19+50 ордың каналмен қосылуы жерінде плиталар жылжып кеткен. Көп жылдық үздіксіз пайдалану салдарынан су шығарғыш-су тастағышта конструкциясы шамалы бүлінген, жіктері ажыраған, плитаның тік қабырғалары аршылып, арматуралары көрініп қалған. ПК 15 пен ПК 16 аралығында бөгет жотасы шөгуі орын алған, шөгу тереңдігі 10-40 см шамасында. Кәріз жүйесінің өткізу қабілеті бұзылған және қайта құруды қажет етеді. Бөгеттегі әртүрлі ақауларды жою үшін «Жамбыл облысы Тасөткел су қоймасының су торабын қайта құру» 1-кезектегі жұмыстық жобасы жасалынды (4-сурет).



Сурет 4. Тасөткел су қоймасы бөгетінің жоспары

Жобада Шу өзенінің 1989-2023 жылдардағы бақылау қатары ескеріліп, гидрологиялық параметрлерін талдау жүргізілді. Су торабы тұстамасындағы есептік ең жоғарғы өтімдер дәлдігі және су қоймасының өткізу мен жинақтау қабілеті, сонымен қатар жоғарыда орналасқан Ортотокой су қоймасы жұмысы ескеріліп, тексеру жүргізілді. Талдаулар, жұмыс істеп тұрған су тастау құрылымының «ерекше кезеңде» де өткізу қабілетінің жеткілікті екенін көрсетті [1].

Жобамен анықталғаны, қолданыстағы суару аудандарын кепілді сумен қамтамасыз ету үшін, болашақта су қоймасының көлемін 350 млн. $м^3$ шамасында ұстап тұру қажет, бұл 515,0 м биіктік белгідегі су деңгейіне сәйкес келеді. Сейсмикалық 8 балл мөлшерінде әсер еткенде, су қоймасындағы су деңгейі 515,5 м биік болмағанда - бөгет орнықты, сондықтан бөгеттің төзімділігін үдету жұмыстары кейінге қалдырылды.

2003 жылмен алғандағы су торабындағы негізгі ақаулар:

– су тастау құрылымының төменгі бьефі өзінің температуралық-шөккіштік қабілетін жоғалтқан, ұсақ түйіршікті грунт сыртқа шығуы, түбінде кеуек пайда болуы байқалады. Тезағар науасының, суұрманың, рисберманың, суды алып кету каналы деформацияға ұшыраған;

– топырақ бөгет бүкіл ұзындығы бойымен орташа 0,45 м-ге шөккен;

– ҚР ҚЖ 2.03-30-2017 сәйкес су қоймасының сейсмикалық жағдайлары өзгерген. Бөгет орнықтылығын үдету мен жөндеуді қажет етеді;

– су торабының құрылымы апаттық жағдайда және су қоймасының есептік параметрлерін қамтамасыз етпейді;

– бөгеттің құбырлы кәрізі лайға толған және жөндеу керек;

– су тастау арықтары лай басқан, тазалау мен жөндеуді қажет етеді;

– бөгеттің жоғарғы жақтауының бекітпесі жөндеп-қалпына келтіру керек;

– бөгеттің төменгі жақтауында жарықшақтар бар, тазалап қалпына келтіруді қажет етеді;

– бөгетті жарықтандыру құралдары ескірген, жаңарту керек;

– бөгет жотасындағы пайдалану жолы тозған, жөндеу қажет және де тағы басқа ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу керек болды.

2005-2006 жылдары жаңарту жұмыстарының бірінші кезегі жүргізілсе, 2022 жылы облыс әкімі қолдауымен «Жамбыл облысы Тасөткел су қоймасының су торабын қайта құру» 2-кезегі басталды.

Қазіргі уақытта Тасөткел су қоймасында, бөгеттің сейсмикалық төзімділігін көтеру бойынша қайта құру жұмыстарының екінші кезегі іске асырылып жатыр. 2024 жылдың екінші жартысында жер жұмыстары, ұңғымаларды тазалау және өлшеу датчиктерін (пьезометрлер) орнату 100%-ға орындалған. Апаттық су тастау құрылымының жүйесі тұрғызылды, төтенше жағдай болған кезде жарықтандыру жүйесі мен бейне бақылау құрылғылары орнатылған, өткізу пункті жетілдірілген. Нысанды 2024 жылдың тамызында іске қосу көзделіп отыр.

Қорытынды. Тасөткел су қоймасынан төменде орналасқан суармалы массивтер Жамбыл облысының Шу, Мойынқұм және Сарысу аудандары аумағында орналасқан. Қарастырып отырған өзен алабының климаттық жағдайларына бір жағынан Бетпақдала және Мойынқұм шөлдерінің, екінші жағынан – Шу-Іле тауларының ауа-райы қатты әсер етеді. Жалпы алғанда, алаптың климаты жоғары жылу қамтамасыздығымен сипатталады. Бірақ, табиғи ылғал қамтылығы жетіспеушілігі мен ауданның құрғақтығына байланысты, көптеген ауыл шаруашылығы дақылдарын суарусыз өсіруге мүмкіндік бермейді. Суару үшін негізгі су көзі – Шу өзені болып табылады. Шу өзені республикааралық мақсатқа ие, оның ағыны Қырғызстан мен Қазақстан арасында бөлінеді (52% және 48% тиісінше). Су қоймасының айдыны дайындалған сайдағы табиғи қазаншұңқырда орналасады.

Ғылыми жұмыста «Жамбыл облысы Шу ауданындағы Тасөткел су қоймасы бөгетінің сейсмикалық төзімділігін көтеру бойынша 1-2 кезектегі қайта құру» жұмысын талдау жүргізілді.

Жоғарыда айтылған жобаның мақсаты пайдалану кезеңінің ұзақ мерзімдігіне (50 жыл), және де Тасөткел бөгетінің пайдалану сипаттамаларын жақсарту үшін қажет, бөгеттің сейсмикалық төзімділігін көтеру үшін келесі техникалық шаралар жасалынды: су тастау құрылымының төменгі бьефі қайта құрылды; тезағар науасы, суұрма, рисберма, суды алып кету каналы

қайта жөнделді; топырақ бөгет бүкіл ұзындығы бойымен бекітілді; бөгет орнықтылығы үдетіліп күрделі жөндеуден өткізілді; бөгеттің құбырлы кәрізі қайта жөнделді; бөгеттің жоғарғы жақтауының бекітпесі жөнделіп, қалпына келтірілді; бөгеттің сейсмикалық төзімділігін көтеру бойынша қайта құру жұмыстарының екінші кезегі іске асырылып жатыр. 2024 жылдың екінші жартысында жер жұмыстары, ұңғымаларды тазалау және өлшеу датчиктерін (пьезометрлер) орнату 100%-ға орындалды. Апаттық су тастау құрылымының жүйесі тұрғызылды, төтенше жағдай болған кезде жарықтандыру жүйесі мен бейне бақылау құрылғылары орнатылған, өткізу пункті жетілдірілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Реконструкция и повышение сейсмоустойчивости плотины Тасоткельского водохранилища Жамбылской области [Текст]: рабочий проект. – Алматы: ПК «Институт Казгипроводхоз», 2018. – 96 с.
2. Сенников, М.Н. Водозаборный узел [Текст] / М.Н. Сенников, С.К. Джолдасов, Г.Е. Омарова [и др.] //Полезная модель №3612 от 05.03.2018 г.
3. Сенников, М.Н. Устройство для регулирования русловых процессов [Текст] / М.Н. Сенников, С.К. Джолдасов, Г.Е. Омарова [и др.] //Полезная модель №3783 от 05.03.2018 г.
4. Ержанова, Н.К. Обоснования потенциальной опасности устойчивости плотины Тасоткельского водохранилища [Текст] / Н.К. Ержанова, М.Н. Сенников // «VI Үркімбаев оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары: Том I. – Тараз қ., 2021. – С. 141-146.
5. Сенников, М.Н. Борьба за водные ресурсы в Центральной Азии [Текст] / М.Н. Сенников, Г.Е. Омарова, А.А. Янгиев, Г.Т. Аширбаева // «VI Үркімбаев оқулары» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары: Том I. – Тараз қ., 2021. – С. 201-209.
6. Сенников, М.Н. Прогнозное повышение водообеспеченности по регулированию водными ресурсами Жамбылской области [Текст] / М.Н. Сенников, Н.К. Ержанова //Инновационные и практические решения ускоренного восстановления продуктивности деградированных орошаемых земель: Международная научно-практическая конференция. – г. Тараз, 2022. – С. 68-73.

Материал редакцияға 19.08.24 түсті.

К.Ж. Момбаев[1], М.Н. Сенников[1], К.К. Калтай[1]

[1]Таразский университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, Казахстан

О ПОВЫШЕНИИ СЕЙСМОУСТОЙЧИВОСТИ ПЛОТИНЫ ТАСОТКЕЛЬСКОГО ВОДОХРАНИЛИЩА НА РЕКЕ ШУ

Аннотация. В статье рассмотрены данные Тасоткельского водохранилища на реке Шу. Тасоткельское водохранилище располагается в средней части долины Шу, которая расширяется в западном направлении вниз по течению от устья реки Шонкемин.

Водохозяйственные расчеты выполнены для регулирования сезонного стока. Период функционирования и наполнения водохранилища определяется соотношением притока и водопотребления, поступающего в створ водохранилища. Заполнение водохранилища начинается в ноябре и достигает наибольшего показателя в апреле, подача воды водохранилищем начинается со второй декады июня и продолжается до конца октября. Величина сброса воды из водоема и избыточный сток определяются потребностью в воде нижнего течения. Выявлено, что водохранилище опорожняется в ноябре-декабре и работает, не заполняясь

текущим потоком. Установлено, что все затворы водосбросного сооружения остаются открытыми для прохождения величины транзитного потока.

Ключевые слова: река Шу, Тасоткельское водохранилище, плотина, емкость водохранилища, сток, водовыпуск, водосброс, створ, дренаж.

K.Zh. Mombaev[1], M.N. Sennikov[1], K.K. Kaltay[1]

[1]M.Kh. Dulaty Taraz University, Taraz, Kazakhstan

ON INCREASING THE SEISMIC STABILITY OF THE TASOTKEL RESERVOIR DAM ON THE SHU RIVER

Abstract. The article considers the data of the Tasotkel reservoir on the Shu River. Tasotkel reservoir located in the middle part of the Shu Valley, which expands westward downstream from the mouth of the Shonkemin River.

Water management calculations have been performed to regulate seasonal runoff. The period of operation and filling of the reservoir is determined by the ratio of inflow and water consumption entering the reservoir. The filling of the reservoir begins in November and reaches its highest level in April, the water supply by the reservoir begins in the second decade of June and lasts until the end of October. The amount of water discharge from the reservoir is excess runoff and is determined by the need for downstream water. It was revealed that the reservoir is emptied in November-December and works without being filled with the current flow. It is established that all gates of the spillway structure remain open for the passage of the transit flow.

Keywords: Shu River, Tasotkel reservoir, dam, reservoir capacity, runoff, outflow, spillway, gate, drainage.

References

1. Rekonstruktsiya i povysheniye seysmoustoychivosti plotiny Tasotkel'skogo vodokhranilishcha Zhambylskoy oblasti [Reconstruction and improvement of seismic resistance of the Tasotkel reservoir dam in the Zhambyl region]: working project. – Almaty: PC “Institute Kazgiprovodkhoz”, 2018. – 96 p. [in Russian].
2. Sennikov M.N., Dzholdasov S.K., Omarova G.Ye. et al. Vodozabornyy uzel [Water intake unit] // Utility model No. 3612 dated 03/05/2018. [in Russian].
3. Sennikov M.N., Dzholdasov S.K., Omarova G.Ye. et al. Ustroystvo dlya regulirovaniya ruslovykh protsessov [Device for regulating channel processes] // Utility model No. 3783 dated 03/05/2018. [in Russian].
4. Yerzhanova N.K., Sennikov M.N. Obosnovaniya nadezhnoy opasnosti ustoychivosti plotiny Tasotkel'skogo vodokhranilishcha [Justification of the reliable danger of stability of the Tasotkel reservoir dam] // «VI Ürkímbayev ok¸ulary» Khalyk¸aralyk¸ ġylymi-praktikalyk¸ konferentsiisynyň materialdary [Materials of the State scientific-practical conference “VI Urkumbai readings”]: Vol. I. – Taraz, 2021. – P. 141-146. [in Russian].
5. Sennikov M.N., Omarova G.Ye., Yangiyev A.A., Ashirbayeva G.T. Bor'ba za vodnyye resursy v Tsentral'noy Azii [Tekst] // «VI Ürkímbayev ok¸ulary» Khalyk¸aralyk¸ ġylymi-praktikalyk¸ konferentsiisynyň materialdary [Materials of the State scientific-practical conference “VI Urkumbai readings”]: Vol. I. – Taraz, 2021. – P. 201-209. [in Russian].
6. Sennikov M.N., Yerzhanova N.K. Prognoznoye povysheniye vodoobespechennosti po regulirovaniyu vodnymi problemami Zhambylskoy oblasti [Forecast increase of water supply on regulation of water problems of the Zhambyl region] //Innovatsionnyye i prakticheskiye resheniya uskorennogo vosstanovleniya produktivnosti degradirovannykh oroshayemykh zemel': Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferentsiya [Innovative and practical solutions for accelerated restoration of productivity of degraded arable lands: International scientific-practical conference]. – Taraz, 2022. – P. 68-73. [in Russian].

IRSTI 67.11.59

S.V. Evdokimov ©

Candidate of Technical Sciences, Associate Professor

ORCID *https://orcid.org/0000-0003-4006-2890*

Architecture and Civil Engineering Academy, Samara State Technical University, Samara, Russia

@ *evdokimov.sergey1970@yandex.ru*

https://doi.org/10.55956/AJKO9869

ANALYSIS OF SEISMIC LOADS IMPACT ON THE MAIN EQUIPMENT OF HYDROELECTRIC POWER PLANTS

Abstract. The paper analyzes the problem of seismic resistance of the main equipment of hydroelectric power plants, showing that the solution of this problem turns out to be much more complicated than previously imagined. The scenarios of hydroelectric power plant operation disruption in case of insufficient seismic resistance of its equipment are considered. It is concluded that exogenous and technogenic seismic events should be taken into account at the design stage when assessing geologic hazardous processes and phenomena at the site of HPP location.

Keywords: seismic resistance, hydroelectric power plants, hydroelectric power plant main equipment, foundation soils, exogenous seismic events, technogenic seismic events.

Evdokimov S.V. Analysis of seismic loads impact on the main equipment of hydroelectric power plants //Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2024. – No.4(86). – P.182-185. https://doi.org/10.55956/AJKO9869

Introduction. The problem of seismic resistance of the main equipment of HPPs appeared in the former USSR after the earthquake with intensity of 8 points on MSK scale in the area of Kairakkum HPP on October 13, 1985. Spitak earthquake of 1988 in Armenia made this problem even more urgent. For HPPs, less attention is still paid to the issues of improvement of methods for analyzing, evaluating and increasing the earthquake resistance of the main equipment, mainly electric power equipment, than to the construction part of buildings and structures [1].

In the aforementioned earthquake in the area of the Kairakkum HPP, two phases of the block transformer arresters were destroyed at the building of the HPP, and at the ORU-220 – seven phases of disconnectors, three phases of the voltage transformer, and three phases of arresters. The transformers were displaced along the rails at several substations and at one substation a transformer weighing 66.8 tons "jumped" and displaced across the rails at a distance of about 0.3 meters.

The consequences of the 1990 earthquake in Moldavia were also characteristic: with seismic impact of less than 7 MSK, there were no significant mechanical damages at substations, but low functional seismic stability of the equipment resulted in significant losses in power supply, which led to the shutdown of 47 power lines, 44 substations, 157 settlements were de-energized, etc. [2].

In comparison with other earthquakes, Spitak earthquake was the most destructive that occurred on the territory of the former USSR, and in terms of damage to 35-220 kV substations it was the most characteristic. At the surveyed substations it's intensity ranged from 7 to 9 MSK. The most characteristic damages at 35, 110 and 220 kV substations were: the movement of transformers along rails up to 1 m and resetting of rails with breakage of bushings; damage of overhead switches with porcelain breakage; damage of 220 kV disconnectors with destruction of insulator support columns; destruction of 110 and 220 kV arresters; destruction of 220 kV current transformers; damage of high-frequency barriers when installing them on the support insulator; destruction of accumulator batteries of SC type; partial damage of building structures, control rooms and switchgears, and in the epicenter of the earthquake at "Spitak" substation three-storey building of the control room was completely destroyed.

A comparison of the consequences of the earthquake in Armenia (1988), where were actually no appropriate anti-seismic measures at power facilities, with the consequences of the earthquake in California (USA, 1989), where much attention was paid to the seismic resistance of power facilities, showed that in both cases there were significant destructions of electrical equipment. Apparently, this circumstance indicates that the solution of the problem of seismic resistance of electrical equipment turned out to be much more complicated than previously imagined. It is significant that equipment damage was observed not only in catastrophic earthquakes like Spitak earthquake, but also in a very "moderate" shaking.

Materials and methods. For conditions of hydroelectric power plants of the European part of Russia, taking into account available statistical data, it is of interest to consider the seismic resistance, first of all, of electrical equipment – high-voltage switches, disconnectors and arresters, as well as power transformers. In addition to electrical equipment, it is of interest for HPPs to assess the seismic resistance of the following equipment: gantry cranes of the spillway dam; main bridge crane of the engine room; hydraulic units; gates of the spillway dam [3,4].

As the analysis has shown, with insufficient seismic resistance of this equipment the following can happen [5]:

– cranes may "fly off" the rails, and the engine room crane may also fall;

– gates may be so deformed that they jam in their slots; the worst situation is if the earthquake occurs simultaneously with the spring-summer flood (May-June);

– disturbance of the hydro unit shaft alignment, inadmissible runout, resulting to the necessity of hydro unit shut down.

The seismic resistance of most currently operated equipment is unknown for the following reasons:

1) Previously, there were no relevant regulatory documents and, therefore, no relevant requirements were made and no relevant inspections were carried out;

2) Even if some types of equipment have been tested for earthquake resistance on a test bench, these products were subjected to such testing prior to their operation. During operation, the mechanical properties of the products and thus their earthquake resistance may have changed due to aging processes, wear and tear, etc.;

3) The condition for seismic resistance of technical products, especially large-sized ones, that have passed the relevant tests is also that the foundations or other structures on which they are installed must not amplify seismic vibrations; this condition is not always fulfilled when the products are installed, or the properties of the foundations change during operation.

The initial seismicity in the area where the hydroelectric power plants are located was clarified on the basis of collecting published data on events attributed to

earthquakes in the area under consideration and analyzing the nature of these events. The essence of the problem lies in the fact that in the primary Catalog of earthquakes of the Russian Empire to earthquakes referred all natural phenomena that were accompanied or could be accompanied by shaking on the earth's surface, such as - strong thunderstorms, aerolite falls, landslides, rockslides, karst failures, phenomena associated with frost heave, unusual sound phenomena, many of which were later included in catalogs of tectonic earthquakes [6].

Research results and discussion. As a part of the work conducted, data on 242 events that were referred to earthquakes in the literature were collected and analyzed. As a result of analyzing the nature and reliability of these phenomena and events, erroneous and unreliable events were highlighted [7]:

1) exogenous phenomena – accompanied or not by weak shaking (rockslides, landslides, meteorite falls);

2) technogenic earthquakes: caused by mining of mineral deposits in the mines of Kola Peninsula, Urals and oil fields of Volga region, as well as industrial explosions.

Thus, exogenous and anthropogenic seismic events should be taken into account at the project stage when assessing geologic hazardous processes and phenomena at the site.

Conclusion. As a result of the analysis, tectonic and probably tectonic earthquakes of indeterminate nature were singled out, which should be taken into account when assessing seismic hazard, as well as seismic active zones located on the periphery of the HPP location area were singled out.

References

1. Romanov A.A., Zhigulevskaya HPP. Operation of hydraulic structures. – Samara: Publishing house “Agni”, 2010. – 360 p.
2. Romanov A.A., Evdokimov, S.V. Modern and predicted condition of soils at the base of Zhigulevskaya HPP. //In Collection: Traditions and innovations in construction and architecture. Construction. Samara State University of Architecture and Civil Engineering. – Samara, 2016. – P. 133-136.
3. Romanov A.A., Evdokimov S.V., Seliverstov V.A. Investigation of vibrations of the Zhigulevskaya hydroelectric power station building //Industrial and Civil Engineering. – 2015. – No. 6. – P. 20-24.
4. Romanov A.A., Evdokimov S.V., Seliverstov V.A. Investigations of vibrations of the roof of the Zhigulevskaya hydroelectric power plant building //Scientific Review. – 2015. – No. 14. – P. 109-112.
5. Romanov A.A., Evdokimov S.V. Development of safety declaration of hydraulic engineering structures of Zhigulevskaya HPP //Nauchnoe obozrenie. – 2015. – No. 4. – P. 119-124.
6. Romanov A.A., Evdokimov S.V. Results of investigation of vibrations of concrete parts of Zhigulevskaya HPP sections //Scientific Review. – 2015. – No. 7. – P. 188-193.
7. Evdokimov S.V., Romanov A.A. The Investigation of soils in the Zhiguli Hydroelectric Station foundation contact area //In Proceedings: XXIV R-S-P seminar, Theoretical Foundation of Civil Engineering (24RSP) (TFoCE 2015). Ser. “Procedia Engineering”, 2015. – P. 183-187.

Material received on 30.09.24.

С.В. Евдокимов

[1]Самара мемлекеттік сәулет-құрылыс университеті, Самара қ., Ресей

СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЖАБДЫҚТАРЫНА СЕЙСМИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕРДІҢ ӘСЕРІН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Мақалада су электр станцияларының негізгі жабдықтарының жер сілкінісіне төзімділігі мәселесі талданады, бұл мәселені шешу бұрын ұсынылғаннан әлдеқайда күрделі екендігі көрсетілген. Гидроэлектростанцияның жабдығының сейсмикалық төзімділігі жеткіліксіз болған кезде оның жұмысының бұзылу сценарийлері қаралды. ГЭС орналасқан жердегі қауіпті геологиялық процестер мен құбылыстарды бағалау кезінде жобалау сатысында экзогендік және техногендік сейсмикалық оқиғаларды есепке алу қажеттілігі туралы қорытынды жасалды.

Тірек сөздер: гидроэлектростанциялар, ГЭС-тің негізгі жабдықтары, негіз топырақтары, жер сілкінісіне төзімділік, экзогендік сейсмикалық құбылыстар, техногендік сейсмикалық құбылыстар.

С.В. Евдокимов

[1]Самарский государственный архитектурно-строительный университет, г. Самара, Россия

АНАЛИЗ ВОЗДЕЙСТВИЯ СЕЙСМИЧЕСКИХ НАГРУЗОК НА ОСНОВНОЕ ОБОРУДОВАНИЕ ГИДРОЭЛЕКТРОСТАНЦИЙ

Аннотация. В статье анализируется проблема сейсмостойкости основного оборудования гидроэлектростанций, показано, что решение этой задачи оказывается гораздо более сложным, чем представлялось ранее. Рассмотрены сценарии нарушения работы гидроэлектростанции при недостаточной сейсмостойкости ее оборудования. Сделан вывод о необходимости учета экзогенных и техногенных сейсмических событий на стадии проектирования при оценке опасных геологических процессов и явлений в месте размещения ГЭС.

Ключевые слова: гидроэлектростанции, основное оборудование ГЭС, грунты оснований, сейсмостойкость, экзогенные сейсмические явления, техногенные сейсмические явления.

ҒТАМР 67.09.33

Б.Б. Ахметов[1] – *негізгі автор,*
Р.Ф. Серова[2], С.А. Жаутикова[3]

[1]*Докторант,* [2]*Техн. ғылым. канд.,* [3]*Магистр*

ORCID [1]*https://orcid.org/0000-0002-1697-7006* [2]*https://orcid.org/0000-0001-7142-620X* [3]*https://orcid.org/0000-0002-8413-3331*

[1,2,3]*Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті,*
Қарағанды қ., Қазақстан

[1]*Beibit.bakiuly@mail.ru*

©

https://doi.org/10.55956/FLDK1400

ТЕМІРБЕТОН КОНСТРУКЦИЯЛАРЫНЫҢ СЕНІМДІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ КЕШЕНДІ ТӘСІЛІ

Аңдатпа. Мақалада тұрғын үйлердегі темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін бақылау әдістемесі ұсынылған, ол бұзылмайтын бақылаудың, математикалық модельдеудің және болжаудың заманауи әдістерін кешенді қолдануға негізделген. Зерттеу барысында визуалды тексеру, аспаптық өлшеулер, математикалық модельдеу және Монте-Карло әдісі арқылы конструкциялардың техникалық жағдайы бағаланды. Нәтижесінде, визуалды тексеру кезінде 30% жағдайда ақаулар анықталды, ал аспаптық өлшеулер бетонның орташа беріктігі 25 МПа, арматураның беріктігі 400 МПа деңгейінде екендігін көрсетті. Математикалық модельдеу нәтижесінде конструкциялардың жүктемеге төзімділігі 7,5 МПа деңгейінде бағаланды, бұл бетонның беріктігінен төмен. Монте-Карло әдісі арқылы жүргізілген статистикалық талдау 10000 модельдеуден 1500 жағдайда құрылымның бұзылу ықтималдығын анықтады, бұл 15% құрады. Ұсынылған мониторинг әдістемесі ақауларды анықтауға, техникалық жағдайды бағалауға және қалдық қызмет мерзімін болжауға мүмкіндік берді, бұл тұрғын үйлердің қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды. Тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін бақылаудың кешенді әдістемесі заманауи талаптарға жауап беретін конструкциялардың сенімділігін бақылау және бағалау саласына елеулі үлес қосады.

Тірек сөздер: пайдалану сенімділігі, темірбетон конструкциялары, тұрғын үй ғимараттары, әдістемесі, диагностикасы, Монте-Карло әдісі.

Ахметов, Б.Б. Темірбетон конструкцияларының сенімділігін бағалаудың кешенді тәсілі [Мәтін] / Б.Б. Ахметов, Р.Ф. Серова, С.А. Жаутикова //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.186-197. https://doi.org/10.55956/FLDK1400

Кіріспе. Заманауи тұрғын үй ғимараттары жүк көтергіш іргетас және құрылыс қоршау жүйесі ретінде темірбетон конструкцияларын кеңінен қолданумен сипатталады. Бұл құрылымдардың сенімділігі мен ұзақ мерзімділігі адамдардың және олардың үйлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажет. Пайдалану кезінде темірбетон конструкциялары әртүрлі әсерлерге ұшырайды, бұл осы құрылымдардың пайдалану сипаттамаларының нашарлауына және нәтижесінде төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін. Тұрғын

үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау өзекті ғылыми-техникалық мәселе болып табылады. Бұл мәселені шешу ақауларды жылдам анықтау және жою, сондай-ақ ғимараттың бүкіл қызмет ету мерзімі ішінде жұмыс қабілеттілігін сақтаудың тиімді шараларын әзірлеуге негізделген [1].

Тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау үшін негізінен визуалды бақылау, аспаптық өлшеулер және зертханалық зерттеулер қолданылатын әдістер болып табылады. Бұл әдістердің кемшіліктері: олар өте күрделі, қымбат және тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының нақты жағдайына объективті баға беруге әрдайым мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, олар пайдалану кезінде құрылымдардың техникалық сипаттамаларының өзгеруін болжауға мүмкіндік бермейді [2].

Осыған байланысты қазіргі заманғы бұзылмайтын бақылау әдістерін, математикалық модельдер мен болжау әдістерін кеңінен қолдануға негізделген тұрғын үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау үшін мониторинг әдістемесін әзірлеу қажет.

Бұл зерттеудің мақсаты – техникалық жағдайды бағалау, кемшіліктерді анықтау және пайдалану кезінде техникалық сипаттамалардағы өзгерістерді болжауға мүмкіндік беретін тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау үшін мониторинг әдістемесін әзірлеу.

Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы бұзылмайтын бақылау әдістерінің, математикалық модельдердің және болжаудың үйлесімі негізінде тұрғын үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау үшін мониторинг әдістемесін әзірлеуге бағытталған. Бұл жұмыстың практикалық маңыздылығы техникалық жағдайды тікелей бағалау және тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының беріктігін қамтамасыз ету үшін әзірленген әдістемені пайдалану мүмкіндігіне байланысты.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Бұл мақалада тұрғын үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін бағалау үшін бірнеше әдістер мен методологиялар қолданылады. Алғашқы кезең визуалды тексеруді қамтиды, ол ғимараттардың құрылымдық элементтерін жарықтар, қабыршақтану, арматураның коррозиясы және басқа да көрінетін ақаулардың бар-жоғын тексеруді білдіреді. Одан кейін бетон мен арматураның физикалық және механикалық қасиеттерін анықтау үшін аспаптық өлшеулер жүргізіледі.

Сонымен қатар, конструкциялардың кернеулі-деформациялық күйін талдау үшін элементтердің өлшемдерін, материалдардың қасиеттерін және жүктемелердің сипатын ескеретін математикалық модель жасалады. Конструкциялардың бұзылу ықтималдығын бағалау үшін статистикалық талдау, атап айтқанда, Монте-Карло әдісі қолданылады, бұл әдіс негізгі параметрлер, мысалы, бетонның беріктігі, арматураның беріктігі және жүктемелер үшін кездейсоқ мәндерді генерациялауды және алынған деректерді талдауды қамтиды.

Осылайша, визуалды тексеруді, аспаптық өлшеулерді, математикалық моделдеуді және статистикалық талдауды біріктіретін кешенді тәсіл конструкциялардың техникалық жағдайын жан-жақты бағалауға және олардың эксплуатациялық сенімділігін болжауға мүмкіндік береді. Бұл

әдістер ақауларды анықтауға ғана емес, сонымен қатар темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сипаттамаларына олардың әсерін бағалауға да мүмкіндік береді, бұл тұрғын үйлердің қауіпсіздігі мен ұзақ мерзімділігін қамтамасыз ету үшін маңызды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Ғимараттар мен құрылымдардың техникалық жай-күйін тексеру және мониторинг нәтижелері тиісті қорытындылар түрінде тексеру немесе бақылау іс-шараларын жүргізу туралы дәлелді шешімдерді қабылдау үшін қажетті мәліметтерді қамтуға тиіс.

Кешенді зерттеу әдістерінің болмауы зерттеу мақсаттарының әртүрлілігімен және қолданылатын ортақ өлшеу құралдарының, нәтижелерді өңдеу және жалпылау әдістерінің болмауымен (көп жағдайда салыстыруға келмейтін шашыраңқы деректерге әкеледі) [3,4].

Тұрғын үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін бақылаудың жалпы құрылымын 1-диаграмма түрінде көрсетуге болады.



Сурет 1. Тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін бақылау жүйесі

Тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін бақылауды екі негізгі құрамдас бөлікке бөлуге болады: ақпараттық жүйе және бақылау. Ақпараттық жүйе жағдайды бақылауға және болжауға негізделген. Бақылау – темірбетон конструкцияларының сенімділігін бағалау.

Темірбетон конструкцияларындағы көрнекі ақаулармен байланысты негізгі мәселелерді жақсы түсіну үшін 2-суретті қарастырыңыз.

Осылайша, суретте темірбетон конструкцияларында пайда болуы мүмкін ақаулардың негізгі түрлері көрсетілген, олардың жұмысқа жарамдылығын қамтамасыз ету үшін бақылау мен бақылаудың маңыздылығы көрсетілген.



а) б)

а) монолитті темірбетонды іргетастағы жарықшақ; б) тірек арматурасының коррозиясы

Сурет 2. Ақаулардың негізгі түрлері

Бұл әдістерге құрылымдық жөндеуді есепке алу ерекшелігі бар сандық әдіс жатады. Бұл әдісте құрылымдық жөндеу физикалық тозу көрсеткішіне негізделген. Оны сараптамалық тестілеу әдістерімен жақсартуға болады.

Әрі қарай параметрлік әдісті қарастырамыз. Бұл әдіс ғимараттың пайдалану параметрлерінің бірін өзгерту мүмкіндігіне негізделген. Ғимараттың эксплуатациялық параметрлері, өз кезегінде, бетонның беріктігін, болат шыбықтардың тозуын және т.б. анықтайды.

Тағы бір әдіс «жүк көтеру» әдісі деп аталады. Бұл әдіс жүк көтергіштігі мен жүктемесіне тәуелділікті қамтитын темірбетон құрылымының бір мезгілде өзгеруін есепке алу мүмкіндігін қамтиды.

«Жүктеме-деформация» сияқты әдісті қарастырайық. Бұл әдіс материалдың ескіруіне байланысты шамадан тыс деформация мен жүктеменің өзгеруін есепке алуға баса назар аударады.

Осылайша, осы әдістерді қолданудың үйлесімі әрбір әдісте жеке байқалатын қателерді болдырмауға мүмкіндік береді және сенімді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді [5].

Темірбетон конструкцияларының сенімділігін бағалау үшін 3-суретте көрсетілген әртүрлі әдістерді қолдануға болады.



Сурет 3. Күрделі жүйелердің қызмет ету мерзімін бағалау және болжау әдістері

Конструкциялардың техникалық жағдайын визуалды тексеру тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау үшін әзірленген мониторинг әдістемесінің маңызды

бірінші кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде ғимараттың құрылымдық элементтерін визуалды тексеру жүргізіледі. Жарықтар, жоңқалар, арматуралардың коррозиясы, деформациялар және басқа ақаулар тіркеледі. Осы мақсатта өлшеу құралдары қолданылады. Тест нәтижелері сипаттамалар, диаграммалар және фотосуреттер түрінде ұсынылған. Темірбетон конструкцияларындағы ақаулар көзбен шолу арқылы анықталады және жіктеледі [6]. Темірбетон конструкцияларын көзбен шолу кезіндегі ақаулардың жіктелуі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1

Сыртқы белгілер бойынша темірбетон конструкцияларындағы ақаулар

Құрылымдық жағдай категориясы	Құрылымдық жағдайдың белгілері
I – нормативті	Арқалықтардың бетон беті көрінетін ақауларсыз, коррозияға қарсы қорғаныс қалыпты, арматура таза, коррозиясыз.
II – операциялық	Арқалықтардың қорғаныш қабатының ішінара зақымдануы, арматураның аздаған коррозиясы, бетонның түсінің өзгеруі.
III – шектеулі өнімділік	Арқалықтардағы елеулі ақаулар: жарықтар, арматураның коррозиясы, деформациялар, тұтастығын жоғалту.
IV – төтенше жағдай	Арқалықтардағы жарықтар, арматураның қысқаруы, бетонның ұсақталуы, құрылымдардың бұзылу және құлау қаупі.
Ескерту: [7] дереккөз бойынша авторлар құрастырған	

Қарастырылған ақпарат негізінде біз тұрғын үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау үшін мониторинг әдістемесін әзірлеуге көшеміз. Ол үшін 4-суретте тұрғын үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау үшін мониторингтің негізгі кезеңдерін егжей-тегжейлі қарастырамыз.



Сурет 4. Тұрғын үйлердің темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтау мониторингі әдістемесінің негізгі кезеңдері

Әртүрлі әдістерді кешенді қолдану темірбетон конструкцияларының техникалық жағдайын кешенді бағалауға және олардың эксплуатациялық сенімділік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Негізгі әдістердің бірі визуалды тексеру болып табылады, ол келесі негізгі міндеттерді қамтиды:

– жарықтар, пилингтер, арматураның коррозиясы, деформациялар және басқа да көрінетін бұзылулар сияқты айқын зақымданулар мен ақауларды анықтау;

– өлшеу аспаптарының көмегімен анықталған ақаулардың санын, орналасуын және сипаттамаларын тіркеу;

– құрылымдардың жалпы жағдайын, оның ішінде олардың геометриялық өлшемдерін, ағып кету, гүлдену, биологиялық зақымдану және басқа да тозу белгілерінің іздерінің болуын бағалау;

– анықталған ақауларды құрылымдық жағдайдың деңгейлері бойынша жіктеу.

Тұрғын үйлердегі темірбетон элементтерінің ағымдағы жағдайын талдау үшін бетонның және арматураның физикалық-механикалық қасиеттерін аспаптық өлшеуді жүргізу өте маңызды. Бұл осы материалдарды пайдалану кезінде өзгеруі мүмкін беріктік сипаттамалары туралы сенімді деректерді алуға мүмкіндік береді.

Кең таралған әдістердің бірі – бетонның қысу беріктігін анықтау үшін қолданылатын кесу әдісі. Процесс конструкцияға цилиндрлік бетон үлгілерін бұрғылауды қамтиды, содан кейін олар арнайы жабдықтың көмегімен жойылады. Мұндай сынақтардың нәтижелері конструкциядағы бетонның нақты беріктігін орнатуға және оны теориялық есептеулермен салыстыруға мүмкіндік береді [8]. Пиллинг әдісімен сынақтарды жүргізу үшін келесі құралдар қолданылады:

1. Алмаз қашау – конструкциядан бетон үлгілерін бұрғылау үшін қолданылады. Тәждің қажетті үлгінің өлшеміне сәйкес келетін ішкі диаметрі бар цилиндрлік пішіні бар (әдетте 50-100 мм).

2. Бетон үлгісін сынауға арналған құрылғы келесі негізгі құрамдастарды қамтиды:

– Бұрғыланған үлгінің айналасына орналастырылған және оның тұрақты орнын қамтамасыз ететін тірек сақинасы;

– Үлгіні алу үшін қажетті көтеру күшін тудыратын гидравликалық немесе механикалық домкрат;

– Үлгіні сындыру үшін қажетті күшті өлшеуге арналған динамометр немесе тензорметр.

3. Калибр үлгінің диаметрі мен биіктігі сияқты геометриялық параметрлерін өлшеу үшін қолданылады.

4. Үлгінің массасын анықтау үшін баланс қолданылады [9].

Арматура жағдайын талдау үшін ультрадыбыстық сынақ қолданылады. Арнайы құрылғылардың көмегімен бетонның қорғаныш қабатының қалыңдығы және арматуралық жолақтардың диаметрі өлшенеді, бұл коррозияға байланысты арматураның көлденең қимасы қысқарған аумақтарды анықтауға мүмкіндік береді [10].

Клапандарды ультрадыбыстық сынауға арналған негізгі құралдарға мыналар жатады [11,12]:

1. Бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығын және арматуралық жолақтардың диаметрін өлшеу үшін ультрадыбыстық түрлендіргішті қолданатын ультрадыбыстық дефектоскоп.

2. Арматура үстіндегі бетонның қорғаныс қабатының қалыңдығын анықтауға арналған ультрадыбыстық қалыңдық өлшегіш.

3. Ультрадыбыстық профилометр, ол құрылымның бетін сканерлейді және коррозиядан туындаған арматура диаметрінің өзгеруін анықтайды.

Бетон мен арматураның нақты сипаттамалары туралы алынған деректер құрылымдардың жүк көтергіштігін бағалау және ғимараттың қалдық қызмет ету мерзімін анықтау үшін негізгі болып табылады.

Конструкциялардың кернеулі-деформациялық күйін математикалық модельдеу тұрғын үй ғимараттарының темірбетон конструкцияларының эксплуатациялық сенімділігін анықтаудағы маңызды қадам болып табылады [13]. Құрылымның математикалық моделін жасау үшін алдымен элементтердің өлшемдері, бетон және арматура сияқты қолданылатын материалдардың қасиеттері және конструкцияға әсер ететін жүктемелердің сипаты туралы мәліметтерді жинау қажет. Бұл деректер әдетте жобаның алдын ала кезеңдерінде, соның ішінде визуалды бақылау мен бақылау-өлшеу аспаптарымен жинақталады.

Біркелкі бөлінген жүктемеге ұшыраған темірбетонды арқалықтың математикалық моделін құрудың мысалын қарастырайық [14].

Бастапқы деректер ретінде келесі мәндер алынды: арқалық ұзындығы L = 6 м, қима ені b = 0,2 м, қима биіктігі h = 0,3 м, бетонның сығуға беріктігі σ = 25 МПа, бетон серпімділік модулі Eb = 30 ГПа, модуль арматураның серпімділігі Ea = 200 ГПа, біркелкі бөлінген жүктеме q = 5 кН/м.

Көлденең қиманың ауданын (A) және инерция моментін (I) есептейік:


$$A = b \cdot h = 0{,}2 \cdot 0{,}3 = 0{,}06\ \text{м}^2 \quad (1)$$

$$I = \frac{b \cdot h^3}{12} = \frac{0{,}2 \cdot 0{,}33}{12} = 0{,}00045\ \text{м}^4 \quad (2)$$

Біркелкі жүктеме кезінде арқалықтың ортасындағы ең үлкен иілу моментін (Mmax) анықтайық:

$$M_{max} = \frac{q \cdot L^2}{8} = 22500\ \text{Н} \cdot \text{м} = 22{,}5\ \text{кН} \cdot \text{м} \quad (3)$$

5-суретте жүк (q) 1-ден 5 кН/м-ге дейін өзгерген кезде ең үлкен иілу моменті кН·м қалай өзгеретінін қарастырамыз.



Сурет 5. Бетон беріктігінің жүктемеге тәуелділігі

Жүктеме мен максималды иілу моменті арасындағы тәуелділік конструкцияның беріктігін бағалауда маңызды фактор болып табылады. Бұл деректер құрылымдардың эксплуатациялық сенімділігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратты береді. Бетонның беріктігі мен конструкцияның жүктемеге төзімділігін ескере отырып, құрылыс жобаларын тиімді жоспарлау және жүзеге асыру үшін бұл ақпаратты пайдалану қажет.

Арқалық қимадағы максималды қалыпты кернеуді (σ) есептейік:

$$\sigma = (M_{max} \cdot y)/I \quad (4)$$

$$y = h/2 \quad (5)$$

мұндағы, y – бейтарап осьтен ең шеткі толқынға дейінгі қашықтық (жоғарғы немесе төменгі), м.

$$\sigma = (22{,}5 * 0{,}3/2) / 0{,}00045 = 7500000 \text{ Па} = 7{,}5 \text{ Мпа}$$

Күш сынағы есебін орындайық. Алынған кернеуді бетонның беріктігімен (σ және σb) салыстырамыз:

$$7{,}5\text{МПа} < 25\text{Мпа}$$

Осылайша, құрылым жүктемеге төтеп бере алады.

Арқалықтың деформациясын (d) анықтау үшін мыналарды қолдануға болады:

$$d = \frac{\sigma}{E_б} = 7{,}5 \cdot 106/30 \cdot 10^9 = 0{,}00025 \quad (6)$$

Құрылымның ұқсас жүктемелермен жұмыс істейтініне сенім артып, қалдық қызмет мерзімін болжауда сәтсіздік ықтималдығын бағалау үшін Монте-Карло [15] әдісін қолдануға болады. Монте-Карло әдісін іске асыру үшін, құрылымның беріктігіне әсер ететін негізгі факторларды анықтау қажет: бетонның беріктігі, арматураның беріктігі, жүктемелер және материалдардың серпімділік модулі.

Әр айнымалы үшін ықтималдық үлестірімін көрсету керек. Мәселен, бетонның беріктігі 25 МПа орташа және 2 МПа стандартты ауытқуымен қалыпты таралуға ие. Арматураның беріктігі 400 МПа орташа және 20 МПа стандартты ауытқуымен қалыпты таралуға жатады. Жүктемелер q орташа 5 кН/м және 0,5 кН/м стандартты ауытқуымен қалыпты таралады.

Модельдеу процесі кездейсоқ сандар генераторын пайдаланып, берілген үлестірімдерден әр айнымалы үшін мәндерді генерациялаудан басталады. Содан кейін, кездейсоқ мәндердің әр жиынтығы үшін максималды қалыпты кернеулер есептеліп, оларды талдау жүргізіледі. Егер есептелген кернеулер бетонның немесе арматураның беріктігінен асып кетсе, құрылым бұзылған болып саналады.

Кездейсоқ мәндер мен есептеулерді жасау процедурасы статистикалық маңызды нәтижелер алу үшін, мысалы, 10 000 рет қайталануы тиіс. Барлық есептеулер аяқталғаннан кейін, 10 000 модельдеудің қаншасы құрылымның бұзылуына әкелгенін анықтауға болады. Бұзылу ықтималдығы (P_r) төмендегі формуламен есептеледі:

$$P_r = N_r/N_t \quad (7)$$

мұндағы: N_r – жойылу жағдайларының саны; N_t – модельдеулердің жалпы саны, қарастырылып отырған мысалда 10000.

Аңдатпа. Мақалада құрылыстарда кеңінен қолданылатын маркасы 09Г2С болаттың физико-механикалық қасиеттері тәжірибе жүзінде зерттелген. Зерттеу жұмыстарын жүргізетін қондырғының құрылысы сипатталып, зерттелетін үлгінің температурасын және онда таралатын серпімді қума және көлденең толқындардың жылмдамдықтарын анықтау әдістері баяндалған. Ультрадыбыстың қума және көлденең толқындарының жылдамдықтары (220-380)К температура аралығында әрбір 10К температура сайын сатылы түрде өлшеніп отырылды. Толқынды шығаратын көз және оны қабылдайтын қабылдағыш ретінде резонанстық жиілігі 10 МГц кварцтан жасалған пьезоэлементт қолданылды. Үлгінің температурасын өлшеу мыс-константан терможұбы арқылы ±1°С дәлелділікпен іске асырылды. Цилиндр пішінді үлгіні суыту мақсатында құрғақ мұздың буы мен вольфрамнан жасалған қыздырғыш пайдаланылды. Тәжірибе жүзінде өлшеніп алынған параметрлер бойынша құрылыс механикасындағы белгілі формулалар қолданылып, серпімділік модульдерінің атмосфералық қысымда температураға тәуелділіктерінің графиктері тұрғызылып, алынған нәтижелер теориялық тұрғыдан талқыланды.

Тірек сөздер: көлденең және қума толқындар, толқын жылдамдықтары, мыс-константан терможұбы.


Бижигитов, Т. Құрылыс материалдарының физико-механикалық қасиеттерінің температураға тәуелділіктерін зерттеу [Мәтін] / Т. Бижигитов, Э. Мадалиева //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.212-219. https://doi.org/10.55956/UVXH4625

Кіріспе. Қазіргі кезде заманауи құрылыстар беріктілігі өте жоғары, температураға төзімді металл құрастырылымдарынан соғылады. Өйткені болаттан жасалған құрастырылымдар басқалардан өзінің жеңілдігімен, оңай дәнекерленетіндігімен, жылдам құрастырылатындығымен ерекшеленеді. Болат құрастырылымдар конструктивті пішіндеріне және функционалдық мақсатына байланысты өндірістік**,** биік көп қабатты емес ғимараттарды, көпірлер мен зәулім мұнараларды соғуға қолданылады. Біз (220-380)К температура аралығында қалыпты қысымда 09Г2С маркалы болаттың серпімділік қасиеттерін олардағы серпімді толқындардың таралу

жылдамдықтарын өлшеу арқылы Юнг және ығысу модульдерінің температураға тәуелділігін механикадан белгілі формулаларды қолданып, есептеп таптық. Көптеген жағдайларда серпімділік модулі кернеуліктің сығылу деформациясына қатынасымен есептеледі. Біз Юнг және ығысу модульдерінің қалыпты қысымда температураға тәуелділігін онда тарайтын серпімді толқындардың жылдамдықтарының шамаларын өлшеп, болаттың тығыздығының температураға тәуелді мәндерін пайдаланып анықтадық. Сонымен қатар серпімділік модулін анықтаудың иілудің тербелісін қолданып есептеу әдісін көрсеттік.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Ультрадыбыс толқындарының жылдамдықтарының температураға тәуелділігін зерттейтін импульстік қондырғының құрылымы 1-суретте көрсетілген.

А және *Ә* – өлшеуіш құралдар; *Б* – ультрадыбыс генераторы; *В* – күшейткіш; *1* – зерттелетін үлгі; *2* – құрғақ мұздың буы өтетін кеңістік; *3* – пьезоэлемент; *4* – текстолит**;** *5* – темір парақшасынан жасалған ыдыс; *6* – қыздырғыш; *7* – құрғақ мұз буын беретін құбыршақ; *8* – текстолит; *9* – құрғақ мұздар; *10* – қыздырғыш; *11* – мыс-константан терможұбы; *12* – құрғақ мұздың буы шығатын құбыршақ; *13* – пенопласттан жасалған қақпақ: ~ – айнымалы тоқ көздері; *Г* – температура реттегіш; *Д* – кернеу көзі.



Сурет 1. Серпімді толқындардың жылдамдықтарының температураға тәуелділігін зерттейтін қондырғының құрылымы

Ультрадыбысты импульсті қондырғының негізгі элементтері электр тербелістерінің генераторы, пьезоэлектрлік түрлендіргіш, күшейткіш, өлшеуіш құралдар (қабылдағыш және осциллограф**)** болып табылады.

Генератор уақыт бойынша қысқа жоғары жиіліктегі электр импульстерін кварцтан жасалған пьезоэлементке жібереді. Кварц пьезоэлементі тербеліске ұшырап ультрадыбыстық толқынды зерттелетін ұзындығы 50 мм, диаметрі 10 мм цилиндр пішінді үлгіде таратады. Үлгінің табанынан шағылған серпімді толқын қабылдағышта қайтадан электр импульсіне түрленіп күшейткішке беріледі. Осциллографтың экранында үлгіге берілген және оның табанынан шағып кешігіп келген импульстерді көреміз. Оларды бір-бірімен беттестіріп кешігіп келу уақытын анықтаймыз. Яғни серпімді толқынның жүріп өткен жолына кеткен уақытты табамыз. Демек қума толқынның жылдамдығы үлгінің екі еселенген ұзындығын жүріп өткен жолға кеткен уақытқа бөлгенге тең.

Зерттелетін 09Г2С болаттың температурасын (220-380)К аралығында өзгертіп, әрбір 20К сайын бақылау үшін құрғақ мұздың буы, вольфрамнан жасалған қыздырғыштар мен температура реттегіш және мыс-константан терможұбы пайдаланылды. Қыздырғыш, терможұп, температура реттегіш бір-бірімен байланысқан. Егер үлгінің температурасын бізге қажетті температурадан арта бастаса температура реттегіш қыздырғышты тоқ көзінен айырады, ал кемісе қосады. Үлгінің ұзындығын, тығыздығының температураға тәуелділігін белгілі деп алып, төменде келтірілген формулаларды қолданып қума және көлденең серпімді толқындардың жылдамдықтарының Юнг және ығысу модульдерінің атмосфералық қысымда температураға тәуелділігін есептедік [1-3]:

$$\upsilon_{\text{қума}} = \frac{2l}{t} = \sqrt{\frac{E}{\rho}};\ E = \rho\upsilon_{\text{қума}}^2$$

$$\upsilon_{\text{көлд}} = \sqrt{\frac{G}{\rho}},\ \ G = \rho\upsilon_{\text{көлд}}^2$$

$$\frac{\upsilon_{\text{қума}}}{\upsilon_{\text{көлд}}} = \sqrt{2},\ \ \upsilon_{\text{қума}} = \sqrt{2}\,\upsilon_{\text{көлд}}$$

Біз қолданған пьезоэлемент резонанстың жиілігі 10 МГц ультрадыбыс [4,5] толқынын тудырады. Ал көлденең толқынның жылдамдығын жоғарыда келтірілген формуламен есептедік.


Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. 1-кестеде зерттеліп отырған 09Г2С болатындағы ультрадыбыстың, Юнг және ығысу модульдерінің қалыпты қысымда температураға тәуелділігі келтірілген.

Кесте 1


ρ= ρ(T); $\upsilon_{\text{қума}}$= $\upsilon_{\text{қума}}$ (T), $\upsilon_{\text{көлд}} = \upsilon_{\text{ком}}$(T), E= E(T), G= G(T) тәуелділіктері

T, к	$\rho\times10^2\,\frac{\text{кг}}{\text{м}^3}$	$\upsilon_{\text{қума}}\cdot10^2\,\frac{\text{м}}{\text{с}}$	$\upsilon_{\text{көлд}}\cdot10^2\,\frac{\text{м}}{\text{с}}$	$\text{E}\times10^9\,\frac{\text{Н}}{\text{м}^2}$	$\text{G}\times10^9\,\frac{\text{Н}}{\text{м}^2}$
220	78,65	59,85	42,44	281,72	140,86
240	78,75	59,70	42,34	280,67	140,33
260	78,83	59,40	42,12	278,14	139,07
280	78,92	59,25	42,02	277,05	138,52
300	78,80	59,15	41,95	275,69	137,84
320	78,72	59,00	41,84	274,02	137,01
340	78,67	58,90	41,77	272,92	136,46
360	78,55	58,79	41,69	271,48	135,74
380	78,43	58,72	41,64	270,42	135,21


1-4 суреттерде зерттелетін үлгіде (09Г2С) тарайтын қума және көлденең толқындардың, Юнг және ығысу модульдерінің атмосфералық қысымда температураға тәуелділік графиктері тұрғызылған. Үлгіде көлденең толқынды тарататын кварцтан жасалған пьезоэлементті таба алмағандықтан, көлденең толқын мен ығысу модулінің шамаларын формулаларды пайдаланып есептедік. Цилиндр пішінді үлгінің диаметр 0 бойынша жылулық ұлғаюын ескермедік. Сондықтан Пуассон [6,7] коэффициентін ($\mu = 0$) нөлге тең деп алдық.




Сурет 1. Үлгіде тарайтын құма толқынның $\vartheta_{кума}$= $\vartheta_{кума}$(Т) тәуелділік графигі



Сурет 2. Үлгіде тарайтын көлденең толқынның $\vartheta_{көлд}$= $\vartheta_{көлд}$(Т) тәуелділік графигі



Сурет 3. Юнг модулінің температураға E= E(т) тәуелділік графигі



Сурет 4. Ығысу модулінің температураға G= G(т) тәуелділік графигі

1-кестеден және 1-4 суреттердегі графиктерден зерттеліп отырған үлгіде тарайтын қума және көлденең толқын жылдамдықтары мен серпімділік модульдерінің температура артқанда кемитіндігін көреміз.

Қатты денелердің серпімділік модульдері оларда тарайтын қума және көлденең толқындардың жылдамдықтары мен тығыздықтары арқылы сипатталады. Қатты денелердің атмосфералық қысымда температурасы жоғарыласа, онда тарайтын серпімді толқындардың жылдамдықтары кемиді. Өйткені күшті байланыспаған молекулалар қозғалысының салдарынан бір-бірінен алшақтап, әсерлесу күштері әлсірейді. Яғни молекулалардың ілгерілмелі қозғалыста берілетін энергиясы азаяды. Сондықтан біз қарастырып отырған маркасы 09Г2С болаттағы серпімді толқындардың жылдамдықтары температура ұлғайғанда төмендейді. Болаттың серпімділік модульдері жинастырылған құрылымының қандай күшке шыдайтынын бағалауға мүмкіндік береді. Иілу тербелісін қолданып зерттелетін дененің, серпімділік модулін анықтайтын әдісті талқылайық. Екі ұшы жіпке ілінген горизонталь орналасқан пішіні тік төртбұрышты призманың жақтау беттеріне

бір-біріне қарама-қарсы орналасқан біріншісі толқын көзінің, ал екіншісі қабылдағыштың рөлін атқаратын пьезоэлементтерді жабыстырамыз. Пьезоэлементтен шыққан серпімді толқын өзекшеде иілу тербелісін туғызады. Генератор арқылы толқын көзінің жиілігін өзгертіп, резонанстық жиілігін табамыз. Өзекшелер үшін иілу тербелісі төртінші ретті дербес туындылы келесі теңдеумен сипатталады:

$$\frac{\partial^4 y}{\partial x^4} = -\frac{1}{b^2}\frac{\partial^2 y}{\partial t^2} \quad (1)$$

мұндағы: $b^2=\frac{JE}{\rho S}$; ρ – өзекшенің тығыздығы; J – өзекшенің инерция моменті; S – өзекшенің көлденең қумасының ауданы; E – серпімділік модулі.

Еркін өзекше үшін иілдіру моменті мен тангенциалды күштер $x=0$ және $x=l$ болғанда нөлге теңесуі қажет. Теңдеудің шешімін мынадай түрде іздейміз:

$$y= Y(x)\bullet T(t)$$

Есепті айнымалыларды бөлу әдісімен шешсек, мына қатынасын аламыз:

$$\frac{T''}{b^2 T(t)} = \frac{Y_{(x)}''''}{Y_{(x)}} = -\lambda \quad (2)$$

x және t мен салыстырғанда мына теңдеу шығады:

$$T''= b^2\ \lambda\ T \quad (3)$$

теңдеуін төмендегі тригонометриялық функция қанағаттандырады:

$$T_n=b_n \cosh\sqrt{\lambda_n}\cdot t + C_n \sinh\sqrt{\lambda_n}\cdot t \quad (4)$$

Тербеліс жиілігі төмендегі қатынасымен өрнектеледі:

$$\nu_n = \frac{b\sqrt{\lambda_n}}{2\pi} = \frac{\sqrt{\lambda_n}}{2\pi}\cdot\sqrt{\frac{JE}{\rho S}} \quad (5)$$

λ_n шамасы мына теңдеудің шешімімен анықталады:

$$Y'' - \lambda Y= 0 \quad (6)$$

Берілген шекті шарттарда төмендегі теңдеудің түбірлері болады:

$$\cosh\sqrt{\lambda}l\cdot\cos\sqrt[4]{\lambda}l = 1 \quad (7)$$

Бұдан $\mu_1 = \sqrt[4]{\lambda_1}$= 4,73; $\mu_2= \sqrt[4]{\lambda_2}$ = 7,85; $\mu_3= \sqrt{\lambda_3} = 11{,}00$.

Демек иілу тербелісінің меншікті жиілігі мына формуламен есептеледі:

$$\nu_n = \frac{\mu_n^2}{2\pi l^2}\sqrt{\frac{JE}{\rho S}} \quad (8)$$

Цилиндр пішінді өзекше үшін:

J= $\frac{\pi d^4}{64}$, $S = \frac{\pi d^2}{4}$, (Призма үшін J=$\frac{bh^3}{12}$)

Бұдан:

$$\nu_n = \frac{1}{4}\frac{d}{l^2}\frac{\mu^2 \cdot n}{2\pi}\sqrt{\frac{E}{\rho}} \quad (9)$$

Немесе:

$$E = 1{,}26 \cdot \rho \frac{l^4}{d^2} \cdot \nu^2 \quad (10)$$

Цилиндр пішінді өзекшенің меншікті тербеліс жиілігін өлшеу арқылы серпімділік модулін есептей аламыз:

$$E = 1{,}63 \cdot 10^{-8}\left(\frac{l}{d}\right)^4 \frac{g}{l}\nu^2 \quad (11)$$

Егер ұзындығы 150 мм, диаметрі 5 мм өзекшенің иілу тербелісін өлшесек, Юнг модулін (11) формуламен есептейміз. Ұсынылып отырған әдіс өте ыңғайлы және өлшеу дәлелдігі басқалармен салыстырғанда жоғары.

Қорытынды. Жұмыс бойынша негізгі қорытындылар:

1.Құрылыс материалдарында тарайтын қума және көлденең толқындардың жылдамдықтарының температураға тәуелділігін анықтайтын қондырғы жинастырылды;

2.Зерттелген үлгіде тарайтын қума және көлденең толқындардың жылдамдықтары мен серпімділік модульдерінің температураға тәуелділігі алғаш рет анықталды;

3.Иілу тербелістерін қолданып қатты құрылыс материалдарының серпімділік модульдерін тәжірибе жүзінде анықтаудың әдісі ұсынылды;

4.Тәжірибе жүзінде өлшеніп және теориялық тұрғыдан есептеулер арқылы алынған нәтижелерге түсініктемелер берілді;

5.Иілу тербелістерін қолданып болат өзекшелердің серпімділік қасиеттерін анықтайтын әдіс талқыланып көрсетілді.

Әдебиеттер тізімі

1. Киттел, Ч. Курс физики. Механика [Текст]: том 1 / Ч. Киттел, У. Найт, М. Рудерман. – М: Наука, 1971. – 480 с.
2. Бижігітов Т. Жалпы физика курсы 1 том, Механика. Молекулалық физика [Мәтін]: оқулық. – Алматы: «Лантар books», 2024. – 498 б.
3. Виноградов, М.Б. Теория волн [Текст]: учебное пособие. – М: Наука, 1990. – 432 с.
4. Мишина, О.О. Ультразвук и его применение [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://www Scienceforum, ru/2015/882/9754
5. Красильников, В.А. Звуковые и ультразвуковые волны в воздухе, воде и твердых телах [Текст]: учебное пособие. – М.: Физматгиз, 1960. – 560 с.

6. Bizhigitov T., Yelibayeva A. The dependence of the compression modules of ice-six and the coefficient of volume expansion on pressure and temperature //Вестник КАЗНПУ им Абая, серия «Физико-математические Науки». – 2020. – №2(70).
7. Bizhigitov T., Zhumadilov E.. Study dependence of Young's, shear modulus ultrasonic waves propagation of the vi ice modification, to the pressure at a constant temperature //Bulletin of N. Gumilyov Eurasian National University Physics, Astronomy series. – 2020. – №4(133).
8. Bizigitov T., Zhumadilov E.. Methods of mathematical physics. Universitybook. – Almaty: "Lantar Books", 2023. – 370 p.

Материал редакцияға 11.11.24 түсті.

Т. Бижигитов[1], Э. Мадалиева[1]

[1]Таразский университет им. М.Х. Дулати, г.Тараз, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ТЕМПЕРАТУРНЫХ ЗАВИСИМОСТЕЙ ФИЗИКО-МЕХАНИЧЕСКИХ СВОЙСТВ СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

Аннотация. В статье экспериментально изучены физико-механические свойства стали марки 09Г2С, широко применяемой в строительстве. Описана конструкция установки для проведения исследовательских работ, изложены методы определения температуры исследуемого образца и теплоемкости распространяющихся в нем упругих погонных и поперечных волн. Мы измеряли скорости погонных и поперечных волн ультразвука в интервале температур (220-380)К через каждые 10К температуры ступенчато. В качестве источника, излучающего волну, и приемника, принимающего ее, мы использовали пьезоэлемент из кварца с резонансной частотой 10 МГц. Измерение температуры образца осуществлялось с доказательством ±1°С с помощью медно-константановой термосумки. Мы использовали нагреватель из пара сухого льда и вольфрама, чтобы охладить образец цилиндрической формы. По экспериментально измеренным параметрам с помощью известных формул в строительной механике построены графики температурных зависимостей модулей упругости при атмосферном давлении, теоретически обсуждены полученные результаты.

Ключевые слова: поперечные и погонные волны, их скорости, медно-константановая термопара.

T. Bizhigitov[1], E. Madaliyeva[1]

[1]M.H. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan

INVESTIGATION OF TEMPERATURE DEPENDENCES OF PHYSICAL AND MECHANICAL PROPERTIES OF BUILDING MATERIALS

Abstract. The article experimentally studied the physical and mechanical properties of steel grade 09G2C, widely used in construction. The design of the installation for conducting research is described, methods for determining the temperature of the test sample and the heat capacity of elastic linear and transverse waves propagating in it are described. We measured the velocities of linear and transverse ultrasound waves in the temperature range (220-380)K every 10K of temperature stepwise. As a source emitting a wave and a receiver receiving it, we used a quartz piezoelectric element with a resonant frequency of 10 MHz. The temperature of the sample was measured with a proof of ±1°C using a copper-constantane thermal bag. We used a heater made of dry ice steam and

tungsten to cool the cylindrical sample. Graphs of temperature dependences of elastic modulus at atmospheric pressure are constructed using experimentally measured parameters using well-known formulas in structural mechanics, and the results obtained are theoretically discussed.

Keywords: transverse and linear waves, their velocities, copper-constantane thermocouple.

References

1. Kittel, CH. Nayt, U., Ruderman, M. Kurs fiziki. Mekhanika [Physics course. Mechanics]: Vol. 1. – Moscow: Science, 1971. – 480 p. [in Russian].
2. Bizhígítov T. Zhalpy fizika kursy 1 tom, Mekhanika. Molekulalyk¸ fizika [Course of General Physics Volume 1, Mechanics. Molecular physics]: textbook. – Almaty: “Lantar Books”, 2024. – 498 p. [in Kazakh].
3. Vinogradov, M.B. Teoriya voln [Wave theory]: textbook. – Moscow: Science, 1990. – 432 p. [in Russian].
4. Mishina, O.O. Ultrasound and its application [Electronic resource]. – Access mode: http://www Scienceforum, ru/2015/882/9754. [in Russian].
5. Krasil'nikov, V.A. Zvukovyye i ul'trazvukovyye volny v vozdukhe, vode i tverdykh telakh [Sound and ultrasonic waves in air, water and solids]: textbook. – Moscow: Fizmatgiz, 1960. – 560 p. [in Russian].
6. Bizhigitov T., Yelibayeva A. The dependence of the compression modules of ice-six and the coefficient of volume expansion on pressure and temperature // Bulletin of KAZNPU named after Abai, series “Physical and Mathematical Sciences”. – 2020. – No. 2(70).
7. Bizhigitov T., Zhumadilov E.. Study dependence of Young’s, shear modulus ultrasonic waves propagation of the vi ice modification, to the pressure at a constant temperature //Bulletin of N. Gumilyov Eurasian National University Physics, Astronomy series. – 2020. – No. 4(133).
8. Bizigitov T., Zhumadilov E.. Methods of mathematical physics. Universitybook. – Almaty: “Lantar Books”, 2023. – 370 p.

IRSTI 67.21.17

A.S. Tulebekova[1] – *main author*,
Zh.T. Kusbergenova[2], B.K. Dosmukhambetova[3],
A.K. Tleubayeva[4], D.Zh. Artykbaev[5]

[1]PhD, Professor, [2]PhD student, [3,5]PhD, Senior Lecturer,
[4]Candidate of Technical Sciences, Associate Professor

ORCID
[1]https://orcid.org/0000-0001-8553-3081 [2]https://orcid.org/0000-0002-5404-942X
[3]https://orcid.org/0009-0006-3986-5716 [4]https://orcid.org/0000-0002-6741-780X
[5]https://orcid.org/0000-0003-4794-8707

[1,2,3,4]L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
[5]M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan

@ *[1]krasavka5@mail.ru*

©

https://doi.org/10.55956/QZWT7215

ANALYSIS OF RISK FACTORS IN THE MEASUREMENT OF PHYSICAL PROPERTIES OF SOILS

Abstract. The determination of the physical properties of soil is the basis for the successful design and construction of engineering projects. These properties directly influence the behaviour of the soil under various loads, which determines the stability and safety of building structures. To date, the main challenges in this field are the high degree of uncertainty and the risk of errors in laboratory testing. This study presents an experimental study of the physical properties of soil and provides a discussion on the probabilities of error and inaccuracy risks for each of the methods presented. The risk analysis approach was used for the evaluation. The approach focused on quantifying the errors in the measurements and the soil test method. The results showed that all methods of testing the physical properties of soil require a high degree of accuracy and adherence to standards, but the soil compaction test is a more complex process that requires special care and rigour in the procedures.

Keywords: soil test, risk, analyses, physical properties, accuracy.

Tulebekova A.S., Kusbergenova Zh.T., Dosmukhambetova B.K., Tleubayeva A.K., Artykbaev D.Zh. Analysis of risk factors in the measurement of physical properties of soils //Mechanics and Technology / Scientific journal. – 2024. – No.4(86). – P.220-229. https://doi.org/10.55956/QZWT7215

Introduction. Determining the particle size distribution of soil is an important step in geotechnical investigations that helps to understand the characteristics of the soil [1]. Particle size distribution shows the size distribution of soil particles and helps to determine its basic mechanical and physical properties. Soil grains that are similar in size and properties are grouped into groups called particle size fractions.

Various methods of investigation are used today [2-3]. These include sieve, hydrometric, liquid and soil plasticity tests, which are the most common and effective. Each of these methods helps to determine the particle size distribution as well as other key characteristics such as flowability, plasticity and compaction ability.

Thus, in [4] conducted studies on the evaluation of present and past methods of pedotransfer functions PTF and soil water retention curve based on soil texture,

bulk density, porosity and other related factors. In addition, the performance and limitations of various general semi-physical models proposed and developed by Arya and Paris, Haverkamp and Parlange, the Modified Kovács model by Aubertin et al., Chang and Cheng, the Modified Kovács model by Arya and Paris, Haverkamp and Parlange are evaluated. In a study by authors [5] presented a new approach and developed a standalone machine learning based GUI application for predicting hydraulic conductivity (K), maximum dry density (MDD) and optimum moisture content (OMC) of lateritic soils based on parameters including specific gravity, liquid limit, plasticity index, linear shrinkage and fines content.

The compacted dry density of gravelly soils containing particles that are too large for ordinary laboratory compaction tests is usually estimated by measuring the dry density of the base sample obtained by removing over-sized particles then correcting the measured value by the Walker-Holtz Equation. Authors were proposed efficient compaction method for gravelly soils containing oversized particles that controls the degree of saturation and the compaction energy [6].

In other works, the wet-sieving method was used for separation water-stable aggregates. Five soils (black soil, light chernozem soil, fluvo-aquic soil, sierozem soil, and loess soil) were used with different calcium carbonate ($CaCO_3$) contents as the target materials. The results showed that Excess Ca^{2+} can be converted into various forms of Ca by occupying SOC binding sites on the surface of soil particles with silt and clay particles [7].

Thus, the diversity of studies is related to the need for a thorough approach to determining the granulometric composition of soil. Risk management in soil particle size distribution testing is an important part of ensuring the accuracy and reliability of results, as various errors and uncertainties can occur during the testing process. Risks associated with method selection, equipment, analytical conditions, and sample preparation can have a significant impact on the final results. For example, errors in hydrometer calibration or loss of material during sieve washing can lead to significant errors in determining soil composition, which in turn can affect design and construction decisions.

The impact of risks in the context of particle size analysis is the possible misrepresentation of soil characteristics, which is critical for assessments of soil strength, permeability, and other geotechnical properties. Even small deviations can lead to incorrect conclusions about soil quality and, as a consequence, to erroneous design decisions. This study will present the results of the investigation of soil properties and the quality control features of each process.

Materials and methods. The investigations were conducted in the "ENU-Lab" laboratory of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Republic of Kazakhstan. The experiment's technical process consisted of the following main procedures for soil:

- Sieve analysis;
- Sedimentation analysis (hydrometer test);
- Compaction test analysis;
- Atterberg limits analysis (Liquid and plastic limit tests);

Determination of particle size distribution of soils by sedimentation analysis method. During the study, a soil sample was filled into a 1000 cm^3 container and mixed with distilled water. The water suspension was shaken with a stirrer for 1 min to a full depth until the sediment was completely agitated from the bottom of the cylinder, no splashing or foaming of the suspension was allowed (Fig. 1).



a) b)

Fig. 1. Preparation of the mixture: a) soil during mixing; b) soil after mixing

Hydrogen peroxide 6% was used to separate the soil particles into their individual components (Fig. 2). An hydrometer placed in this liquid allowed measuring the density of the suspension, which in turn allows calculating the content of fine particles in the sample [8].



a) b)

Fig. 2. Test process: a) soil before the hydrometer measurement; b) during the measurement process with hydrometer

After that, the hydrometer value was measured at 1 min, 2 min, 5 min, 15 min, 30 min, 60 min, 240 min, 1440 min from the end of shaking the suspension for a day.

The temperature of the suspension was controlled by measuring the temperature with an error of up to 0.5°C during the first 5 min (before the beginning of the experiment) and then after each measurement of the suspension density with hydrometer.

Determination of particle size distribution (grain size distribution) of soil sample by sieve method (wet method). The wet method for determining the grain size distribution is based on the use of water to separate soil particles by their size. The main purpose of the wet method is the separation of soil particles with the help of water, which contributes to the effective separation of larger particles from smaller ones [9].

The soil sample in the flask was transferred to pre-mounted sieves with mesh diameters of 5 mm, 2 mm, 1 mm, 0.5 mm, 0.25 mm, 0.16 mm, 0.063 mm. The sieves were placed them from the sump in order of increasing mesh size. Water gradually

washed the soil through the sieves, separating it into fractions based on particle size. Particles of larger fractions were retained on the upper sieves, while smaller particles passed through the sieves and settled (Fig. 3).




Fig. 3. Soil fractions remaining on the sieves after washing: a) size 0.5 mm, b) size 0.25 mm, c) size 0.16 mm, d) size 0.063 mm.

Soil fractions retained on the sieves were transferred to bins, weighed and then dried in an oven at (105±2)°C. In contrast to the dry method, the wet method eliminates errors that can occur when particles aggregate, e.g. clay or dust particles tend to stick together as a result of interaction with water, preventing accurate size determination. The wet method allows for a more accurate separation of particles into fractions.

Determination of soil moisture content by the constant mass drying method. The drying to constant mass method is based on evaporating moisture from the soil at a temperature of about 105-110°C and measuring the change in mass of the sample before and after drying. A soil sample for moisture determination was collected with a mass of 15-30 g, then placed in a pre-dried, weighed, and numbered bunker. When taking a sample from the disturbed sample, the soil was thoroughly mixed to ensure that the moisture was distributed evenly throughout the sample. The soil samples in the bax were weighed and the baxes were placed in a heated desiccator. The soil was dried overnight to constant weight at (105±2)°C.

From the desiccator, the soil was cooled to room temperature in an desiccator to avoid absorption of moisture from the air. After cooling, the mass of the sample was measured again on an analytical balance to obtain its dry mass.

Soil moisture content was determined by the equation:

$$w = \frac{m_1 - m_0}{m_0 - m} \times 100\% \quad (1)$$

where: m_1 – mass of wet soil with the brix, g; m_0 – mass of dried soil with the brix, g; m– mass of empty brix, g.

Method for determining the soil compaction factor. The method for determining the soil compaction factor aims to evaluate the load bearing capacity of the soil and to determine the optimum conditions for construction. The compaction ratio is an indication of how effectively the soil can be compacted to improve its strength and stability. This indicator is necessary to develop recommendations for the choice of foundation type as well as to predict the behaviour of the soil under load.

A 3 kg soil sample was placed in a cylindrical mould with a volume of 947.39 cm^2, which was divided into several layers. Distilled water was added to the soil in an amount of 3% of the total mass of the soil under study. Each layer of soil was subjected to compaction using a falling weight in 3 series of 25 blows. After the compacted soil sample was weighed and the density at water saturation of 3% of the total mass of the soil was calculated (Fig. 4).



Fig. 4. Soil compaction test

The density of wet soil was determined by the equation:

$$\rho_t = \frac{m_2 - m_1}{V} \quad (2)$$

where m_1 – mass of wet sample, g; V – sample volume,cm^3.

The density of dry soil is determined by the equation:

$$\rho_d = \frac{p_t}{1+\frac{W}{100}} \quad (3)$$

where: p_t– moist soil density, g/cm^3; W – humidity, %.

Determination of the lower plasticity limit - soil moisture at the rolling boundary. The lower plasticity limit is understood as the minimum water content in the soil at which it retains plastic properties, i.e. the ability to deform without fracture when an external force is applied. This limit characterises the degree of moisture content at which the soil begins to lose its ability to plastic deformation and becomes brittle. During the research a sample of air-dry soil weighing 100 g was sifted through a sieve with a 0.5 mm hole and ground in a mortar with a pestle with a rubber tip (Fig. 5). The soil sample was moistened with distilled water to a thick dough. The rolling boundary was determined by rolling the soil dough into the wire by hand. It

is considered that the rolling limit is reached when the soil flagellum with a diameter of 3 mm starts to break up into pieces of 3-10 mm in length.



a) b)

Fig. 5 The process of rolling the soil into flagella: a) at the rolling boundary; b) after drying in an oven

The ground dough was rolled on glass until fine cracks appeared in the 3 mm diameter bundle and it began to disintegrate into individual pieces. The pieces were then collected in bins to be weighed and dried in an oven for 24 hours and then re-weighed again.

Soil moisture content at the rolling boundary Wp was determined by the equation:

$$W = \frac{m_1 - m_0}{m_0 - m} \cdot 100\%, \quad (4)$$

where m – mass of an empty bucket with a lid; m_1 – mass of the bucket with wet soil at the rolling boundary; m_0 – mass of the bunker with dried soil.

The probability and impact-based risk assessment method was used to assess the risks associated with the soil particle size distribution tests conducted. This method allowed to systematise and quantify the risks that may arise during testing. It is based on two main criteria:

1. Likelihood is the probability that a particular risk or error could occur during a trial. It is scored on a scale of 0 to 1, where 0 means no probability at all and 1 means that the event is guaranteed to occur.

2. Impact is the extent to which risks affect the final outcome of the trial, i.e., the accuracy and validity of the data. Impact was also rated on a scale of 1 to 5, where 1 means negligible impact and 5 means catastrophic. Those risks that have a major impact on the outcome were rated at 4-5. While other less critical risks had a low impact of 2-3.

Research results and discussion. Readings of the hydrometer lowered into the flask with soil are given in Table 1.

The masses of soil fractions are presented in Figure 6. Depending on the percentage of these fractions, the soil classification was subsequently determined. Each fraction affects the soil's ability to retain water and interact with external loads, which is important to consider when designing construction projects.

Table 1

Performance in the hydrometer test

Hydrometer reading, mm	Soil holding time, min	t, °C
1 min	1009	21
2 min	1008.5	21
5 min	1005	21
15 min	1025	21
30 min	999.5	21
60 min	998.5	21
240 min	998.5	21
1440min	998.5	21




Fig. 6. Particle size distribution curve

The results of soil moisture determination by drying to constant weight method are presented in Table 2. The soil sample was classified as poorly graded sand with fine frictions (Table 3).

Table 2

Results of soil moisture determination by the method of drying to constant weight

No. of bux	m, g	m_1, g	m_0, g	w, %	w_{aver}, %
4	5.17	20.38	20.18	1.332	1.297
6	5.2	17.3	17.14	1.34	
19	10.09	24.21	24.04	1.218	

Table 3

Physical characteristics of soil

Soil characteristic	Value
Specific gravity, g/cm^3	2.538
Maximum dry density, g/cm^3	2.031
Optimum water content, %	10.194
Sand sized fraction (75μm-2mm), %	60.794
Silt sized fraction (5-75μm), %	19.193
Clay sized fraction (<5μm), %	15.607
Liquid limit, LL, %	23.251
Plastic limit, PL, %	1.190
Plasticity Index, PI, %	22.061

The results on risk assessment according to the conducted research methods are presented in Table 4 and Figure 7.

Table 4

Risks assessment

Method	Risks	Likelihood	Impact
Hydrometer Method	1. Error in selecting the suspension concentration	0.5	3
	2. Incorrect calibration of the hydrometer	0.5	3
	3. Inability to analyze large fractions	0.5	3
	4. Errors due to imperfections in the method	0.4	3
	5. Instability of temperature conditions	0.3	2
	6. Contamination of the hydrometer		
Sieving Method (Wet)	1. Loss of particles during washing	0.8	3
	2. Inability to separate fractions with similar sizes	0.8	3
	3. Errors due to moisture	0.6	3
	4. Sample heterogeneity	0.6	3
Drying to Constant Mass Method	1. Overheating of the sample	0.2	2
	2. Temperature instability	0.2	2
	3. Inability to account for hygroscopic moisture	0.4	3
	4. Insufficient drying time	0.2	2
Compaction Coefficient Method	1. Inability to control moisture accurately	0.6	4
	2. Error during the compaction procedure	0.6	4
	3. Sample non-uniformity	0.6	4
	4. Temperature and humidity fluctuations	0.6	4
Lower Plasticity Limit Method	1. Errors in determining the rolling boundary	0.5	3
	2. Sample heterogeneity	0.5	3
	3. Inability to control moisture accurately	0.5	3
	4. Temperature and humidity fluctuations	0.5	3




Fig. 7. Risk spread diagram

The scatter diagram with probability and influence showed that with each increase of the reduced probabilities by 1 the influence value increases by 3 units, and the calculated coefficient of determination shows a moderate degree of strength of the reduced model.

Conclusion. The particle size distribution of soil plays a crucial role in determining its construction and performance characteristics such as strength, permeability and compressibility. Its accurate study helps to predict the behaviour of the soil under the influence of external factors, which is important for the development of safe construction solutions. Errors in determining particle size

distribution can lead to incorrect estimates of soil characteristics and increased risks during construction.

The conclusions of the study are as follows:

1. Various methods are used to accurately assess the particle size distribution of soil, including sieve analysis, hydrometer analysis, and liquid and plastic limit studies. Each of these methods provides detailed information on the soil's partial composition, compressibility, and water absorption capacity. The combined use of these methods provides a more accurate and comprehensive understanding of soil characteristics.

2. In sieve analysis there is a risk of misinterpretation of particle sizes, which can lead to misinterpretation of the particle size distribution. In hydrometer analysis, errors can occur due to improper sample preparation or errors in solution density measurements. Errors in liquid limit and plastic limit analyses can distort the yield and plasticity of the soil, which affects the predicted behaviour of the soil in service.

3. The study showed that the soil may contain impurities that affect its physical properties. Precise analysis of the particle size distribution allowed to determine that the investigated soil belongs to a certain type taking into account the presence of different fractions and impurities. The soil sample was classified as poorly graded sand with fine frictions.

4. The use of scatter plots allowed us to visualise the risk analysis of each survey method, which may lead to measurement errors. The use of scatter diagrams opens up opportunities for more accurate interpretation and optimisation of investigation methods, minimising potential errors and improving the quality of geotechnical investigations.The greatest influence on the indicators of determination of physical properties of soil affects the accuracy and elimination of errors when carrying out tests on the Compaction Coefficient Method, where the probability of errors can reach a critical value, where the impact was 80%, and the probability was 60%.

References

1. Kuzmin G.P. Analysis of correlations among soil physical properties // International Journal of Applied and Fundamental Research. – 2019. – No. 6. – P. 125-128.
2. Das B.M. Principles of geotechnical engineering. – Cengage Learning. – 2017. – 683 p.
3. Mashchenko A.V., Ponomarev A.B., Sychkina E.N. Special methods soil mechanics and mechanics rock formations, 2014. – 176 p.
4. Farooq U. et al. Evaluation of Pedotransfer Functions to Estimate Soil Water Retention Curve: A Conceptual Review //Water. – 2024. – Vol. 16. – No. 17. – P. 2547.
5. Adamolekun L.B. et al. Development of machine learning-based standalone GUI application for predicting hydraulic conductivity and compaction parameters of lateritic soils //Scientific African. – 2024. – Vol. 26. – P. e02393.
6. Ihara S. et al. Estimating the compacted dry density of gravelly soil with oversized particles //Transportation Geotechnics. – 2024. – Vol. 49. – P. 101379.
7. Dou X. et al. Relationship between calcium forms and organic carbon content in aggregates of calcareous soils in northern China //Soil and Tillage Research. – 2024. – Vol. 244. – P. 106210.
8. Test method for particle size distribution of soils. – Japanese Geotechnical Society Standards, 2009. – 13 p.
9. GOST 12536-2014. Soils. Methods of laboratory granulometric (grain-size) and microaggregate distribution. – Introduced 2015-07-01. – Moscow: Standartinform, 2019. – 8 p.

Material received on 11.11.24.

А.С. Тулебекова[1], Ж.Т. Кусбергенова[1], Б.К. Досмұхамбетова[1], А.К. Тлеубаева[1], Д.Ж. Артыкбаев[2]

[1]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан
[2]М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ., Қазақстан

ТОПЫРАҚТЫҢ ФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ӨЛШЕУ КЕЗІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫН ТАЛДАУ

Аңдатпа. Топырақтың физикалық қасиеттерін анықтау инженерлік нысандарды сәтті жобалау мен салудың негізі болып табылады. Бұл қасиеттер әртүрлі жүктемелердегі топырақтың сипаттамасына тікелей әсер етеді, бұл құрылыс құрылымдарының тұрақтылығы мен қауіпсіздігін анықтайды. Бүгінгі таңда бұл саладағы негізгі проблемалар – бұл белгісіздіктің жоғары деңгейі және зертханалық зерттеулер кезінде қателіктер қаупі. Бұл жұмыс топырақтың физикалық қасиеттерін эксперименттік зерттеуді ұсынады және ұсынылған әдістердің әрқайсысы үшін қателіктер ықтималдығы мен дәлсіздік тәуекелдерін талқылайды. Бағалау үшін тәуекелдерді талдауға негізделген тәсіл қолданылды. Тәсіл өлшеу қателіктерін және топырақты сынау әдісін сандық бағалауға бағытталған. Нәтижелер топырақтың физикалық қасиеттерін анықтауға арналған барлық сынақ әдістері жоғары дәлдікті және стандарттарды сақтауды қажет ететіндігін көрсетті, бірақ топырақты тығыздау сынағы процедуралардың ерекше күтімі мен қатаңдығын қажет ететін күрделі процесс болып табылады.

Тірек сөздер: топырақты сынау, қауіптілік, талдау, физикалық қасиеттері, дәлдігі.

А.С. Тулебекова[1], Ж.Т. Кусбергенова[1], Б.К. Досмухамбетова[1], А.К. Тлеубаева[1], Д.Ж. Артыкбаев[2]

[1]Евразийский университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан
[2]Южно-казахстанский университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан

АНАЛИЗ ФАКТОРОВ РИСКА ПРИ ИССЛЕДОВАНИИ ФИЗИЧЕСКИХ СВОЙСТВ ГРУНТА

Аннотация. Определение физических свойств грунта является основой для успешного проектирования и строительства инженерных объектов. Эти свойства напрямую влияют на поведение грунта при различных нагрузках, что определяет устойчивость и безопасность строительных конструкций. На сегодняшний день основными проблемами в этой области являются высокая степень неопределенности и риск ошибок при проведении лабораторных испытаний. В данной работе представлено экспериментальное исследование физических свойств грунта и приведено обсуждение вероятности ошибок и рисков неточности для каждого из представленных методов. Для оценки использовался подход, основанный на анализе рисков. Подход был направлен на количественную оценку погрешностей измерений и метода испытания грунта. Результаты показали, что все методы испытания по определению физических свойств грунта требуют высокой степени точности и соблюдения стандартов, однако испытание на уплотнение грунта – более сложный процесс, требующий особой тщательности и строгости процедур.

Ключевые слова: испытание грунта, риск, анализ, физические свойства, точность.

ҒТАМР 67.09.31

А.А. Сағындықов[1] – *негізгі автор*,
Ж.Е. Ескермесов[2], Г.М. Баялиева[3],
С.К. Нурпеисов[4], А.Б. Тұрмаханбетова[5], Н.Т. Қарабаев[6]

[1]*Техн. ғылым. д-ры, профессор,* [2]*PhD, доцент,* [3,4]*Техн. ғылым. канд., доцент,* [5,6]*Магистр, аға оқытушы*

ORCİD [1]*https://orcid.org/0000-0002-1812-5739* [2]*https://orcid.org/0000-0001-6464-2748*
[3]*https://orcid.org/0000-0002-9897-5740* [4]*https://orcid.org/0009-0005-6780-0533*
[5]*https://orcid.org/0009-0008-6416-238X* [6]*https://orcid.org/0000-0001-6382-6617*

[1,2,3,4,5,6]*М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті,*
Тараз қ., Қазақстан
[1]*aa.sagyndykov@dulatu.kz*

https://doi.org/10.55956/MKAH7463

ҰЛПА КҮЛДЕН ЖАСАЛҒАН КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫРҒЫШ ЗАТТАР МЕН ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ БЕТОНДАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЗИКА-МЕХАНИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Аңдатпа. 10-40% мөлшерінде Екібастұз ГРЭС ұлпа күлін және СП-1 пластификациялаушы қоспасын пайдалана отырып, композициялық байланыстырғыш заттардың физика-механикалық қасиеттері анықталды. Композициялық байланыстырғыш заттардың және кешенді қоспалар негізінде сығылуға беріктігі 24,5-27,3 МПа; иілу кезіндегі созылу беріктігі – 4,7-5,1 МПа; суды сіңіру – 2,1%, су өткізбеушілігі – W 6-8; аязға төзімділігі F 200-250 гидротехникалық бетондар алынды.

Тірек сөздер: портландцемент, ұлпа күл, суперпластификатор, гидрофобты қоспа, базальт талшығы, гидротехникалық бетон, беріктік.

Сағындықов, А.А. Ұлпа күлден жасалған композициялық байланыстырғыш заттар мен гидротехникалық бетондардың технологиялық және физика-механикалық қасиеттері [Мәтін] / А.А. Сағындықов, Ж.Е. Ескермесов, Г.М. Баялиева, С.К. Нурпеисов, А.Б. Тұрмаханбетова, Н.Т. Қарабаев //Механика және технологиялар / Ғылыми журнал. – 2024. – №4(86). – Б.230-237. https://doi.org/10.55956/MKAH7463

Кіріспе. Гидротехникалық бетонның құрылымы мен қасиеттерін оңтайландыру мәселесін шешу үшін оларды өндіру процесінде пайдаланылатын клинкерді басқа пайдалы минералдармен ішінара ауыстыра отырып, композициялық байланыстырғыштарды жасауға болады, тиімділігі:

– өндірілген 1 тонна цементке қажетті табиғи ресурстар (отын және шикізат) мөлшерін азайту;

– өндірілген цементтің 1 тоннасына парниктік газдардың (CO_2) шығарындыларын азайту;

– техногендік (отын, металлургия өнеркәсібінің қалдықтары және т.б.) және табиғи (табиғи пуццолан, әктас және т.б.) минералдық компоненттерді пайдалануды кеңейту;

Композициялық байланыстырғыштар технологиялық және арнайы сипаттамалардың кең ауқымымен бағытталған қасиеттері бар құрылыс композиттерін жасауға мүмкіндік береді [1-3]. Композициялық байланыстырғыш заттардың жаңа буынын қолдану айтарлықтай артықшылықтар береді:

– ерітінді және бетон қоспаларының қасиеттерін тұрақтандыру (жоғары біртектілік, жақсартылған реология және т. б.);

– композиттің біркелкі микроқұрылымын, ұсақ кристалды құрылымын қалыптастыру үшін алғы шарттар жасау, кеуектіліктің төмендеуі, жоғары сығу беріктігі, гидратациядағы төмен жылу бөлінуі, жоғары жарықшаларға төзімділік.

Технологиялық әдістер мен тәсілдер (жаңа шикізат базасын пайдалану, ұнтақтау, компоненттерді қарқынды араластыру, химиялық қоспаларды қолдану және т.б.) әдеттегі бетондарға қарағанда цемент шығыны айтарлықтай төмен, тиімді композициялық байланыстырғыштарды алуға мүмкіндік береді [4].

Зерттеу шарттары мен әдістері. Бетонның қасиеттері мен құрылымы ЦЕМ II 42,5 Н класты портландцемент (өндіруші «Жамбыл цемент» ЖШҚ (МССТ 31108-2016), ірілік модулі 2,5 ұсақталған еленділер («Үш бұлақ» ААҚ жеткізушісі; МССТ 8736-2014), 5-20 мм гранитті қиыршық тас; дисперсті күшейткіш қоспа – туралған базальт талшығын (ЖШҚ «ИнРеС»; ТШ 5952-002-13307094-08) пайдаланылып зерттелді. Кешенді модификатор ретінде «Полипласт СП-1» («Полипласт» ЖШҚ) және «Гидромакс» гидрофобты қоспасы («Полипласт» ЖШҚ; ТШ 9365-002-46270704-2001) қолданылды.


«Полипласт СП-1» қоспасы – әртүрлі молекулалық салмақтағы полиметиленнафталинсульфо қышқылдарының натрий тұздарының қоспасы. Қоспа екі түрге бөлінеді: нормаланбаған ауаны енгізу және ауаны басатын компонент қосылған кезде – төмен (нормаланатын) ауаны енгізуді қамтамасыз ететін (ВП түрі).

«Гидромакс» – ашық-сұр түсті гидрофобты пластификациялаушы құрғақ ұнтақ.

Екібастұз ГРЭС ұлпа күлі – қатты отынның минералды бөлігінен түзілетін құрғақ жұқа дисперсті шаңды, төмен кальцийлі, полидисперсті материал, меншікті беті 300 $м^2/кг$, орташа тығыздығы 1200 $кг/м^3$, шынайы тығыздығы 2008 $кг/м^3$, үйінді тығыздығы 980 $кг/м^3$, ылғалдылығы 0,59% құрайды.

Күлдің көп бөлігі тегіс шыны тәрізді беті бар, әр түрлі іріліктегі шыны тәрізді бөлшектерден (өлшемі 1-40 мкм), беті дамыған, кеуекті полидисперсті анизометриялық бөлшектерден тұрады, пластина, дұрыс емес және бұрышты пішінді-қабатты құрылымды. Күлдің құрамында: аморфты SiO_2 және $A1_2O_3$, алюминий силикатты шыны бар. Күлдің химиялық құрамы, мас. % SiO_2 64-65; Al_2O_3 23-24; $Fe_2O_3$5-6; CaO 2-3; MgO 0,7-0,8; R_2O 0,5-0,7.

Алынған нәтижелер ұлпа күлдің құрамында кремний оксиді SiO_2 (58,6%) мен алюминий оксидінің $A1_2O_3$ (24,3%) жоғары болуымен сипатталатынын көрсетеді. Ұлпа-күл аморфты және кристалды компоненттерді қамтитын бейорганикалық және органикалық фазалардан тұрады. Аморфты құраушы муллитті құрамды шынысынан, жалған аморфты күйдегі кремний мен алюминий оксидінен құралған. Кристалдық фаза кварцтың бірнеше түрлі модификацияларымен (SiO_2) ұсынылған, олар табиғи модификациялардан кристалдық тор параметрлерімен ерекшеленеді (d=4,29; 4,12; 3,36; 2,46; 2,29; 2,13; 1,98; 1,82; 1,68...А) (1-сурет).




Сурет 1. Экібастұз ГРЭС ұлпа күлінің рентгенограммасы

ДТА қисығында 695ºС-та эндоэффект, сондай-ақ отынды жағу кезінде пайда болған кристалды өсінділер: муллит, кальций алюминаты және т.б. көрсетілен (2-сурет).

РФА нәтижелері бойынша зерттелген ұлпа күлінде $Ca(OH)_2$-мен өзара әрекеттесетін, кальций гидросиликаттарын қалыптастыру үшін, олардың гидромеханикалық белсенділігін сипаттайтын, рентген-аморфты элементтердің едәуір санын қамтитыны анықталды.

Ұнтақтау нәтижесінде күлдің реактивті белсенділігінің жоғарылауы кристаллдар құрылымындағы ақаулардың жоғарылауына және кристалдық фазадан аморфты фазаға ішінара өтуіне әкеледі, бұл олардың реактивтілігін арттырады.

Майда ұнтақталған күл құрамындағы кремний оксидтерінің жоғары мөлшері әдеттегі температурада алитті ылғалдандыру кезінде бөлінетін $Ca(OH)_2$-нің қалыпты температурада C-S-H типті кальций гидросиликаттарын түзуіне ықпал етеді, яғни олар пуццоланды белсенділікке ие және оларды гидротехникалық бетондар өндірісінде қолдануға болады.



Сурет 2. Ұлпа күлдің ДТА қисықтары

Композициялық байланыстырғыштар (КБ) құрамындағы белсенді минералды қоспа болатын ұлпа күлді қолданудың тиімділігін анықтаудың ең сенімді әдісі қоспалармен бірге байланыстырғыштардың физика-механикалық көрсеткіштерін анықтау болып саналады, бұл күлдің клинкер минералдарымен жанасу жағдайларын және олардың арасындағы процестерді модельдейді [1-3].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. КБ құрамындағы ұлпа күлдің оңтайлы мөлшерін анықтау үшін портландцементтің мөлшерін 90%-дан 60%-ға дейін, ал күлдің мөлшері 10%-дан 40%-ға дейін өзгерген

құрамдар дайындалды. Ұлпа күлдің гидравликалық қасиеттерін жақсарту үшін оларды ұсақтау керек екені белгілі. Қарқынды ұнтақтау процесінде гомогенизациямен қатар қоспаның компоненттері белсендіріледі, бұл одан әрі алынған композициялық байланыстырғыш заттың физика-механикалық және технологиялық қасиеттеріне оң әсер етеді. Байланыстырғыш компоненттерді бірге ұнтақтау бір уақыт ішінде жүзеге асырылды. Ұнтақтаудан кейін байланыстырғыш заттың меншікті беті анықталды.

Байланыстырғыш затты сумен және онда ерітілген СП-1 суперпластификаторымен (цемент массасынан 0,5-1,5% мөлшерде) араластыру арқылы 3×3×3 см өлшемді кубиктер және 4х4х16 см өлшемді арқалықтар дайындалып, дірілдету үстелінде нығыздалды. Әрбір композиция үшін судың қатты қатынасы (С/Қ) 0,25-0,27 аралығында өзгерді. Бір тәуліктен кейін үлгілер қалыптан босатылып, ылғалды жағдайда 28 тәулік ұсталды. Сонан соң КБ үлгілері сынақтан өтті, олардың нәтижелері 1-кестеде келтірілген.

КБ құрамында ұлпа күлдің мөлшерін арттырып (1-кесте), қатайтылған үлгілерді сығу кезіндегі беріктік шегінің 40,1 МПа-дан 35,2 МПа-ға дейін төмендеуі байқалады. Әрі қарай зерттеулер цементті ең көп үнемдейтін цемент 60%: ұлпа күл 40% құрамында жүргізілді. Алынған нәтижелер күлдің пуццоландық белсенділігін растайды.

КБ физика-механикалық қасиеттерін жақсарту үшін суперпластификатор (СП) (цемент массасының 0,5-1,5%) қолданылды, бұл олардың пластикалық күйде және қатаю процесінде құрылым түзуін басқару мүмкіндігін қамтамасыз етеді. СП тиімділігі қалыпты қоюлықтағы цемент ерітіндісінің су қажеттілігінің төмендеуін көрсетті.

Кесте 1

СП-1 суперпластификаторы бар композициялық байланыстырғыштардың құрамы және физикалық-механикалық сипаттамалары

№	Құрам, %			ҚҚ, %	Ұстасу мерзімі (басы/соңы), мин	Беріктік шегі, МПа	
	ПЦ	күл	СП-1			7 тәулік	28 тәулік
1	100	-	-	25	30/185	27,5	40,1
2	90	10	-	25,5	31/187	25,4	38,2
3	80	20	-	26	32/188	24,3	37,3
4	70	30	-	26,4	33/189	23,5	36,1
5	60	40	-	27	35/191	21,4	34,2
6	60	40	0,5	25,4	29/183	24,5	37,3
7	60	40	1,0	24,2	28/182	25,9	39,5
8	60	40	1,5	23,7	27/181	27,6	41,1

Жүргізілген сынақтардың нәтижесінде (1-кесте) анықталды:

